

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:*

*Бірі - тіл, бірі - ділің жүректегі.*

**Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.**

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

«Білім және  
Ғылым»  
жауапкершілігі  
шектелулі  
серіктестігінің  
ай сайын  
шығатын  
республикалық  
ғылыми -  
педагогикалық  
журналы

**Казахский язык и литература  
в русской школе**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БАСЫЛЫМ

2001 жылдың  
қаңтар айынан  
бастап шығады

**11/2012 ҚАРАША**

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ

## ***АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:***

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан  
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза  
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,  
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга  
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш  
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

*Мұғалімдерге көмек*

Бейбіт ИСХАН.	Ақпараттық технологияны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолданудың тиімділігі.....	3
Бақытхан ЖАҚЫПОВА.	Өзге тілді оқушыларға мемлекеттік тілді меңгертудің жолдары.....	10
Уалия ХАБИБОЛЛАҚЫЗЫ. Гүлнәр ЖАҚИЯНОВА.	Тілді дамытуды қолдана білу мәселесі.....	25
Әлия ҚАДЫРБАЙҚЫЗЫ.	Көрнекі құралдарды пайдалану туралы.....	30
Жібек АЙТЖАНОВА.	Күнтізбелік-тақырыптық жоспар үлгісі.....	32
Күләш ШАЙДАЗЫМҚЫЗЫ.	Құзыретті білім беру арқылы оқушылардың тілі мен ойын дамыта білу ұтымды.....	37
	Сабақ жоспары - мұғалімнің басты құралы.....	57

*Педагог пайымы*

Айнұр ЕРДЕНОВА.	Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» романындағы тарихи шындық.....	70
-----------------	--	----

*Білім негізі - бастауышта*

Сәуле ӘУЕСБАЕВА.	Көктемге қатысты шығармашылық жұмыс түрлері.....	77
Нүрилә СӘДЕНОВА.	Мектеп тақырыбының сөздік қоры.....	81

*Тарихи тұлға*

Айжан АБДРАСИЛОВА.	Тәуелсіздік жолындағы Тұрар Рысқұлов тағылымы.....	86
--------------------	--	----

*Әдістеме әлемінде: қазақ тілі*

Гүлжанар СЕРІКҚЫЗЫ. Индира САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ.	Күз айларындағы жаңа сөздер.....	94
	Қазақстан Республикасы танытқан тәуелдік жалғаулары.....	97
Әлия ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ.	Келер шақта - көне қалалар.....	101
Жадыра МАКСИМҚЫЗЫ.	Төл сөз бен төлеу сөз.....	106
Райхан ДӘУЛЕТҚАЛИЕВА.	Септеулік шылаулар сөйлетеді.....	108
Бақыт ЗЕЙНІЛҒАБИДЕНҚЫЗЫ.	Ежелгі қалалар қонағы - қарсылықты салалас.....	113
Нұржамал ЖАЛМАҒАМБЕТОВА.	Мектеп өмірі - тілдік орта.....	119

*Сыныптан тыс сабақ*

Қызғалдақ НҮРҒАЗЫҚЫЗЫ.	Тілге құрмет сөйлеу шеберлігінен байқалады.....	123
Айгүл БЕКҚҰЛИЕВА.	Логикалық ойлау объектісі - Тәуелсіз Қазақстан.....	130

*Классный час*

Шолпан ТАБЫНБАЕВА.	Культура и быт казахского народа.....	138
--------------------	---------------------------------------	-----

Бейбіт ИСХАН,  
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың  
доценті, ф.ғ.к., Әдебиеттану және  
тіл білімі ғылыми-зерттеу  
институтының қызметкері.

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әрбір жеке тұлғаның қоғамның сан салалы еңбек майданында өзінің игерген кәсібiне, мамандығына сәйкес еңбек етiп, қызмет iстеуi, өзiн саяси тұрғыдан еркiн сезiнуi отандық бiлiм беру жүйесiмен етене байланысты екенi анық. Көп жағдайда сапалы бiлiм алып, дәстүрлi тәрбие көрген азаматтардың өз Отанын саналы түрде сүйiп, өз елiнiң бай да даңқты тарихына, оның жарқын болашағына сенiммен қарап, оған өзiнiң де қатысы бар екенiн мақтанышпен сезiне алатынын қазiргi уақыттың алдыңғы қатарлы өркениеттi мемлекеттерiнiң iс-тәжiрибесi, өнегелi дәстүрi көрсетiп отыр. Сол себептен елiмiздiң бүгiнгi күрделi мәселелерi де, жарқын келешегi де ендiгi уақытта оның өркендеп дамуына қажеттi сапалы бiлiм алып, ұлттық дәстүрлi тәлiм-тәрбие көрген жас мамандарға байланысты екенiн қазақ қоғамы терең пайымдай бастады.

Мәселен, мектеп – жеке тұлғаның қалыптасатын жерi екенi баршаға аян. Ол – жас ұрпаққа бiлiм бұлағынан нәр алып, базалық бiлiм жинақтауды негiздеп қана қоймай, одан әрi бiлiм алуына бағыт-бағдар бередi, болашақ рухани дамуына негiз қалайды, өмiрлiк тәжiрибелер мен машықтарды үйретедi, өз Отанына деген сүйiспеншiлiк сана-сезiмiн оятады. Демек, жас ұрпақтың ел-жұртына деген

сана-сезімін қалыптастырудың бір жолы – білім беру мен тәрбие ісін бір-бірімен ұштастыра жүргізуде жатыр.

Ұлтымыздың тілі мен ділін, таным-түсінігін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерін, мәдени-әдеби рухани құндылықтарын насихаттап, солар арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәні орасан зор қызмет атқарады. Әлбетте, жас ұрпаққа түрлі деңгейлік білім ошақтарында сапалы білім беріп, елжандылыққа тәрбиелеуде қазақ тілі мен әдебиеті пәнімен қатар қоғамдық-гуманитарлық пәндердің де, атап айтқанда, тарих, философия, педагогика, психология, мәдениеттану, саясаттану, әлеуметтану секілді т.б. пәндердің де маңызы ерекше. Дегенмен, тіл мен әдебиет пәні қоғамдық-гуманитарлық басқа пәндерден гөрі жас ұрпақтың таным-түсінігін кеңейтуде көркем-эстетикалық тұрғыдан тереңірек әсер етіп, олардың отаншылдық сана-сезімдерін ұлттық рухани құндылықтар негізінде қалыптастырады. Мәселен, атамекенге деген іңкәр сезім көркем әдебиеттің әр тегінің түрлі жанрларында көркем бейнелер, көркем суреттеулер арқылы беріліп, жас ұрпақтың көркем-эстетикалық талғамын, ой-өрісін кеңейтеді. Мысалы, қазақ халқының эпостық жырларындағы батырлар бейнесі, олардың ел-жұрт үшін жан қиярлық ерліктері және солардың жоғары пафоста суреттеліп дәріптелуі жақын-жұрағаты мен атамекеніне деген сүйіспеншілік сана-сезімі енді-енді оянып, қалыптасып, өркендеп өсіп келе жатқан ұрпақтың намысын жігерлендіріп, ерлік іс-әрекеттерге жетелейтіні сөзсіз.

Демек, жақын-жуыққа, туыс-жұрағатқа, өскен ортаға, туған жерге деген сүйіспеншілік сана-сезім көркем әдеби шығармаларда поэтикалық, көркемдік-эстетикалық жолмен беріледі. Сондықтан да жастар бойындағы елжандылық сана-сезімді оятып, оны берік қалыптастыруда ұлтымыздың ертегілері мен аңыз-әңгімелерінің, дастандары мен

жырыларының, мақал-мәтелдері мен нақыл сөздерінің, қазақ ақын-жазушыларының романдары мен повестерінің, өлеңдері мен поэмаларының, т.б. берері мол.

Көркем әдебиет жанрларының ішінен өз еліне деген іңкәр сезімді, ыстық махаббатты дәріптеудің аса бір айқын көрінетін жанры – нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер болып келеді. Мәселен, «Отан – отбасынан басталады», «Отан – оттан да ыстық», «Ел болам десең, бесігіңді түзе», «Береке басы – бірлік», «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне үйір», «Бөтен елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол», «Көппен көрген – ұлы той», «Бірліксіз тірлік болмас», «Ынтымақ болған жерде ырыс болады», «Еліңді құрметтеу – өзіңді сыйлау деген сөз» деген сияқты т.б. көптеген мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздер жас ұрпақты туған жер, атамекен, қоршаған ортаны сүйуге тәрбиелейді. Сондықтан да жас ұрпақты отаншылдыққа, елжандылыққа баулып тәрбиелеуде тіл мен әдебиет пәнінің және оны оқытып-үйрететін пән мұғалімдерінің жөні бөлек екенін ескере отырып, осы пәндерді заман талабы мен өмір қажеттілігіне қарай дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар заманауи жаңа технологиялардың көмегімен жаңаша оқытып-үйретуге қазіргі кезде, әсіресе, соңғы онжылдықта аса мән беріле бастады.

Заманауи технологияларға негізделген білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында пайдалану оқушы-студенттердің әлемдік бәсекеге қабілетті маман, ізгілік пен адамгершілік қасиеттерді бойына жинаған өзіне сенімді тұлға ретінде қалыптастыруда мәні зор. Бұл технология өскелең ұрпақты оқыту мен дамыту сапасын арттыруға үлкен мүмкіндік беріп қана қоймай, адамгершілігі мол, рухани жан дүниесі таза, имандылығы жоғары, ізгілікке жаны құштар кемел азамат етіп тәрбиелеуде де үлкен рөл атқарады. Өйткені кез келген білім алушының, соның ішінде

филология факультеті студенттерінің өз заманына лайықты нағыз майталман маман болып қалыптасуы дәстүр мен жаңа технологияларды бір-бірімен үйлестіре отырып, жетік меңгеруде жатыр.

Ақпараттық-қатынастық технологиялар кең қолданыста тапқан қазіргі кезеңде оқыту үдерісіне осы технологияларды белсенді енгізу – заман қажеттілігінен туындап отырған заңды талаптардың біріне айналды. Айталық, ғаламтор қорлары мұғалім-оқытушыға ғана емес оқушы-студенттерге де мол мүмкіндік береді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалім-оқытушыларының басқа пән иелерінен айырмашылығы – руханият мәселелеріне аса көңіл бөлуі, оқушылар мен студенттерді тілдік, көркем әдебиеттік білімі мен көркем-эстетикалық талғамы жетілген шығармашыл тұлға ретінде дамыту екені ақиқат. Осы міндеттерді шешуде, ең алдымен, түрлі мәтінмен, әсіресе, көркем мәтінмен жұмыс істеу бірінші кезекте тұрады, алайда сабақ анық та қанық, жетімді де әсерлі өтуі үшін мультимедиялық технологиялардың мүмкіндігі шексіз. Осы мүмкіндікті оңтайлы да тиімді пайдалана білу үшін филолог-педагог мамандардың компьютерлік техниканы және қандай да болсын электронды құрал-жабдықтардың түрімен жұмыс істей алуды жетік білуі өте қажет.

Компьютермен дұрыс ұйымдастырылған жұмыс білімгерлердің танымдық және қарым-қатынастық (коммуникативтік) қызығушылығын арттырады, тіл мен әдебиет материалдарын өз бетімен түсініп меңгерулеріне септігін тигізеді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардың соңғы онжылдығында өскелең ұрпақтың зерттеушілік, шығармашылық дағдыларын дамыту, жоғары деңгейде дамыған ақпараттық қоғамға лайықты тұлға етіп тәрбиелеу мақсатында ақпараттық-коммуникативтік технологияларды (АКТ) оқу-

тәрбие үдерісінде үнемі қолданып келеміз. Компьютерді сабақтың барлық кездерінде: түсіндіруде, бекітуде, қайталауда, бақылауда қолдану білім сапасын арттыра түсетіні тәжірибеде дәлелденуде. Мәселен, жаңа сабақ тақырыбын түсіндіргенде түрлі оқыту бағдарламаларымен қатар оқушылар мен студенттердің өз бетімен орындаған материалдарын қатыстырамыз. Осы кезеңде АКТ-ны қолдану барысында білім алушының психологиялық және жас ерекшелігі ескеріліп, олардың әрбірінің өзіндік қабылдауының жетекші арнасына сай (аудиал, киестет, визуал) тапсырманың қолайлы түрін таңдауға мүмкіндік беріледі. Бекіту және қайталау кезеңдерінде бақылау жүргізуге компьютерлік тестілер ыңғайлы. Өйткені қағазға басылған тестіден гөрі, мониторға шығатын тестілерді орындау білім алушыға қолайлы әрі қызығырақ.

Берілген білімді тест арқылы бағалау-бақылау мұғалім-оқытушылардың да, оқушы-студенттердің де уақытын үнемдейді, білім алушының өзін-өзі бағалауына мүмкіндік береді. Сондай-ақ тестілік бақылау нәтижені әділ, тура (объективті) бағалаумен ерекшеленеді. Әр білімгер өз шамасына қарай жұмыс істеп, бағасын бірден алады. Жауабын көруге, жіберілген қателерінің санын білуге мүмкіндік алады. Материалды қаншалықты терең меңгеріп игергенін анықтайды. Қанағаттанарлықсыз нәтиже студентті (оқушыны) курсты немесе кейбір тапсырмалар мен сұрақтарды қайталауға, нақтылауға мәжбүр етеді, яғни, олардың өзін-өзі бақылау-бағалау дағдылары жетіле түседі. Әлбетте, әрбір студент бойына өз білімін, таным-түсінігін жүйелі баяндап, көркем жеткізу дағдыларын қалыптастырудағы олардан ауызша емтихан-сынақ алудың өзіндік маңызы зор екені даусыз.

Жалпы, еліміз бойынша қолға алынып жатқан қазіргі бағдарлы білім ұстанымдары оқытудың жаңа жолдары

мен әдіс-тәсілдерін, сан алуан амалдарын талап етеді. Мәселен, жобалау іс-әрекеті электронды және дәстүрлі оқу материалдарын үйлесімді ұштастыруға мүмкіндік береді. Жаңашыл АКТ-ны пайдалану дәстүрлі әдіс-тәсілдермен шешілмейтін педагогикалық жағдаяттарды айқындауға көмектеседі. Мәселен, әдебиет сабағындағы электронды құрал-жабдықтарға негізделіп, АКТ-ның көмегімен орындалатын жобалық әдіс кез келген ақын-жазушының туындысын игеруге түрткі бола алады. Бірінші кезеңде студенттер өздері қалаған бір ақын-жазушыны таңдап алып, оның өмірбаянын зерттеп-зерделейді, қажетті деген деректерді таңдап алады немесе ондай жұмыстарды топтарға бөлініп те орындады. Өмірбаян деректерін баяндау жеткіліксіз, қаламгердің немесе шығармашыл тұлғаның (жыршы, жырау, т.б.) бейнесін жаңғыртып, оның идеялық-тақырыптық ізденісін, өзіндік шығармашылық ерекшелігін (стилін) анықтау қажет. Компьютерлік жоба сабақтарын пән бағдарламасы аясында, яғни, бөлінген сағат пен мерзімге орай, бір-екі рет өткізіп тұрған жөн. Жоғары курс студенттері зерттеуге авторларды өздері таңдағаны дұрыс. Жұмысты орындау мерзімі мектептерде бір тоқсанға, ал ЖОО-да бір семестірге шамаланады. Әлбетте, бұл мерзім шартты түрде алынып отыр.

Әр студент немесе топ зерттеу жоспары мен бағдарламасын дайындайды, мақсат-міндеттерін айқындайды. Мысалы, М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын зерделегенде жазушының өзі құрастырған өмірбаяннан мынадай сұрақтарды іріктейді:

1. Неліктен өз өмірбаянында жазушы жас шағына көңіл бөлген?

2. Жазушы өмірінде Абай Құнанбайұлы, Ахмет Байтұрсынұлы қандай орын алады?

Бұдан кейін студент (топ) өз бетімен жұмыс орындайды. Бұл кезеңде оқытушы кеңесші ролін атқарады. Студенттер



Ғаламтор желісін пайдаланып жұмыс істеп, дереккөздерді зерделейді, егер ғаламтордан жеткілікті мөлшерде мәлімет-ақпарат жинақтай алмаса, кітапхана қорына жүгініп, жазушы замандастарының естеліктерін, басқа да қосымша әдебиеттерді оқиды. АКТ нәтижені көрнекі беруге, нақты бір мәселені талқылауға басқаларды да тартуға мүмкіндік береді.

Ғаламтор желісін пайдалану студентті алынған ақпаратты жинақтауға, талдауға, көрсете білуге машықтандырып, белгілі бір шығармашылық (жазушылық, ақындық, зерттеушілік, сыншылық, т.б.) дағдының қалыптасуына негіз қалайды. Оқу, білім алу тиімділігінің жаңа түрі (типi) қалыптасады, яғни, қысқа мерзімде көлемді материалды меңгеруді үйретеді. Жобаның қорытындысында ғылыми-практикалық конференция, пікірсайыс (дискуссиялық) клуб отырысын, компьютерлік көрсетілім (презентация) ұйымдастырып өткізуге болады.

М.Әуезовтің немесе басқа да ақын-жазушылардың, шығармашыл тұлғалардың өмірі мен шығармашылығын зерделеу сабағына Power Point бағдарламасының көмегімен компьютерлік көрсетілім жасаған жағдайда, сабақ психикалық тұрғыдан жеңіл өтеді, себебі компьютерлік көрнекілік жетімді де жедел (эмоционалды-экспрессивті) қабылдауға оң әсерін тигізеді. Мұндай материал ЖОО-ның медиа қорын байытып, студенттерге өз еңбегінің жемісін шынайы көруіне мүмкіндік туғызады және бұл нәтижелерді басқалар да қолдана алады. Ал Microsoft Publisher бағдарламасы газет, журнал, буклет, ақпарат бетшелерін дайындап шығаруға ыңғайлы.

Міне, осылайша АКТ қолдану арқылы тұлға қалыптастырудың бағдарлы оқыту жүйесін іске асырып, студенттерді жоғары технологиялы ақпараттық ортада өмір сүруге дайындауға болады.

## ӨЗГЕ ТІЛДІ ОҚУШЫЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Бастауыш сынып оқушыларына тілді үйрету мұғалімнің оқыту әдіс-тәсілдерін тиімді таңдай білуіне тікелей байланысты. Білім негізі бастауыш сыныпта қаланатын болғандықтан, оларға жас ерекшеліктеріне лайықты жүк арттып, мемлекеттік тілді меңгертуде әр түрлі жұмыстар істелуі керек.

Қазақ тілінің дыбыстық құрамы мен айтылу ерекшелігін оқытудың әдістемесін жете біле отырып, оқушыларды қазақша сөздерді дұрыс айтуға үйрету керек. Алдымен жеке сөздерді үйрете отырып, мұғалім бірте-бірте балаларға ол сөздерді сөйлем ішінде дұрыс қолдануға, яғни, сөйлемді дұрыс құрай білуге үйретеді. Осылайша бала бірте-бірте сөздік қорын молайта отырып, ойын қазақша айта білуге талпынады.

Тіл үйретудің қай сатысында болмасын тіл білімі салаларын жеке-дара үйрету мүмкін емес. Өйткені тіл білімі бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше саладан тұратыны белгілі. Сондықтан фонетиканы меңгерту арқылы сөздерді дұрыс айтқызуды меңгертсек, лексика арқылы сөздік қорын молайтамыз, ал грамматика арқылы сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстыра білуге үйретеміз.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде мемлекеттік тілді үйрету үшін оқушыларға әр сыныпта тілдің белгілі

бір шамадағы сөздік қорын меңгерту, сол сөздерді дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдыландыру жұмыстарын тиімді ұйымдастыру керек. Мұғалім алдында отырған әр оқушының ерекшеліктерін жете зерттей отырып, оқушының өзіндік танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған білім беруде жеке оқытудың дамуын көздейді. Ол баланың жеке білім алуымен, біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуымен байланысты болып келеді. Сондықтан әр оқушының қабілеті мен шығармашылық мүмкіндігін анықтай отырып, әрі қарай дамыту мұғалім шеберлігіне байланысты болып келеді.

Л.Н.Толстой: «Балаға үйренген сөзін қолдана білуіне жағдай туғыза білу керек. Үйренген сөзін өзінің ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, ол оның жеке меншігіне айналады», – деген болатын.

Қазіргі таңда біздің мемлекетіміз заман талабына лайықты біліммен қаруланған, мемлекеттік тілде еркін сөйлей алатын, өз ойы мен пікірін қазақша еркін жеткізе алатын, Отанымыздың тарихын, салт-дәстүрін, мәдениеті мен әдебиетін терең білетін білімді тұлғаны, еліміздің саналы азаматтарын даярлауды мұғалімдерден күтеді.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық бәсекелестік білімділік деңгейімен анықталады.

Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет, – дей отырып, – Жаңа формация мұғалімі жоғары білімді шығармашыл тұлғаны қалыптастырып дамыту үшін жауапты» деп, мұғалімдерге зор міндет жүктейді.

Шәкіртті ізденуге, білімді меңгере білуге, қызыға білуге баулу – әрбір мұғалімнің азаматтық парызы. Ендеше, сабақты қалай пайдалы, қызықты өткізуге болады? Заманға лайықты білімді, тәрбиелі жас буынды қалай қалыптастыру

керек?

Мұндай сұрақтың жауабы тағы да мұғалімнің жан-жақты ізденісіне алып келеді.

Яғни, әр мұғалім өз шеберлігін қалыптастыруы керек. Ол дегеніміз – енді «ескі сүрлеумен», тек ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дәстүрлі сабақ беру жолымен жүре беруге болмайтындығы. Қазіргі таңда қоғам мен ғылым ғарыштап алға дамыған кезеңде білім беру саласында да инновацияны белсенді қолдану, педагогтың жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді өз сабағында кеңінен қолдана отырып, сабақты жаңаша жүргізе білуге қол жеткізуі – заман талабы. Инновация дегеніміз – жаңалық енгізу, жаңалық әкелу. Оқытудың инновациялық әдістері – оқу материалын игерту үрдісінде белгілі бір практикалық жаңа әдіс-әрекетте «мұғалім-оқушы» өзара әрекетінің тәсілдерін сіңірген оқыту әдістері.

Бүгінгі таңда оқыту технологияларының тиімді әдіс-тәсілдерін зерттеуші шетелдік ғалымдармен қоса отандық ғалымдарымыздың да бұл салаға қомақты үлес қосып отырғандығын айтуға болады. Олардың оқыту технологиясы туралы еңбектері елімізде білім беру саласында қолданысқа еніп, жақсы нәтижелер беруде.

Атап айтар болсақ:

1. М.М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы»;
2. Ж.Қараевтің «Оқытудың педагогикалық технологиясы»;
3. Ж.Кобдикованың «Үш өлшемді әдістемелік жүйесі», т.б.

Тіл үйретуде әр түрлі технологияларды қолдана отырып, әр мұғалім өзінше жұмыс істейді. Бастауыш сыныпта өзге тілді оқушыларға тіл үйретуде М.Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясы» кеңінен қолданылып

келеді. Бастауыш сыныпта балалардың сөздік қорын молайту, грамматиканы меңгерте отырып, сөйлемді жүйелі құру мен ауызекі сөйлеу тілін дамытуда бұл технологияның тиімділігін айтпай өтуге болмайды.

Әдетте, әр жаңа сабақта жаңа сөздерді таныстыра отырып, оны қолданысқа енгізу жолында түрлі жұмыстар жүргізледі. Алдымен әр оқушының жаңа сөздерді дұрыс айтып үйренуіне көңіл бөлінсе, содан соң жаңа сөздер арқылы сөз тіркесі, сөйлем құрау қолға алынады. Оқулықта берілген сөздер арқылы сөздік қорды молайту жеткіліксіз. Сондықтан осы сөздердің синонимін, антонимін, омонимін, т.б. қоса үйрету міндеті алға қойылады. Мысалы, «Алма бағы» деген тақырыптағы жаңа сөздер мыналар:

- |                      |                      |
|----------------------|----------------------|
| 1. бақ – сад;        | 5. салма – не ложи;  |
| 2. суару – поливать; | 6. салды – положил;  |
| 3. жәшік – ящик;     | 7. күту – ухаживать. |
| 4. сал – положи;     |                      |

Мынандай мәтін берілген:

*Мектептің үлкен бағы бар. Онда әр түрлі жеміс ағаштары өседі.*

*Жазда ағаштарды күттік, суардық. Күзде алма пісті. Біз алманы жинадық, жәшіктерге салдық. Алма – тәтті жеміс.*

Жаңа сөздермен таныстырып, ол сөздерді алдымен мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды. Жеке-жеке бірнеше оқушы оқып, аудармасын айтады, сөз тіркесін, сөйлем құрастырады. Интерактивті тақтадан бақтың және жемістердің суреті көрсетіле отырып, ауызша жұмыстар жүргізіледі. Алдыңғы сыныптарда осыған байланысты өтілген тақырып бойынша қандай жемістермен көкөністерді білетініміз еске түсіріледі. Алманың өзін немесе муляжын көрсете отырып, оның дәмі, көлемі қандай болатыны сұралады. Осыдан соң мәтінді

бірлесіп отырып оқып, (мұғалім оқиды, оқушылар топпен қайталайды) таныс емес сөздер кездесе, белгілеп отыру тапсырылады. Бұл сөздерді тақтада жаздырып, аудармасы таныстырылады. Оқушылар аударма алмаса, мұғалім өзі аударып, тақтада жазады, оқушылар сөздік дәптерге жазып, жаңа сөздер қатарын толықтырады. Содан соң балалар мәтіндегі сөйлемдерді тізбектей оқи отырып, аударып алады. Соңынан әр сөйлемнен қиын деп санаған сөздерді балалар дәптерге теріп жазады. Оларды әдетте тірек сөздер деп атап, оқушылар тақтада жазып көрсетеді. Осы сөздерге көңіл аударта отырып, мәтіндегі сөйлемдер бойынша сұрақ қойылады. Бұл жерде сұрақты түрлендіріп қою баланың сөйлеу тіліне, сөздік қорының молаюына мүмкіндік береді.


Сұрақтар:

1. Мектептің жанында не бар?
2. Бақта не өседі?
3. Қандай жеміс ағаштары болады?
4. Жазда жеміс ағаштарын кім күтеді?
5. Күзде не піседі?
6. Күзде оқушылар не істейді?
7. Алма қандай жеміс?

Алдымен балалар бір-бірлеп жауап береді. Мәтінді сұрақтармен бірге тағы бір оқып, тірек сөздер көмегіне сүйене отырып, тұтас әңгімелеп шығуға тырысады. Соңынан оқушылар толықтырушылар өз тілектерімен мазмұндаушының қате тұстарын түзетеді.


Бұл бақта қандай жеміс өсетіндігіне көз жеткізген соң, алма суретін көрсете отырып, оған сипаттама бергіземіз. Тақтада алма суреті тұрады. Оның айналасына сызықтар жүргізу арқылы, алманың қандай жеміс екендігін оқушылардың өздеріне дәлелдетеміз. Олар әр сызықтың тұсына өздері білетін сөздерді жазу арқылы алмаға

толықтай сипаттама беріп шығады. Қазіргі сабақ талабы бойынша мұғалім тек бағыт-бағдар беріп ұйымдастырып отыратын адам болғандықтан, ол алмаға сипаттама бергізгенде оның түсі, көлемі, дәмі, күйі (қатты, жұмсақ екендігі) туралы айту керектігін ескертіп отырады. Осы тұста топты екіге бөліп, жарыс ұйымдастыруға да болады. Ең соңында мынандай кесте пайда болады.



Алғашында балалардың жауап беру мүмкіндігіне қарай бірлесе отырып, шағын кесте жасатып, оның аумағын кеңейтуді үйге тапсырма ретінде беруге болады. Немесе жемістің бір түрін үлгі ретінде көрсетіп, әр оқушы жеке өздеріне ұнайтын жеміс суретін салып, сол жеміс туралы айтуына болады. Сабақ тақырыбына қарай сипаттама беретін сөздер ауыстырылып отырады.

Жалпылама жеміс бағының суретін сала отырып, онда өсетін жеміс аттарын да осылайша жасатуға болады. Бақта адамдар қандай жұмыстар істейді деген сұраққа жауап талап етіліп, етістіктер арқылы да кесте құратуға болады. Оны былай да жазғызуға болады:



Үйге тапсырма ретінде бақтың суретін салып, олар туралы мәтін құрауға тапсырма береміз. Балалар суретті сала отырып, меңгерген сөздерді қатыстыра отырып, сөйлемдер құрайды. Бала өз суретіне қарай отырып, сөйлем құрауда қазақша-орысша сөздікті пайдалануды үйренеді. Әдетте үй тапсырмасын беруде бала қабілетін ескереміз. Тіл үйренуге бейім оқушылар сурет бойынша мәтін құрап, оны ауызша айтатын болса, кейбір оқушыларға суретті сала отырып, кітаптағы дайын мәтінді айтып беру тапсырылады. Ал әлсіздеу қабілет көрсеткен оқушыға мәтінді оқып аудару жұмысы беріледі.

Үй тапсырмасын айтқанда оқушы өз суретін қолға ұстап, тақта алдында жауап бергенде, оларға қиындық тумау үшін интерактивті тақтада өткенде меңгерген сөздер аудармасымен шығып тұрады. Өзі үйде дайындаған суретпен қоса жеке бетке өзі құраған сөйлемдерін мұғалім тексеріп шыққаннан кейін (қатесі көп болса, қайта көшіріп), оны жеке папкаға салып отырады.

Қазіргі оқулықтар модульдік оқытуға негізделіп жазылғандықтан, бір модульге қатысты бірнеше тақырыпты өткен соң, қорытындылау мақсатында үйге шығарма беруге болады. Оқушылар тақырыпқа байланысты өздері салған суреттерді жинақтай отырып, үйренген сөздері арқылы бұл жұмысты зор ынтамен орындайды. Шығарма мынадай сипатта болуы мүмкін:

*Ауылда жеміс бағы бар. Бақта жеміс ағаштары өседі. Олар: алма ағашы, өрік ағашы, алмұрт ағашы, шие ағашы. Жазда адамдар бақты суарады. Күзде жемістер піседі.*

*Адамдар жемістерді жинап, жәшіктерге салады. Жемістер адамға пайдалы. Алма тәтті, ащы, жұмсақ, қатты, кішкентай, үлкен болады. Күзде жемістер көп*



болады. Маған алма, өрік ұнайды.

Мұндай тапсырманы орындау балалардың өз ойын қазақша жеткізе білуіне, қазақ тіліне тән дыбыстар кездесетін сөздерді дұрыс айтуға, батылдыққа, пәнге қызығушылығының артуына оң әсерін туғызады. Осы тақырыпқа байланысты мынандай ойындар ойнатуға болады: «Иә-жоқ», «Кім тапқыр?», «Бәйге», т.б.

4-сыныпта «Мектеп өмірі» тарауын өткенде балалар әр түрлі пәнге байланысты сабақтар өтеді. «Қазақ тілі сабағында», «Орыс тілі сабағында», «Математика сабағында», «Дене тәрбиесі сабағында», «Ән сабағында», «Еңбекке баулу сабағында», «Бейнелеу өнері сабағында», т.б. Онда оларға әр пәнге байланысты мәтін, сөйлесу, түрлі жаттығулар берілген. Алайда оқулықта берілген материалдарды оқып-үйрену жеткіліксіз. Біздің мақсатымыз – оқушының өзін іздендіру, өз бетімен жұмыс істей алуға бағыттау болғандықтан, сол мақсатқа лайықты жұмыс түрлерін жүзеге асыруға, тіл үйренуде өзіндік ізденісін ұштауға көңіл бөлеміз. «Қазақ тілі сабағында» тақырыбын өткенде мынандай сөйлесу берілген:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Сәлеметсіз бе, Анар Саянқызы!
- Балалар, қазір қандай сабақ?
- Қазір – қазақ тілі сабағы.
- Сабаққа сендер не әкелдіңдер?
- Сабаққа біз кітап, дәптер, күнделік, сөздік дәптері, қалам әкелдік.
- Балалар, сендердің сөздік дәптер әкелгендерің жөн-ақ.
- Оған не жазамыз?
- Оған сендер жаңа сөздер жазасыңдар.
- Саша, сен қазақ тілін үйренгің келе ме?
- Иә, үйренгім келеді.

- Саған қазақ тілі ұнай ма?

- Иә, өте ұнайды.

Бұдан соң 2-тапсырмада оқу жылының неше тоқсаннан тұратыны, әр тоқсан қашан басталып, қашан аяқталатыны берілсе, 3-тапсырма сурет бойынша жұмыс істеуге, 4-тапсырма сөйлем құрауға берілсе, әрі қарай фонетикалық талдау, сөйлемді аудару сияқты тапсырмалар бар. Міне, осы тапсырмаларды орындатып қана сабақ өту өте жұпыны болар еді. Осы сабақта не істейтінімізді талдап көрейік. Алдымен қазақ тілі сабағына не әкелетінімізге тоқталайық. Әдетте, кітап деген сөзбен 1-сыныпта-ақ танысатын болғандықтан, оқулық деген сөзді қолдандырып үйреткен жөн. Сонымен, «Қазақ тілі сабағына не әкелеміз?»— деп сұраймын.

Оқушылар былай жауап береді:

- Қазақ тілі сабағына біз оқулық, дәптер, сөздік дәптері, қалам, күнделік әкелеміз.

- Кесте сызу үшін не әкелеміз?

- Қарындаш, өшіргіш әкелеміз?

- Тағы не әкелеміз? (Кейбір таныс емес сөздерді білу үшін)

- Қазақша-орысша сөздік кітабын әкелеміз.

- Келесі сұраққа көшеміз.

- Қазақ тілі сабағында мұғалім не істейді? ( Мұндайда дәптерге кесте сызғыза отырып жұмыс істеу ыңғайлы, балалар ауызша жауап бере отырып, тақтада және дәптерде жазба жұмысын қатар орындап отырады).

Тақта ортасына *мұғалім* деп жазып, сызықтар арқылы кесте сызып көрсетеміз. Оқушылар ауызша жауап бере отырып, бір мезгілде өз жауаптарын тақтада және дәптерге жазып отырады.

## Мұғалім

1. амандасады;
2. үй тапсырмасын сұрайды;
3. үй тапсырмасын тексереді;
4. тақтаға жазады;
5. сабақ түсіндіреді;
6. жаңа сөздермен таныстырады;
7. тапсырма береді;
8. балаларға көмектеседі;
9. журналға, күнделікке баға қояды;
10. үйге тапсырма береді.

Қазақ тілі сабағында оқушылар не істейді? деген сұраққа жауап аламыз:

## Оқушылар

1. қазақша үйренеді;
2. қазақша сөйлейді;
3. сабақ айтады;
4. мұғалімді тыңдайды;
5. жауап береді;
6. сұрайды;
7. дәптерге жазады;
8. оқиды;
9. сөз тіркесін, сөйлем, әңгіме құрайды;
10. баға алады;
11. ән айтады;
12. ойын ойнайды;
13. сурет салады;
14. шығарма жазады;
15. өлең, мақал, жаңылтпаш жаттайды.

Енді үйге тапсырма ретінде осы тіркестердегі етістіктің астын сыза отырып, тек етістік арқылы мұғалім мен оқушының іс-әрекетін жеке А4 форматты қағазға ассоциация

түрінде сызып және ауызша әңгімелеп келуді тапсырамыз. Алайда балалардың тіл үйренудегі қабылдау деңгейі әр түрлі болғандықтан, өздері құраған ассоциациядағы етістіктердің барлығын қолдану міндетті емес. Әркімге ауызша баяндауды өз шамасы келгенше орындау тапсырылады. Ауызша құрайтын сөйлем мөлшері 5-тен кем емес, 10-нан артық болмау ескертіледі. Тапсырманы қалай әсемдеу керектігін өз қалауларына қалдырамыз. Бұл тапсырманы оқушылар өз қиялдары жеткенше әр түрлі етіп орындайды. Біреуі сөздерді аудармасымен қоса гүл жапырақшаларының ішінде орналастырса, екіншілері әр түрлі түске боялған шарлардың ішіне жазады. Келесілері түрлі шаршы, үшбұрыш, көпбұрыш сияқты фигураларға жазғанды ұнатады. Қалай болған күнде де осы сөздерді әдемі әрі дұрыс жазу үшін еңбектенеді. Кейде олар екі топқа бөлініп, бірі мұғалім әрекетін сипаттаса, екіншісі оқушының не істейтіндігі туралы айтады. Мұның өзі оқушылар арасындағы бәсекені күшейтіп, топпен жұмыс істеуде бір-біріне көмектесуге, ұжымдаса жұмыс істеуге дағдылануға баулиды. Келесі сабақта интерактивті тақтада қазақ тілі сабағына байланысты көрсетілген сурет пен кейбір есте сақталуы қиын сөздер көрсетіліп тұрады. Сабақтағы балалар деңгейіне қарай отырып, үй тапсырмасын орындауда қиындыққа тап болмау үшін кейбір оқушыларға дайын оқулықта берілген тапсырманы орындап келуге рұқсат етіледі.

Орыс тілі сабағының тақырыбы да алдыңғы сабақпен байланыстырыла өткізіледі. Енді оқушылардың алдында жатқан өздері дайындаған ассоциацияны пайдалана отырып, жаңа сабаққа байланысты жаңа сөздерді пайдалана білуге үйретеміз.

Салыстыра отырып оқыту арқылы етістіктің болымсыз түрін меңгертуге баса көңіл бөлеміз. Оқушылыр орыс тілі сабағына орыс тілі оқулығын, дәптер, қалам, қарындаш, күнделік әкелеміз деп жауап береді. Ал осы сабаққа не әкелмейміз деген сұраққа оқушылар алдыңғы қазақ тіліне әкелетін құралдарының ішінен сөздік дәптері мен орысша-қазақша сөздік кітабын әкелмейтіндігін айтады. Сұрақты түрлендіре отырып, жауапты бір ғана оқушыға санамалатып айтқызбай, кезек-кезек айтқызамыз. Мұның өзі оқушылардың сабаққа жаппай қатысуына, сөйлеу тілінің жаттығуына, сылбыр оқушыларды жауап беруге тартуда өзіндік әсерін тигізеді.

Орыс тілі сабағында мұғалім не істейді деген сұрақ қойылғанда, да/-де;та/-те шылауларының қайталанып қолданылуы түсіндіріліп өтеді.

Орыс тілі сабағында да мұғалім балалармен амандасады.

Орыс тілі сабағында да мұғалім сабақ түсіндіреді, үй тапсырмасын сұрайды, баға қояды, т.с.с.

Етістіктің болымсыз түрінің жұрнақтарын қолдану арқылы кейде жауап былай беріледі:

Орыс тілі сабағында мұғалім орысша сөйлейді, қазақша сөйлемейді. Алдыңғы кестеге қарай отырып, оқушылар өз беттерінше орыс тілі сабағына байланысты жаңа кесте дайындайды. Тек да/-де демеулік шылауын дұрыс қолдануды ұмытпау ескертіледі. Ал орыс тілі сабағында оқушылар не істейді, не істемейді деген сұрақтарға жауап кестені толтыру арқылы беріледі. Бұл кесте де алдыңғыдағыдай, тек не істемейтіндігі қосымша айтылады. Жаңа сөздерді жаттамайды, сөздік дәптер әкелмейді, қазақша сөйлемейді, т.б.

Келесі математика сабағын өткенде сөздік қорымыз басқа сөздермен толықтырылып, жаңа сипатқа ие болады.

Алдымен осы сабақта қолданылатын құралдардың қазақша атауларымен таныстырамыз. Математика сабағына не әкелесіңдер деген сұраққа былай жауап беріледі:

- Сызғыш, қарындаш, циркуль, т.б. Мұғалім не істейді, оқушылар не істейді деп ауызша сұрап отырамыз. Әр тақырыпты өткен сайын балалар алдыңғы тақырыпта өтілген сабақ түрімен салыстыра отырып жауап беруге үйренеді. Айтылып отырған жағдай әр балаға таныс болғандықтан, олар жауап беруде қиналмайды.

Математика сабағына байланысты іске асырылатын әрекеттер туралы сөйлемдер құрай отырып, оқушылар алдыңғы өтілген пәндермен салыстыра отырып, етістіктің болымсыз түрінің жұрнақтарын қолдана отырып, сөйлемдер құрайды.

1. Математика сабағында оқушылар қазақша сөйлемейді.
2. Математика сабағында олар сөздік дәптер әкелмейді.
3. Оқушылар жаңа сөздер, мақалдар, жаңылтпаштар жаттамайды.
4. Мұғалім мақал сұрамайды.
5. Математика сабағында балалар сөйлем құрамайды.
6. Математика сабағында балалар ән айтпайды. Олар ән сабағында ән айтады.

Енді ән сабағына келеміз. Бұл сабақта балалардың сөздік қоры былайша толықтырылады: ән айту, нота үйрену, домбыра шерту, пианинода ойнау, аспап, қобыз, т.б. Осы сөз тіркестері арқылы сөйлем құрай білуге үйрене отырып, алдыңғы меңгерген білімдерін ұштайды, салыстырады.

Міне барлық сабақ түрін өтіп болғанша сабақтағы мұғалім мен оқушы атқаратын істер ойша салыстырылып, бір сабақта істеген әрекеттер екінші сабақта істелсе – да/де шылауын қосып айтуға, ал орындамайтын жұмыстары жайында айтқанда, болымсыз етістік жұрнақтары

арқылы сөйлем құрай білуге үйренеді. Кейде мұғалім кез келген екі сабақты салыстыра отырып, жауап беруді талап етеді. Мысалы, еңбек сабағы мен дене тәрбиесі сабағын салыстырып сөйлемдер құрау керек болса, бала өзі дайындаған кестелер арқылы мынандай сөйлемдер құрайды: Еңбек сабағында балалар ойыншық жасайды, дене тәрбиесі сабағында ойыншық жасамайды немесе ермексаз, қайшы, желім әкелмейді, т.с.с.

Бұл – тіл үйретуде біз қолданып, нәтижесіне көз жеткізіп жүрген бір ғана жұмыс түрі. Сабақты бұлайша түрлендіру арқылы балалар жеке және топпен жұмыс істеуді, сөздікпен жұмыс істей білуді, етістіктерді дұрыс жіктеуді, сөйлем құрай білуді, ойды қазақша жүйелі түрде жеткізе білуді, демеулік шылауларды қолдануды, сұрақ қоя білуді, т.б. үйренеді. Мұнымен қоса сабақта сөйлемдегі сөздердің орнын тапқызу, сурет бойынша әңгіме құрату, толық емес сөйлемдерді аяқтату, қазақшадан орысшаға немесе керісінше аударма жасату, сөзжұмбақ шештіру, ойын ұйымдастыру, сөйлесе білу, т.б. көптеген жұмыс түрлері жүргізіледі. Мұнымен қоса сабақта меңгертілген етістіктер тұйық етістік түрінде интерактивті тақтадан әр сабақта көрсетіліп, өткен шақта және келер шақта ауызша I, II, III жақта жіктетіліп отырады.

Кейбір жаңа сөздер арқылы бірден сөйлем құрау тапсырылады. Өтілген сабақтар бойынша суреттер арқылы да сөйлемдер құрастыру туралы тапсырмалар беріледі. Кейде сөйлесулер мен сөзжұмбақтар құраттырып, аудармалары қоса сұралып отырады. Қорыта келе айтарымыз, тіл үйрету – екіжақты белсенді жұмыс істеуді, үздіксіз еңбек етуді талап ететін қиындығы мен қызығы мол жұмыс.

Бастауыш сыныпта тіл үйретуде көбінесе ойын түрлері арқылы және әр түрлі көрнекі құралдар арқылы сабақ өткізу тиімділігімен белгілі. Себебі жасы кіші оқушылар үнемі қарқынды түрде білім алуға икемделмеген кешегі ойын баласы болғандықтан, сабақ арасында ойын ұйымдастырып отыруды, ойната отырып ойландуды, ойланта отырып білім беруді қажетсінеді. Сондықтан бастауыш сыныпта қазақ тілі сабағында ойын арқылы тіл үйрету тиімді тәсілдердің біріне жатады. Ойынның түрі көп. Алайда ол ойындарды әр сынып оқушыларына таңдап, іріктеп отырған дұрыс. Мысалы, 1-сынып оқушылары «Ұшты-ұшты», «Қарлы кесек», «Қайсысы артық?», «Кім көп сөз біледі?» сияқты ойындарды қызыға ойнаса, келесі сыныптарда бұл ойындар тым қарапайым сипат алады. Сондықтан оларға «Бәйге», «Орнын тап», «Жоғалған әріптер», «Кім жылдам?», «Иә-жоқ» сияқты ойындар ойнатылады. Ойын бірте-бірте күрделеніп, 3-4-сыныптарда оқушылардың сөздік қоры молая бастауына байланысты рөлдік ойындар сәл күрделендіріледі және «Даналық ағашы», «Сиқырлы сандық», «Қоржындағы асықтар», «Қатені тап», т.б. ойындар ойналады. Сол сияқты «Иә-жоқ» ойыны басқаша сипатпен беріледі. Ойынды сабақтың әр тұсында ойнатуға болады. Алайда оқушылар шаршады-ау деген кезде сабақ ортасында, соңында ойнату тиімдірек. Сабақ басында да ойнатуға болады.

Сабақта тілді үйретудегі бастауыш сыныпта қолданылатын тиімді тәсілдің енді бірі сурет арқылы жүзеге асырылады. Бұл – тек бастауыш сынып оқушылары үшін ғана емес, барлық сыныптарда қолдануға болатын тәсіл. Бастауыш сыныпта кейде заттың өзін немесе мүляжды қолдану арқылы да тіл дамыту жұмыстарын жүргізуге болады.



Уалия ХАБИБОЛЛАҚЫЗЫ,  
Ақмола облысының  
Целиноград ауданындағы  
«Қосшоқы» негізгі мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## ТІЛДІ ДАМУДЫ ҚОЛДАНА БІЛУ МӘСЕЛЕСІ

Қазіргі кезде орыс аудиториясында қазақ тілін жүргізу әлі күнге дейін ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осыған орай тілді үйретуде алуан түрлі әдістемелер баршылық. Сонымен қатар тіл дамыту әдісінің де маңызы зор. Тіл дамыту әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Әрбір ұстаз ойлау қабілеті жоғары оқушысы болғанын қалайды. Қазіргі заман талабына сай жас ұрпаққа сапалы әрі нәтижелі білім беру – әрбір мұғалімнің міндеті. Өйткені біздің мемлекетіміздің әлеуметтік деңгейі осы болашаққа білім беру арқылы бағаланады. Сондықтан қазіргі заман мұғалімдері өзі білімін әрдайым заман талабына сай жетілдіре білуі керек. Бұл ұстаздың Отаны алдындағы атқаратын үлкен бір борышы, міндеті деп ойлаймын. Қазақ тілі пәнін оқыту барысында оқушының сөйлеу мәнерін, қазақша дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеуін қадағалау керек.

Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Ұлттық мәдениеттің гүлденуі мен адамдардың тарихы қалыптасқан тұрақты қауымдастығы ретінде ұлттың өзінің болашағы тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты. Тіл

дамыту – оқушыны тілдік тұлғаларды дұрыс қолданып, ойын басқа адамға толық жеткізуге дағдыландыру, басқа адамдардан сөзін жақсы түсінуге үйрету. Басқаша айтқанда тіл дамыту – қазақ тілін оқушының қарым-қатынас құралына айналдыру. Бұл жалпы тіл үйрету мақсатымен толық сай келеді. Орыс тілінде оқытатын мектептерде оқушының қазақ тілін дамыту ұғымына қазақ тілінің лексикалық, грамматикалық тұлғаларын меңгерту, оларды сөйлемде қолдану дағдыларын қалыптастыру, қазақша сауатты жазу дағдысын меңгерту де осы ұғымға кіреді; сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды сөйлемде дұрыс орналастырып, сөйлем құрау, сол арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну де тіл дамыту ұғымына жатады. Сөйтіп тіл дамыту – мағынасы, көлемі кең ұғым. Адам ойын ауызша не жазбаша түсіндіреді. Сондықтан оқушы тілін дамыту екі бағытта жүргізіледі: ауызша және жазбаша. Жалпы алғанда, тілді оқытуда бұл екі бағыт қатар байланыста жүреді. Бірақ қазақ тілін оқытудың ең алғашқы кезеңінде ауызша тіл дамыту басымырақ болады. Сөйлеу тілі кейінірек жазба тілді дамытуға негіз болады.

Адамның сөйлеуінде қолданылатын тілдік нұсқалардыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, сөйлемдердің тіркесі. Бұлар – тілді оқытудағы негізгі мәселелер. Тіл дамытуда тілді быстарын дұрыс айтуға жаттықтыру, қазақ сөздерінің айтылу нормасын қалыптастыру, қазақ тілінің орфоэпиясын меңгерту жұмыстары жүргізіледі. Бұл – ауызша сөйлеу тілінің негізгі мәселесі. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем – байланысты сөйлеудің құралдары. Қазақша сөйлеу үшін оқушының жеткілікті сөздік қоры болу керек, оқушы сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін жасаудың, сөз тіркесінен сөйлем құрастырудың заңдылықтарын білу керек.

Сонда ғана байланысты ойды басқаға білдіруге, басқаның

сөйлеуін түсінуге болады. Сөйтіп сөз және сөз тіркесі бірігіп, сөйлем құрамына кіріп, олардың бір-бірімен тығыз байланысы арқылы байланысты ойды білдіреді. Оқушыға сөздерді, тілдік нұсқаларды таныстырумен, білдірумен бірге, олардың әрқайсысының тілде қалай қолданылатынын меңгермесе, ойын қазақша жеткізе алмайды.

Оқушының сөздік қорын үнемі байытып отыру – тіл дамытудағы ең негізгі мәселе. Сөздік қоры бай адамның ойын анық жеткізу мүмкіндігі мол болады. Тауып сөйлеу, ойын анық білдіру қажетті сөзді қолданумен тікелей байланысты. Сөздік жұмысы әр сабақ үстінде, жыл бойында, бүкіл оқу кезеңінде белгілі жоспармен, жүйемен жүргізілуі керек. Оқушы сабақ сайын жаңа сөз үйреніп отырады. Оқушыға үйретілетін жаңа сөз мәтінде, диалогта, жаттығуларда қолданысымен байланыста беріледі. Сабақ сайын, жылдан-жылға оқушының сөздік қоры молайып отырады. Әр сабақта үйретілетін жаңа сөзді оқушының күнделікті өмірінде қарым-қатынаста қолданатын белсенді сөздігіне айналдыру оқушының сөздік қорын байытудағы ең негізгі мақсат болып саналады. Осы мақсатқа жету үшін төмендегі жұмыстар жасалуы керек: 1) жаңа сөз мағынасын оқушыға анық түсіндіру; 2) жаңа сөздің оқушы есінде сақталуын қамтамасыз ету; 3) жаңа сөзді қолданыста меңгеру, яғни, жаңа сөзді қолдану дағдысын қалыптастыру; 4) жаңа сөздің айтылуы мен жазылуын меңгерту; 5) сөздікпен жұмыс жасауды үйрету. Жаңа сөздің мағынасын оқушыға түсіндіруде ол сөз атайтын заттың өзін көрсету, заттың суретін көрсету, оқушының ана тілінде аудармасын беру, бұрын таныс синоним сөздерді пайдалану, кейде сипаттамалы түсіндіру сияқты әдістер қолданылады.

Жаңа сөзді қолданыста меңгерту оқушыны әрі сөйлеуге баулу, әрі сөзді оқушы есінде сақтауға әсер етеді. Сөздің

қолданысын оқушы мәтіннен, жаттығулардан көреді, танысады. Жаңа сөздермен сөйлем құрауды үйренеді, сөздерді сөйлеуде, диалогта қолдануға жаттығады. Жаңа сөздер қатысқан мақал-мәтел жаттау, өлең жаттау өте пайдалы, ол сөздердің ұмытылмауына үлкен ықпал жасайды және сөздердің қолданысын үйренуді бекітеді.

Оқушының білім дағдысына қойылатын талаптар:

- сөздерді дыбыстық құрамына қарай талдау;
- дауысты дыбыстарды, дауыссыз дыбыстарды айыра білу;
- сөздегі буындар санын анықтау;
- әліпбидің қатарын жаттау;
- сурет мазмұнын қазақша айтуға жаттығу;
- орын тәртібі ауысқан сөйлемдегі сөздерді дұрыс қалыпқа келтіре білу;
- мәтіннен қажетті сөйлемдерді таба білу;
- тірек сөздер бойынша әңгіме құрастыру;
- жоспар, сұрақ бойынша әңгіме айтуға жаттығу;
- мәтін бойынша сұрақ қоя білу;
- мәтінді түсініп, дұрыс мәнерлеп оқуға дағдылану;
- мәтінді дауыстап оқу, ішінен оқу;
- мәтіннің мазмұны бойынша сұраққа жауап бере білу;
- тыңдау, есту арқылы түсінгенін айтқызу;
- түрлі жағдайларға байланысты әңгіме жүргізе білу;
- тапсырма шарттарын түсініп орындау;
- шағын өлең, мақал, жұмбақтарды жатқа айту;
- жаңылтпаштарды жылдам оқып, мазмұнын түсіну;
- шағын әңгіме, мазмұндама, шығарма жазуға төселу;
- сауатты жаза білуге дағдылану.

Оқушының тілін дамыту, сөздік қорын байыту – жан-жақты жұмыс. Бұл ретте оқушыны дайын сөздіктермен пайдалануға жаттықтырудың да атқаратын қызметі зор. Сөздіктерді пайдалануға үйрету, жаттықтыру оқушының сөздік қорын байытуға көмектеседі. Бұл жұмысты бастауышы сыныптың соңғы сыныптарында бастауға болады. Оқушы сабақта сөздіктен сөзді тауып үйренсе, ол сабақтан тыс уақытта кітап оқуда, тағы басқа жағдайларда кездескен таныс емес сөзді сөздік арқылы үйрене алады. Бұл да оқушы тілін дамытады, байытады. Сөздікті пайдаланып үйренген оқушы кездескен таныс емес сөзді елеусіз қалдырмайды, оны білуге тырысады, ол үшін сөздікті қолданады.

Оқушының сөздік қоры тек сабақ үстінде ғана емес, сыныптан тыс кезінде де толығып отырады. Оған, әсіресе, сыныптан тыс жұмыстар көп әсер етеді. Қызықты ұйымдастырылған сыныптан тыс шараларға оқушылар белсене қатысады. Сыныптан тыс жұмыстарда оқушыға қазақша сөйлеу ортасы жасалып, оның қазақша қарым-қатынас жасауына зор мүмкіндік туады. Оқушы қазақ тілі үйірмесінде ән үйренеді, тақпақ жаттайды, қойылымдарға қатысады. Осының бәрі қазақша жүргізіледі. Ол оқушының сөздік қорын байытады, сөйлеу дағдысын бекітеді, тілін дамытады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ж.Адамбаева. «Орыс мектептерінде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері». 1993.
2. М.А.Аманбаева. «Қазақ тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану».
3. Н.Оралбаева, К.Жақсылықова. «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі».
4. М.М.Жанпейісова. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». А., 2002.

## КӨРНЕКІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ

Көрнекілік мұғалімдердің шығармашылық ізденісін, әдістеме жаңалықтарына сергектікті, оны сабақ өткізу барысында шебер пайдалана білуді талап етеді.

Оқытудың көрнекілігі дидактиканың негізгі ұстанымдарының бірі екені мәлім. Әсіресе, қазақ тілі сабақтарында көрнекілікті пайдаланудың маңызы ерекше. Сабақта қолданылатын көрнекіліктің тілдік ұғымдарды (материалдарды) түсіндіруді жеңілдететінін, көрнекілік арқылы түсіндірілген тақырып оқушының ойында берік сақталатынын, оқушының елестету қабілетінің дамитынын, теориялық білімнің практикамен байланысын нығайтатынын көреміз.

Көрнекілік сабақтың кез келген бөлімінде, атап айтқанда, жаңа сабақты түсіндіру, бекіту, қайталау кезеңдерінде де қолданыла береді.

Қазақ тілі сабақтарында қолданылатын көрнекі құралдардың түрі көп. Соның ішінде дәстүрлі әрі кеңінен пайдаланылатыны – таблица (кесте).

Көрнекіліктің кесте ретінде берілуіндегі артықшылық – тілдік категориялардың ұқсастығын, айырмашылығын, ерекшелігін салыстырып көрсетуге мүмкін болады. Көрнекілік арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыта аламыз.

Сабақты түсіндіру кезеңінде мынадай кестелерді пайдалануға болады.

### 1-кесте

Орфоэпиясы	Орфографиясы
Ұйұм Жұлдуз күрүлүс	Ұйым Жұлдыз кұрылыс

### 2-кесте

Орфоэпиясы	Орфографиясы
Жұуұну жұуұқ	Жуыну жуық

### Дауысты дыбыстар

	жуан	жіңішке	ашық	қысаң	езулік	еріндік	жалаң	Қосынды
А	*		*		*		*	
Е		*		*	*		*	
Ә								
О								
ө								
Я								

Сондай сияқты әр тақырыпқа сай кестелерді қолдануға болады.

Көрнекіліктердің түрлері көп: дидактикалық кәртішкелер, суретті көрнекілік, интерактивті тақта, жылжымалы тақта, т.б.

Сабақта осындай әр түрлі көрнекіліктерді пайдалану оқушылардың логикалық ойын дамытады. Тақырыптарды салыстыра отырып, тілдік категориялардың атаулары мен бір-бірінен мағыналық айырмашылықтарын, кейбір тақырыптардың іштей байланысын түсінетін болады.

Әлия ҚАДЫРБАЙҚЫЗЫ,  
Ақмола облысының  
Макинск қаласындағы  
мектеп-гимназияның  
қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

# КҮНТІЗБЕЛІК-ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР ҮЛГІСІ

(1-сынып)

«Алматыкітап» баспасы – 2012 жыл.

Оқулықтың авторлары: Б.У.Салыхова, А.Ж.Хазимова,  
А.М.Ауғанбаева.

№	Сабақ тақырыбы	Грамматикалық материал	Лексикалық тақырып	Сағат саны	Мерзімі
	<b>I. Сәлемдесу, танысу.</b>				
1.	Сәлемдесу.	Менің, сенің.	Сәлемдесу. Танысу.		
2.	Бұл кім?	Кім?	Отбасы.		
3.	Бұл не?	Не?	Оқу құралдары.		
4.	Неше?	Неше?	Сандар (бірліктер).		
5.	Түстер.	Қандай?	Түстер		
6.	Менің отбасым.	Менің, бұл.	Отбасы.		
7.	Сенде не бар?	Сенде, менде.	Ойыншық.		
8.	Доп берші.	Сенде, менде.	Ойыншық.		
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			



	<b>II. Менің досым. Киім</b>				
1.	Менің досым.	Менің, оның.	Адам дене мүшелері.		
2.	Оның отбасы.	Ә дыбысы, әрпі.	Отбасы.		
3.	Киім.	ма? ме? ба? бе? па? пе?	Киімдер.		
4.	Күз.	Қ дыбысы, әрпі.	Күз айлары.		
5.	Күзде.	Қандай?	Табиғат.		
6.	Киімдер.	Не? Нелер? Ғ дыбысы.	Киімдер.		
7.	Дене мүшелері.	ма? ме? ба? бе? па? пе?	Дене мүшелері.		
8.	Қолыңды көтер!	Бұйрықтарды орындау.	Дене мүшелері.		
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>III. Мынау – піл.</b>				
1.	Мынау – піл. Анау – керік.	Мынау, анау. Ң дыбысы.	Аңдар.		
2.	Піл қандай?	Қандай? І дыбысы, әрпі	Аңдар.		
3.	Үй жануарлары.	Анау, мынау.	Үй жануарлары.		
4.	Менің итім бар.	Ы дыбысы, әрпі.	Үй жануарлары.		
5.	Құстар.	І - Ы дыбыстары.	Үй құстары.		
6.	Піл, керік, қоян.	Оның.	Аңдар.		
7.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
8.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>IV. Мен жеті жастамын.</b>				

1.	Әлібектің туған күні.	Кімнің?	Туған күн.		
2.	Мен жеті жастамын.	Ө дыбысы, әрпі.	Сандар.		
3.	Ол неше жаста?	Мен, сен, ол	Сандар.		
4.	Бүгін – дүйсенбі.	Ү дыбысы, әрпі.	Апта күндері.		
5.	Дүйсенбі – бірінші күн	Нешінші?	Апта күндері.		
6.	Бірінші сынып.	Ү дыбысы, әрпі.	Сынып.		
7.	Менің інім.	Мен, сен, ол	Отбасы.		
8.	Бүгін кімнің туған күні?	Кімнің?	Туған күн.		
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>V. Робот – менің ойыншығым.</b>				
1.	Ойыншықтар.	Һ дыбысы, әрпі.	Ойыншықтар.		
2.	Менің қонжығым.	Менің, сенің.	Ойыншықтар.		
3.	Әсеттің роботы.	Кімнің?	Ойыншықтар.		
4.	Кел, ойнайық!	Кел, ойна, ал, бер.	Ойыншықтар.		
5.	Футбол.	Кімге?	Ойындар.		
6.	Кімнің сыйлығы?	Кімнің?	Туған күн.		
7.	Қыс.	Мәтінмен жұмыс.	Қыс айлары.		
8.	Жаңа жыл.	Кімге?	Жаңа жыл.		
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>VI. Менің аулам.</b>				
1.	Үй.	Бұл не?	Үй. Бөлме.		
2.	Биік үй.	Нешінші?	Үй. Бөлме.		

3.	Нешінші үй?	Нешінші?	Нешінші?		
4.	Бөлмеде.	Қайда?	Бөлме.		
5.	Біздің аула.	Сурет бойынша жұмыс.	Аула.		
6.	Аулада.	Кімде?	Аула.		
7.	Аулада ойнаймын.	Иә, жоқ.	Аулада.		
8.	Ойын.	Оң, сол.	Аулада.		
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>VII. Үзіліс. Жүр, асханаға кеттік.</b>				
1.	Азық-түлік.	Мен, біз.	Азық-түлік.		
2.	Мен шырын ішемін.	Болымсыз етістік.	Азық-түлік.		
3.	Жемістер.	Қандай?	Жемістер.		
4.	Көкөністер.	Керек.	Көкөністер.		
5.	Асхана.	Қайда?	Асхана.		
6.	Менің сүйікті тағамым.	Нені?	Тағам.		
7.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
8.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>VIII. Мынау не? Қалам.</b>				
1.	Мынау – мектеп.	п-б (кітап-кітабым).	Мектеп.		
2.	Менің сыныбым.	п-б (сынып-сыныбым).	Сынып.		
3.	Оқу құралдары.	Нелер?	Оқу құралдары.		
4.	Қаламмен жаз.	Немен?	Сабақта.		
5.	Көктем.	Мәтін оқу.	Көктем айлары.		
6.	Көктем сәні.	Сұрақ-жауап.	Көктем мезгілі.		
7.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
8.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			

	<b>IX. Сөмкенде не бар?</b>				
1.	Менің сөмкем.	Менің, сенің.	Оқу құралдары.		
2.	Сөмкенде не бар?	Менің, сенің.	Оқу құралдары.		
3.	Кімнің сөмкесі?	Кімнің?	Оқу құралдары.		
4.	Қарындаштар.	Қандай?	Түстер.		
5.	Мен қаламмен жазамын.	Немен?	Сабақта.		
6.	Ою жасайық!	Сурет бойынша жұмыс.	Сабақта.		
7.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
8.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>X. Мектептің жүзу бассейні.</b>				
1.	Таңертең.	Сурет бойынша жұмыс.	Күн тәртібі.		
2.	Бассейн.	Қайда?	Ойындар.		
3.	Апта күндері.	Қай күн?	Апта күндері.		
4.	Бассейнде.	Сұрақ-жауап.	Бассейн.		
5.	Демалыс күні.	Қайда?	Қайда?		
6.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
7.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			
	<b>XI. Кел, санайық!</b>				
1.	Мен әріптерді білемін.	Әріптер.	Әріптер.		
2.	Бірге футбол ойнаймыз.	Менің, сенің, оның.	Достар.		
3.	Жаз мезгілі.	Мәтінмен жұмыс.	Жаз айлары.		
4.	Менің туған күнім.	Қашан?	Туған күн.		

5.	Тышқан – жыл басы.	Ертегі оқу.	Жануарлар.		
6.	Мектепте.	Мәтінмен жұмыс.	Оқу құралдары.		
7.	Не дәмді?	Ең.	Жеміс, көкөніс.		
8.	Сен не білесің?	Диалог.			
9.	Мен не білемін?	Жазбаша жұмыс.			
10.	Менің кітапшам.	Тіл дамыту.			



**Жібек АЙТЖАНОВА,**  
**№2 Затобол орта мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің мұғалімі.**  
 Қостанай облысы,  
 Қостанай ауданы.

## **ҚҰЗЫРЕТТІ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІ МЕН ОЙЫН ДАМЫТА БІЛУ ҰТЫМДЫ**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялар мен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Оқу орнын бітіруші жас түлек еліміздің білім саясатындағы өзгерістер мен жаңалықтардан толық хабар-дар бола отырып, өмірдің кез келген жағдаяттарынан шыға

білетін алғыр да білімді жас болып тәрбиеленуі тиіс.

Олай болса, жас тұлғаның құзырлылық қабілеттерінің артуына, өзін-өзі дамытуына, жаңалық ашып ізденуіне педагогтың құзыреттілік қасиеті маңызды рөл атқарады.

Құзыреттілік – бұл танымда пайда болған мәселені өз бетінше шешу үшін қажетті, өз позициясын анықтауға, адамға қоғамдағы өмірлік нормалар мен ережелерді дұрыс орындауға мүмкіндік беретін даму деңгейі. Бала өз жұмысын өзі жоспарлап, алдына мақсат қойып, оған қол жеткізуге үйренуі тиіс. Мектепке дейінгі жастағы балада әлеуметтік-мәдени тұрғының ауысуында қабілетінің еркіндік қимылы қалыптасуы тиіс.

Білім сатылары бойынша «Қазақтілі» пәнінен құзыреттілік түрінде күтілетін нәтижелер анықталып беріледі. «Қазақтілі» пәнінен күтілетін нәтижелер төмендегідей үш түрлі құзыреттілік бойынша сараланады:

1. Проблемаларды шешу құзыреттілігі: әр түрлі тілдік жағдаяттардағы мәселелерді анықтайды, өздігінен шешім қабылдайды, өз шешімінің нәтижесін бағалай алады; өзгермелі өмір жағдайларында туындаған жағдаяттарда міндеттерді шешетін технологияларды таңдай алады, сөздерді өз мақсатына, негізгі ойға, мазмұнға сәйкес өз бетінше талдап қолдана алады, өзгелермен тіл табысуға қажетті сөздерді талдай алады. Тілді қарым-қатынастық, танымдық, экспрессивтік қызметтеріне сай қолданады. Сөздік қорын өз бетінше толықтырады;

2. Ақпараттық құзыреттілік: ақпараттарды сыни тұрғыда талдайды, соның негізінде саналы шешім қабылдайды; тілдің танымдық қызметтерін өз мақсатына сай қолдана алады; логикалық операцияларды еркін қолдана отырып, ақпараттарды өз мүмкіндігіне сай өңдей алады; сөйлеу әрекетін жоспарлауда және оны жүзеге асыруда ақпараттарды талғап қолданады; мәтіннің көркемдеуші және мәнерлеу

күрәлдарын анықтай алады; акпараттар негізінде көздеген мақсатына сай мәтін түрлерін құрайды, әр жанрға тән тілдік құралдарды пайдаланып, шығармашылық жұмыстарды орындайды;

3. Коммуникативтік құзыреттілік: сөйлесімнің барлық компоненттеріне тән дағдыларды меңгереді; ауызша және жазбаша тілде сөзді құрау ережелерін, сөзді таңдау тәсілдерін және грамматикалық нормаларды ұстанады; оқу материалдары бойынша дискуссияға қажетті дағдыларды меңгереді; көпшілік алдында сөйлеу дағдыларын меңгереді; ауызша, жазбаша және компьютерлік сөйлеу тілдерінде тілдік сезім мен қажетті коммуникативтік сапарларды қолданады; пікірталас түрлеріне сай тілдік құралдарды пайдаланып, өз ойын дәлелдей алады және өз пікірін қорғай алады; ұсынылатын тақырып пен тілдік жағдайларға сай сөздерді орынды жұмсай алады; ұлттық- мәдени ұғымдарды ажырата алады, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлейді; сөз дәурыстығы талаптарын меңгереді.

Мұғалім алдында отырған әр оқушы «ақ парак» деп есептесек, сол парактардың толтырылуы мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқушылардың тілін, ойын дамыту үшін мен алдымда отырған баланы оқуға, білімді өз бетімен алуға, шығармашылыққа, алған білімді практика жүзінде қолдана білуге үйретуім керек. Мұғалім, ең алдымен, оқушының дарындылық қасиетін ашуы керек. Ол үшін мен жоба бойынша оқушыларыма төмендегідей тапсырмалар беремін:

1. Өз есіміңнің немесе әр түрлі сөздердің шығу тарихына, мағынасына үңілу, зерттеу;
2. Мақал-мәтел, жаңылтпаштар жаттау және соларға ұйқастырып ойдан мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар құрастыру;
3. Дайын ұйқасқа өлең шығару;

4. Аяқталмаған ертегі, әңгімелерді өзіндік шығармашылықпен аяқтау;

5. Оқушылардың бір-біріне немесе шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беруі;

6. Түрлі заттар атынан ойтолғаулар жазу.

Оқушылардың құзыреттіліктерін игерту мақсатында қазақ тілінің әр саласы бойынша берілетін тапсырмаларды ұсынамын. Көбінесе, бұл – ҰБТ-ға, МАБ-қа дайындалу кезеңінде немесе қорытынды сабақтарда қолданылатын тапсырмалар.

### Фонетика

	Дыбысқа сипаттама	Қандай дыбыс?
1.	жіңішке, езулік, ашық.	
2.	қатаң, тіл арты, шұғыл.	
3.	жуан, еріндік, қысаң.	
4.	жуан, езулік, ашық.	
5.	ұяң, тіл арты, ызың.	
6.	үнді, тіл арты, шұғыл.	
7.	жіңішке, езулік, қысаң.	
8.	қатаң, көмей, ызың.	
9.	жіңішке, еріндік, қысаң.	
10.	жуан, еріндік, ашық.	
11.	қатаң, тіл алды, ызың.	
12.	жіңішке, езулік, ашық.	
13.	үнді, тіл алды, діріл.	
14.	үнді, еріндік, шұғыл.	
15.	үнді, тіл ортасы, ызың.	
16.	жіңішке, еріндік, ашық.	
17.	қатаң, ерін мен тіс, ызың.	

### Кесте бойынша тапсырмалар:

1. Кестені толтыр;

2. Кесте бойынша үш тірек-схема жаса:



ә) дыбыстар,

а) дауысты дыбыстар;

б) дауыссыз дыбыстар.

3. Дыбыс болмайтын әріптерді ата (кестеде жоқ);

4. Тән дыбыстарды ата (кесте бойынша).

### **Фонетика. Тест.**

**1. Жуан дауысты дыбыстарды көрсетіңіз:**

А) ң, и; Ә) а, ы; Б) е, ң; В) у, ң; Г) і, о.

**2. Бірыңғай қатаң дауыссыз дыбыстар қатарын**

**көрсетіңіз:**

А) б, в, п, й; Ә) р, т, к, қ; Б) р, н, л, м;

В) щ, ш, х, ц; Г) у, т, з, ж.

**3. Тұйық буынды сөзді табыңыз:**

А) алма; Ә) ана; Б) ата; В) көк; Г) арна.

**4. Тек жіңішке дауысты дыбыстар қатарын**

**анықтаңыз:**

А) ә, ө, і; Ә) а, ә, е; Б) ы, і, и; В) э, о, ү; Г) о, ө, у.

**5. Тек ұяң дауыссыздарды көрсетіңіз:**

А) б, в, р, л; Ә) д, ж, с, в; Б) б, в, ғ, з;

В) п, у, х, в; Г) п, ғ, в, к.

**6. Тек ашық буынды сөзді анықтаңыз**

А) Кеше; Ә) Батыс; Б) Тағам; В) Даңғыл; Г) Ертең.

**7. Тек жуан дауысты дыбысты сөздер қатарын**

**көрсетіңіз:**

А) Ұлытау, қуғыншы; Ә) қыстыгүні, кітаптар;

Б) емхана, арбакеш; В) игілік, ержүрек;

Г) Кенесары, өнерпаз.

**8. «Ы» әрпі қойылатын сөзді көрсетіңіз:**

А) М...нез; Ә) Жазғ....; Б) Кәр...;

В) Бөр...к; Г) Д...мді.

**9. Қазақ тілінде неше үнді дыбыс бар екенін**

**көрсетіңіз:**

А) 9; Ә) 7; Б) 4; В) 5; Г) 8.

**10. Буынға қате бөлінген сөзді табыңыз:**

- А) Ад+ам;           Ә) Жо+лау+шы;   Б) Қа+йық;  
В) Жа+рай+сың;   Г) Құ+мырс+қа.

**11. Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар санын көрсетіңіз:**

- А) 10;   Ә) 9;   Б) 25;   В) 15;   Г) 30.

**12. Жіңішке, жуан дыбыстары араласып келген сөздерді табыңыз:**

- А) Қараша;   Ә) Қазір;   Б) Жұмысшы;  
В) Есенгелді;   Г) Дүйсенбі.

**13. Тек ұяң дауыссыз дыбыстар қатарын көрсетіңіз:**

- А) у, н, ң, л;   Ә) б, г, ғ, д;   Б) л, ч, ж, й;  
В) қ, к, т, с;   Г) п, ф, ғ, г.

**14. Тек ашық буыннан құралған сөзді табыңыз:**

- А) Ойбай; Ә) Алтай; Б) Шағала; В) Қарағай; Г) Өзге.

**15. Тек қана жуан дауысты дыбысы бар сөздерді белгілеңіз:**

- А) Сабак;   Ә) Ел;   Б) Жаздыгүні;   В) Күндіз;   Г) Бүгін.

**16. Ұяң дыбыстарды көрсетіңіз:**

- А) ч, ш;   Ә) й, л;   Б) қ, к;   В) б, в;   Г) р, у.

**17. Тұйық буынды сөздерді көрсетіңіз:**

- А) Марал, қант;   Ә) Арқа, көңілге;   Б) Бұғы, ұлт;  
В) Өрт, ас;       Г) Жоқ, от.

**18. Бірыңғай жуан дауыстылардан тұратын сөзді көрсетіңіз:**

- А) Келешек;   Ә) Аласа;   Б) Емхана;  
В) Білімпаз;   Г) Декан.

**19. Қатаң дауыссыздар қатарын табыңыз:**

- А) Б, В, Г;       Ә) Ф, Х, Ч;   Б) Б, Л, Қ;  
В) Ж, Р, С;       Г) Р, У, Н.

**20. Тек ашық буынды сөзді көрсетіңіз:**

- А) Ар-ман;       Ә) Ба-ла-мен;   Б) Қа-ла-ға;  
В) Өрт;           Г) Дәп-тер.

## Лексика.

### I. Сипаттама бойынша омонимдерді жаз.

	Сипаттама	Омонимдер
1.	Бірі – ағаш кесу құралы, Бірі – шырынды бал бұлағы.	
2.	Біресе – белгілі ауруымын балалардың, Біресе – қант берер өсімдікте бола аламын.	

II. Фразеологизмдерге сәйкес сөздерді аудармасымен жаз: далеко, тихий, талантливый, выделиться, жестокий, стыдиться, испугаться, умереть, быстро, обманывать.

	Фразеологизмдер	Сәйкес сөздер
1.	Ит өлген жер.	далеко – алыс.
2.	Сегіз қырлы, бір сырлы.	
3.	Қара бет, тас бауыр, тас жүрек.	
4.	Төбе шашы тік тұрды.	
5.	Көзді ашып-жұмғанша.	
6.	Дүниеден өтті.	
7.	Жерге кіргендей болу.	
8.	Көз бояу.	
9.	Көзге түсу.	
10.	Қой аузынан шөп алмас.	

## Лексика. Тест.

**1. Мағыналары бір-біріне қарама-қарсы сөздердің атауын табыңыз:**

- А) Омоним;    Ә) Көп мағыналы;    Б) Антоним;  
В) Синоним;    Г) Фразеологизм.

**2. Ауыспалы мағынада жұмсалып тұрған сөзді табыңыз:**

- А) Мамық төсек;    Ә) Суық жел;    Б) Кеңпейіл адам;  
В) Суық қолды адам;    Г) Салқын ауа.

**3. Мақалдардан антоним сөздерді табыңыз:**

- А) Бірлік, ынтымақ – байлық, бақ;  
Ә) Ынтымақ болмай, іс оңбас;  
Б) Көп сөз – көмір, аз сөз – алтын;  
В) Ел бірлігі – ел теңдігі;  
Г) Әлін білмеген әлек.

**4. Шешендік сөзді аяқтаңыз:**

*«Жаңбыр жаумаса, Жер – жетім,*

*Басшы болмаса, ....»*

- А) Күн – жетім;    Ә) Ел – жетім;    Б) Тау – жетім;  
В) Сөз – жетім;    Г) Жол – жетім.

**5. Синонимдер қатарын табыңыз:**

- А) Аймақ, қорық, белес; Ә) Күшті, ескі, қысқа;  
Б) Көркем, әдемі, әсем; В) Ашық, кең, жаңа;  
Г) Биік, аласа, ұзын.

**6. Ауыспалы мағынада қолданылып тұрған сөзді**

**көрсетіңіз:**

*Жаңбырсыз жер – жетім, жақсысыз ел – жетім.*

- А) Жаңбырсыз;    Ә) Ел;    Б) Жер;  
В) Жетім;    Г) Жақсысыз.

**7. Синонимді табыңыз:**

- А) Отан-отаншыл;    Ә) Әке-шеше;    Б) Өлім-өмір;  
В) Сыйлау-құрметтеу;    Г) Ақ-қара.

**8. «Пайда» сөзінің антонимін табыңыз:**

- А) Байлық;    Ә) Кедейлік;    Б) Зиян;  
В) Қамқорлық;    Г) Құн.

**9. «Ұлан-байтақ» сөзінің синонимін табыңыз:**

- А) Ұзақ, алыс, шалғай;  
Ә) Кең, ұлан-ғайыр;  
Б) Басқа, шалғай, шалқар;  
В) Шетсіз, қиыр-шығыс, алыс;  
Г) Жақын, тар, ұзын.

**10. Антонимі бар мақал-мәтелді табыңыз:**

- А) Еңбек етсең, емерсің;  
Ә) Батыр туса – ел ырысы;  
Б) Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей;  
В) Көз – қорқақ, қол – батыр;  
Г) Мектеп – кеме, білім – теңіз.

11. Мақалды толықтырыңыз: «Отансыз...  
ормансыз бұлбұл»

А) адам; Ә) ер; Б) ел; В) жер; Г) аспан.

12. Тура мағынасындағы сөзді көрсетіңіз:

А) Қоян жүрек; Ә) Темір тәртіп; Б) Қызыл жіп;  
В) Алтын қол; Г) Күміс дауыс.

13. Антонимдерді белгілеңіз:

А) Ұқсас-тәрізді; Ә) Ұнату-жақсы көру;  
Б) Сүю-жек көру; В) Оқиға-жағдай;  
Г) Сұлу-әдемі.

14. Омоним сөздерді табыңыз:

А) Қыздар, әйелдер; Ә) Жылдам, ақырын;  
Б) Алғаш, тұңғыш; В) Көзі, мұрны;  
Г) Сұлу, әдемі.

15. Синонимдік қатарды анықтаңыз:

А) Жақсы, тәртіпті, тез; Ә) Әдемі, сұлу, көркем;  
Б) Қиын, оңай, орташа; В) Тау, теңіз, көл;  
Г) Аңыз, әңгіме, өлең.

16. Мақалды аяқтаңыз:

*«Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның...»*

А) Сұранбай; Ә) Ойланбай; Б) Жыланбай;  
В) Тіленбей; Г) Білінбей.

17. «Биік, алыс» сөздерінің антонимін табыңыз:

А) Аласа, жақын; Ә) Баяу, тез;  
Б) Жақсы, жаман; В) Ұзын, қысқа;  
Г) Қысқа, артық.

18. Мақалдың жалғасын табыңыз:

*Жеті жұрттың тілін біл, Жеті түрлі ..... ..*

А) елге құрмет; Ә) білім біл; Б) тас жарады;  
В) ұлт жоқ; Г) тіл біл.

19. «Мол» сөзінің синонимін көрсетіңіз:

А) Қалың; Ә) Жиі; Б) Аласа; В) Көп; Г) Аз.

**20. Антонимнің анықтамасын табыңыз:**

- А) Жазылуы ұқсас, мағыналары әр түрлі сөздер;  
 Ә) Аяқталған ойды білдіретін сөз;  
 Б) Мағыналары қарама-қарсы сөздер;  
 В) Заттың қимылын білдіретін сөздер;  
 Г) Жазылуы әр түрлі, мағыналары ұқсас сөздер

**Морфология.****Зат есім.**

I. Етістіктер арқылы зат есімді табыңыз.

	Етістіктер	Зат есім
1.	Шығады, жылу береді, нұр төгеді.	
2.	Жүгіреді, қабады, ырылдайды.	
3.	Ұшады, ән салады.	
4.	Өседі, сарғаяды, жерге түседі.	
5.	Ағады, сарылдайды.	

Тапсырма:

1, 2 зат есімдерге морфологиялық талдау жаса.

II. *Әке, іні, қарындас, атасы, әжесі* – қай зат есімнің жалғаулары?

А.с. -

І.с. -ның

Б.с. -на

Т.с. -н

Ж.с. -нда

Ш.с. -нан

К.с. -мен

Тапсырма:

1. Қай сөздің жалғаулары?

2. Б.с., Т.с., Ж.с. жалғауларының ерекшелігі

3. Қай септік жалғауы үндестік заңына бағынбайды?

**Морфология.**

## Шылау сөздер.

№	Мысалдар	Септеулік шылау	Жалғаулық шылау	Демеулік шылау
1.	Мен, бен, пен.		+	
2.	Туралы, сияқты.			
3.	Ба, бе.			
4.	Кейде, бірде.			
5.	Кейін, шейін.			
6.	Және, әрі.			
7.	Бірге, қатар.			
8.	Өйткені, себебі.			
9.	-ақ, -ау.			
10.	Немесе, болмаса.			

### Тапсырмалар:

- кестені толтыр;
- шылау сөздермен сөз тіркестерін құрастыр;
- толық сөйлемдер құрастыр.

### **Морфология. Тест.**

**1. Есімдік мағынасына қарай неше түрге бөлінетінін көрсетіңіз:**

А) 6; Ә) 8; Б) 7; В) 9; Г) 5.

**2. Көмектес септігінде тұрған сан есімді табыңыз:**

А) Екінің; Ә) Екіде; Б) Екіден; В) Екімен; Г) Екіні.

**3. Жалқы есім қатарын анықтаңыз:**

А) қала, көше; Ә) әңгіме, мысал; Б) Сәуле, Қазыбек би; В) экономика, саясат; Г) мектеп, көше.

**4. Көп нүктенің орнына тиісті шылауды табыңыз:**

*«Отан ... от кешкендер»*

А) Ғана; Ә) Секілді; Б) Үшін; В) Туралы; Г) Бұрын.

**5. Туынды етістікті белгілеңіз:**

А) ойла; Ә) отыр; Б) тұр; В) жүр; Г) бар.

**6. Тәуелденген сын есімді табыңыз:**

А) Айтарың бар ма? Ә) Жақсың бар ма?

Б) Ешкімің жоқ. В) Біреуің кел. Г) Сенің балаң

**7. Жалпылау есімдіктерді табыңыз:**

- А) Бәрі, бүкіл, барлық; Ә) Өзім, ештеңе, олар;  
Б) Кеше, бүгін, түсте; В) Мен, әрқашан, ол;  
Г) Ешкім, ешнәрсе, ештеңе.

**8. Жалпы зат есімді көрсетіңіз:**

- А) Қала; Ә) Құсмұрын; Б) Айнакөл;  
В) Ұлытау; Г) Көкшетау.

**9. «Қарай, сайын» сөздерді қай сөз табына жататынын**

**табыңыз:**

- А) Одағай; Ә) Етістік; Б) Зат есім;  
В) Шылау; Г) Сын есім.

**10. Бұйрық рай етістігін анықтаңыз:**

- А) Барамын; Ә) Келіңіз; Б) Келер;  
В) Айтқым келеді; Г) Оқыса.

**11. Сын есімді табыңыз:**

- А) Найза; Ә) Мезгіл; Б) Сырт; В) Қышқыл; Г) Өнер.

**12. Топтау сан есімнің сұрақтарын анықтаңыз:**

- А) Қаншасы? Нешесі? Ә) Нешеден? Қаншадан?  
Б) Нешінші? Қаншасыншы? В) Нешеу? Қаншау?  
Г) Қанша? Неше?

**13. Көмектес септігіне қатысты септеулік шылауды**

**анықтаңыз:**

- А) Бірге; Ә) Шейін; Б) Соң; В) Үшін; Г) Кейін.

**14. Есімдіктерді табыңыз:**

- А) Адам, ойын; Ә) Істе, көр; Б) Бала, мектеп;  
В) Кім, біз; Г) Жазғы, көктемгі.

**15. Қалау райда тұрған сөзді табыңыз:**

- А) Айтып отыр; Ә) Айтуға болады;  
Б) Айтқан; В) Айтқым келеді; Г) Айтса.

**16. Сын есімді сөз тіркесін атаңыз:**

- А) Ұзақ жол; Ә) Гүрс-гүрс естілу; Б) Сөз сөйлеу;  
В) Тез ойлану; Г) Ойын ойнады.

**17. Есептік сан есімді көрсетіңіз:**



А) Он үшінші; Ә) Бесеу; Б) Жүз;

В) Екі жарым; Г) Бес-бестен.

**18. Сын есімнің салыстырмалы шырайын**

**анықтаңыз:**

А) Ауылдық; Ә) Ауыспалы; Б) Тәжірибесіз;

В) Әдемілеу; Г) Күзгі.

**19. Зат есімнен жасалған сын есімді көрсетіңіз:**

А) Кішкене төбешік; Ә) Адамның мінезі;

Б) Биіктеу төбе; В) Таулы жер;

Г) Ұзын ағаш.

**20. Болжалдық сан есімді табыңыз:**

А) Бес-бестен; Ә) Сағат бесте;

Б) Бесінші орын; В) Беске таман; Г) Бес адам.

**Синтаксис.**

I. «Жай сөйлем» тақырып бойынша тірек-схема құрастыр.

Мысалдар келтір.

II. 1. Жаңбыр жауып тұр, бірақ ...

2. Не бор жоқ , не ...

3. Саша қазір қыдырмайды, өйткені ...

Тапсырмалар:

- сөйлемдерді аяқта;

- сөйлемдердің түрін анықта;

- талдау жаса.

III. «Сабақтас құрмалас сөйлем» тақырыбы бойынша

тірек-схема құрастырып толық жауап бер.

IV. 1 .... (қашан?) , оқушылар үйіне кетеді.

2 .... (қашан?) , университетке түседі.

3 .... (қашан?) , балалар далаға шықты.

Тапсырмалар:

- сөйлемдерді толықтыр;

- сөйлемдердің түрін анықта;

- талдау жаса.

**Синтаксис. Тест.**

**1. Жайылма сөйлемді көрсетіңіз:**

- А) Оқу басталатын уақыт та жетті. Ә) Күн шықты.  
Б) Мұғалім көңілді. В) Мектеп тап-таза. Г) Таң атты.

**2. Жай сөйлемнің қай түріне жататынын көрсетіңіз:**

*Балалар кітапханаға кірді.*

- А) Жақты; Ә) Жақсыз; Б) Атаулы; В) Толымсыз; Г) Жалаң.

**3. Толымды сөйлемді табыңыз:**

- А) Абай Тоғжанмен қимай қоштасты.  
Ә) – Қайда барасың? Б) – Ертең театрға барасыз ба?  
В) Ертең келеді. Г) Өзеннен аулаймыз.

**4. Салалас құрмалас сөйлем түрін анықтаңыз:**

- А) Толымды сөйлем; Ә) Себеп-салдар;  
Б) Мезгіл бағыныңқы; В) Жай сөйлем;  
Г) Мақсат бағыныңқы.

**5. Жақсыз сөйлемді көрсетіңіз:**

- А) Қайда барасыз?  
Ә) Баяу ескен қоңыр жел.  
Б) Сабақтан кешігуге болмайды.  
В) Мен бүгін киноға барамын.  
Г) Отан-оттан да ыстық .

**6. Сабақтас құрмалас сөйлемді табыңыз:**

А) Бүгін күн бұлтты болады, оқтын-оқтын жаңбыр жауады.

- Ә) Бүкіл жайлау елінен, қырдан қонақтар келе бастады.  
Б) Қаздар, үйректер жылы жаққа ұшып кетті.  
В) Көрші отырсақ та, кездесе беруге уақыт жетпейді.  
Г) Оған аудармашы болу қиын, дегенмен қызмет атқарып жүр.

**7. Жай сөйлемнің қай түрі екенін анықтаңыз:**

*Дала боран.*

- А) Атаулы; Ә) Жайылма; Б) Жалаң;  
В) Жақсыз; Г) Толымсыз.

**8. Қарсылықты бағыныңқы сабақтасты анықтаңыз:**

А) Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

Ә) Қыс келгенмен, қар жаумады.

Б) Мен барғанша, ол театрға кетіп қалды.

В) Екі қолы дірілдеп, Оспан үйге кірді.

Г) Сабақ оқымай, бес алмайсың.

**9. Сөйлемді толықтырыңыз: Қазақстанның тұңғыш**

**Елбасы-...**

А) Қ.Тоқаев; Ә) Т.Әубәкіров; Б) И.Тасмағамбетов;

В) Н.Назарбаев; Г) Д.Қонаев.

**10. Жай сөйлемнің түрін анықтаңыз:**

**- Иә, білемін.**

А) Толымды; Ә) Жақты; Б) Атаулы;

В) Толымсыз; Г) Жақсыз.

**11. Мақсат бағыныңқы сабақтас сөйлемді табыңыз:**

А) Қонақтарға әр түрлі базарлық алу үшін біз бірнеше дүкендерді араладық.

Ә) Мен барғанша ол кетіп қалды.

Б) Күн жылы болады деп, біз серуенге шықтық.

В) Ол келіссе, біз кешке киноға барамыз.

Г) Оқушылар келген соң, сабақ басталды.

**12. Атаулы сөйлемді көрсетіңіз:**

А) Мен әлі отырмын. Ә) Айнала жап-жасыл екен.

Б) Мен ояумын. В) Көктем. Г) Таң атып келеді.

**13. Астана қаласы тамаша деп таңқалды келген досым. Осы сөйлемге қатысты сызбаны табыңыз:**

А) Автор сөзі: «Төл сөз?»- автор сөзі.

Ә) «Төл сөз?»- автор сөзі.

Б) Автор сөзі: «Төл сөз?».

В) «Төл сөз!»- автор сөзі.

Г) «Төл сөз,- автор сөзі - төл сөз?».

**14. Бастауышы болмайтын сөйлем түрін анықтаңыз:**

А) Жалаң; Ә) Толымсыз; Б) Жақсыз;

В) Атаулы; Г) Жақты.

15. Тек тұрлаулы мүшелерден тұратын жай сөйлем

түрін табыңыз:

- А) Жайылма;    Ә) Жақсыз;    Б) Жалаң;  
В) Толымсыз;    Г) Толымды.

16. Қаратпа сөзі бар сөйлемді табыңыз:

- А) Алма, сен бізге келесің бе?  
Ә) Мен бүгін сағат жетіде тұрдым.  
Б) Айнаның үйі ауылда.  
В) Құдияр үйге келді.  
Г) Автобусқа бір бала кірді.

17. Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді

табыңыз:

- А) Не мақсатпен?    Ә) Не себепті?    Б) Қашанға дейін?  
В) Неліктен?    Г) Неге?

18. Бастауыш нені білдіретінін табыңыз:

- А) Іс-әрекетті;  
Ә) Баяндауышта айтылған іс-әрекеттің иесін;  
Б) Қимыл-әрекеттің сынын;  
В) Заттың белгісін;    Г) Заттың сынын.

19. Дұрыс құрылған сөйлемді табыңыз:

- А) Сәттілік тілейміз үлкен осынау шараға біз.  
Ә) Біз осынау үлкен шараға сәттілік тілейміз.  
Б) Тілейміз үлкен сәттілік осынау шараға біз.  
В) Біз осынау үлкен шараға тілейміз сәттілік .  
Г) Үлкен осынау шараға сәттілік тілейміз біз.

20. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қай түріне жататынын

анықтаңыз: *Ол жақсы оқыса, университетке түседі.*

- А) Шартты;    Ә) Мезгіл;    Б) Себеп;  
В) Мақсат;    Г) Қарсылықты.

**Мәтіндермен жұмыс.**

**Қазақстанның рәміздері**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері 1992 жылы қаңтардың 26-сында бекітілді.

Мемлекеттік жалау көгілдір түсті, ұзындығы – 2 метр, ені – 1 метр. Жалаудың ортасында шұғылалы Күн бейнеленген. Оның астында – қыран құс. Жалаудың сол жағында ұлттық өрнек бар. Жалаудың авторы – Шәкен Ниязбеков.

«Таңбасыз ел болмайды, найзасыз ер болмайды», - дейді қазақ. Мемлекеттер елтаңбасында өсімдіктер немесе жануарлар мен құстар суреттеледі. Мысалы, Австралияда – түйеқұс, Ресейде – екі басты бүркіт, Қазақстанда – аңыз пырақтары. Мемлекеттік Елтаңбада шаңырақ бейнеленген, айнала уықтар шаншылған, оны пырақтардың қанаттары көмкеріп тұр. Елтаңбаның жоғары жағында жұлдыз, ал төмен жағында «Қазақстан» деген жазу бар. Елтаңбаның авторлары : Шота Уәлиханов, Жандарбек Мәлібеков.

2006 жылы қаңтардың 7-де қабылданып, 11-де жаңа әнұран алғашқы рет орындалды. Әнұранның сөзін жазған – Нұрсұлтан Назарбаев, Жүмекен Нәжімеденов, ал, әні – Шәмші Қалдаяқовтікі.

#### Тапсырмалар:

- мәтіннің мазмұнын айту;
- мәтінде берілген мәлімет әр Қазақстан азаматына керекті, неліктен?
- әңұранды айтып бер.

#### **Қызықты мәлімет алуға арналған тапсырмалар:**

- I. «Хабар» арнасы, «Мысырлық ұлы адамдар» бағдарламасы, «Ел-Арна»-«Азамат» жастар Парламенті», «Қазақстан»-«Көкпар» бағдарламасы
- не туралы;
  - бір бағдарламаның мазмұнын айту;
  - өз пікірін айту.

#### **Диалог құру дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар:**

- I. Досымен үй жануарлары туралы әңгімелеу, өз пікірін айту;

II. Серуендесыныптасымен қызықты кітап, қала, отбасы туралы әңгімелеу, өз пікірін айту.

**Монолог құру дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар:**

- I. Сүйікті пәні туралы әңгімелеу;
- II. Отбасының ұнайтын салт-дәстүрлері туралы әңгімелеу.

**Жазбаша тіл дамыту дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар:**

I. Сіз Ресейдегі досыңыздан хат алдыңыз. Жауап беріп хат жазыңыз: қала өмірі, өзіңіз туралы.

II. ҰБТ-ға арналған тестілердегі мәтіндермен жұмыс 5 тақырып бойынша берілген : 1) «Қазақстан Республикасы – тәуелсіз ел», 2) «Қазақстан Республикасының географиялық орны», 3) «Қазақстанның мәдениеті, өнері», 4) «Елтану», 5) «Қоршаған орта».

11-сыныпта сабақты «разминка» ретінде тақырыптар бойынша сұрақтармен бастаймын. Мысалы:

### **Қазақстан – тәуелсіз ел**

1. Бұқаралық ақпарат құралдары.
2. Қазақстан ұлттық валютасы қай жылы енгізілген?
3. Елтаңбаның түсі қандай?
4. Елтаңбаның бес бұрышты жұлдызы ненің белгісі?
5. Елбасының «Қазақстан – 2030» жолдауы жарияланған жыл.
6. «Невада-Семей» қозғалысының президенті.
7. ҚР Мемлекеттік жаңа әнұран сөзінің авторлары.
8. Мемлекеттік туымыздың түсі ненің белгісі?
9. Мемлекеттік елтаңбаның авторлары.
10. ҚР рәміздері қабылданған жыл.
11. Ғылым Академиясының тұңғыш президенті.
12. Қазақстан елінің ақшасы.
13. ҚР Конституция күні.
14. ҚР Мемлекеттік Елтаңбасында не бейнеленген?

15. Ата Заңымыз қай жылы қабылданды?

16. Қазақстанда облыстар қай жылы құрыла бастады?

### **ҚР географиялық орны**

1. Батыс Қазақстанда өндірілетін кенді анықтаңыз.

2. Шабғар деп Қазақстанда қай қаланы атаған?

3. Қазақстанның көне қалалары.

4. Қазақстанның орналасқан жерін анықтаңдар.

5. Қазақстанның ең ірі өзендері.

6. Әбу Насыр әл Фарабидің туған қаласы.

7. Қазақстанның солтүстігінде орналасқан қалалар.

8. Қазақстан солтүстігі мен батысында қай елмен шектеседі?

9. ХІХ ғасырдың басында «Ақмешіт бекінісі» атанған қала.

10. Арал теңізінің солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан қорық.

11. Қазақстанның көне қалалары.

12. «Екінші Мекке» деп атанған қала.

13. Қазақстанның ең биік шыңы.

14. Еліміздің көмір ошағы қай қала?

15. Алтай неге бай?

16. Батыс Қазақстанда не өндіреді?

17. Қостанай облысында не шығарады?

### **Қазақстанның мәдениеті, өнері**

1. Қазақтың тұңғыш кинорежиссері.

2. Құрманғазының шәкірті.

3. Ш.Уәлихановтың шын аты.

4. «Отырар сазы» оркестрін ұйымдастырған композитор.

5. Қазақ бейнелеу өнерінің негізін салған суретші.

6. Сахнада Еңлік, Қыз Жібек бейнелерін ойнаған бұлбұл өнші.

7. Қазақ, қырғыз халықтарының әдеби мұраларын зерттеген ғалым.

8. Ш.Айманов еңбек еткен сала.
9. Қазақтың алғашқы академигі.
10. Қазақтың тұңғыш журналистері.
11. «Диуани лұғат-ат түркі» кітабының авторы.
12. Қазақтың ұлттық саз өнері аспабы.
13. Ә.Қастеевтің «Қарындасым» портреті қай өнер түріне жататынын анықтаңыз.

14. Қазақ театрының алғаш шымылдығын ашқан пьеса.
15. 1925 жылы Парижде ән шырқаған әнші.
16. Әбілхан Қастеев кім екенін анықтаңыз.
17. Қай жылы қазақтың ұлттық театры ашылды?

### **Елтану. Қоршаған орта.**

1. Қазақ халқының ежелгі баспанасы.
2. Қазақтың алғашқы академигі.
3. Мектепте қосымша кітап оқитын орынды анықтаңыз.
4. Қазақстанның жер көлемін анықтаңыз.
5. Кіші планетаға аты берілген қазақтың ғалымы.
6. Қаз дауысты Қазыбек қай жүздің биі?
7. Сидней олимпиадасының чемпионы атанған Қазақстан спортшысы.

8. Талғат Мұсабаев кім екен?
9. Қабанбай батырдың шын аты.
10. Қазақ хандығында ең жоғары билеуші.
11. «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жазуға қатысқандар.
12. Абылай ханның кеңесшілері болған билер.

Тапсырмалардың түрлері оқушыларды: ерекше ойлауға; өз идеяларын ашық айтуға; болжамдар жасай білуге; берілген мәселеге тереңірек бойлауға; білімге деген жетіспеушілігін сезінуге (дискомфорттық); белгісізге қарай табысты түрде қадамдар жасай білуге үйрете отырып, олардың бойларына құзыреттілік қасиеттердің белгілерін қалыптастыратындай орта жасауға болады екен деген пікірге келдім.



## САБАҚ ЖОСПАРЫ – МҰҒАЛІМНІҢ БАСТЫ ҚҰРАЛЫ

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы – аса жауапты іс. Мұғалім өзі оқытатын пәнді қанша жақсы білгенімен, әр сабағына жеке даярланып отырмаса, оның сабақ оқытуында ірі кемшіліктер болары сөзсіз.

Егер сабақ көңілсіз өтсе, мұғалім сабақты босаң және енжарлықпен өткізсе, онда, сөз жоқ, бұл мұғалімнің сабаққа дайындалу ісіне немқұрайдылықпен қарауы, сабаққа деп бөлінген 45 минут уақытты толық әрі жан-жақты пайдалануға деген оның ұмтылысының жоқ екендігінде деп қарауға болады. Мұғалім әр кез «40 жыл мұғалім болып істесең де, 45 минут сабағыңа әзірленуді ұмытпа!» дегенді есте ұстауы керек.

Жақсы жоспарланған, мұғалімнің нәтижелі даярлығын бейнелейтін сабақ сыныптағы оқу жұмысын ойдағыдай өткізудің ең жақсы кепілі болады. Сондықтан сабаққа мұқият дайындалу, оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесін ойластыру жұмысын әрбір мұғалім «өзімнің ең басты міндетім» деп сезінуі тиіс.

Қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімнің басты мақсаты – оқушының қазақша ойлауын дамытуға көмектесу. Ауызша сөйлеуге үйретуде мұғалім үнемі коммуникативті сөйлеу мақсатындағы жағдаяттық тапсырмаларды сабақта пайдаланғаны жөн, себебі оқушы мұндай тапсырмаларды

орындау үшін *ізденеді, ойланады және әңгімеге араласады*. Осындай тапсырмалар негізінде оқу үдерісінің құрылымы жаңғыртылады, өзгереді, сабақтың тиімділігі артады, оқушылардың еркін ойлауына, қызығушылығын арттыруына және жаңа сөздерді есінде тез сақтауына көмектеседі. Осы тұрғыда мұғалім мен оқушы үнемі ынтымақты жұп құруға және қарым-қатынасқа құрылған коммуникативті тапсырмаларды орындауға әрекет етеді. Бұл мақсатта интерактивті әдістерді қолдануға болады.

Мұғалім сабақты оқушы интерактивті қарым-қатынасқа түсе алатындай жағдайда бастауы керек. Мұғалім оқушылармен күнделікті жаңалықтар, ауа райы, тіршілік және қоғам мәселелері тақырыптарында әңгімелесіп, уәж тудырады. Сабақта уәж тудыру үшін тақырыпқа қатысты 1-2 танымдық сұрақ беруге болады. Жаңа тақырыпты түсіндіру кезеңінде инновациялық әдістемені қолданудың берері мол. Жаңа тақырып бойынша меңгеруге арналған мәтін, сөйлеу жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылар тақырыпқа қатысты ойларын, жеке пікірлерін айтып, талқылап, әңгімелесіп, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігіне ие болады.

Төменде мұғалімдерге әдістемелік көмек ретінде оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныбына арналған бір сабақтың толық жоспарын беріп отырмыз. Әр сабақты нақты жоспарлап, тіл үйретуде амал-тәсілдерді дұрыс таңдай білуіне септігін тигізер деген ниетпен сабақ барысында пайдаланылған оқу материалдарын игертудің амал-тәсілдерінің әрқайсысына жеке-жеке әдістемелік түсініктеме берілді.

### **САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ**

Сабақтың реттік саны \_\_\_\_\_ Өткізілетін уақыты \_\_\_\_\_

**Сабақтың тақырыбы:** Отбасылық бюджетті басқару.

**Сабақтың мақсаты:** Оқушыларға коммуникативтік бағытта берілген тапсырмаларды меңгерту, коммуникативтік дағдысы мен білігін қалыптастыру.

**Сабақтың міндеттері:** **білімділік** - экономика, отбасылық бюджет, қаржы саласындағы жиі қолданылатын лексика мен грамматиканы сөз, сөз тіркестері, сөйлем деңгейінде меңгерту; **дамытушылық** - қатысымдық тұрғыдағы әр түрлі тапсырмаларды орындау барысында оқылым, тыңдалым, сөйлесім, жазылым дағдыларын, өзіндік көзқарасын қалыптастыру, экономикалық ой-өрісін дамыту; **тәрбиелік** - оқушылардың қаржылық сауаттылығын арттыру, жеке бас және отбасы бюджетін басқару негіздері бойынша білімін жетілдіру.

**Типі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, қатысым әдістері. **Көрнекілігі:** компьютер, интерактивті тақта, электронды оқулықтар. **Оқыту формасы:** жеке-дара, жұптық. **Пәнаралық байланыс:** экономика, математика.

Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру кезеңі (2 минут):**

1. Балалармен сәлемдесу.
2. Ұйымдастыру сұрақтары (кезекшімен сұхбат, күнделікті жаңалықтар, ауа райы, қоғам мәселелері туралы әңгіме өрбіту).

**II. Үй тапсырмасын сұрау (10 минут).**

**III. Жаңа сабақ (25 минут):**

**1. Тыңдалым. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін тыңдаңдар, сөздіктен қарап аударыңдар.**

*Отбасы мүшелері, басқару, жоспарлау, анықтау, кіріс, шығыс, төлем, жарату, қаржылық мақсат, қаржылық жоспар, нұқсан келтірмеу, құн, қатаң тәртіп, қаражат, сұраныс, еңбекақы, қажеттіліктерге жұмсау.*

**2. Айтылым. Берілген сөз тіркестерін қатыстырып, сөйлем құрастырып айтыңдар.**

Отбасы мүшелері, бюджетті жоспарлау, қаржылық жоспар, қатаң тәртіп, еңбекақы, қажеттіліктерге жұмсау.

### **3. Тыңдалым. Мәтінді мұқият тыңдаңдар.**

Отбасылық бюджетті басқару – тұтас бір өнер. Шын мәнінде, бұл – әдетте, бір айлық мерзімге құрылатын отбасының ақшалай кірісі мен шығысын реттеу жоспары.

Отбасылық бюджетті жылдам әрі қалай болса солай жұмсай беретін болса, онда ол ешқашан ең негізгі қажеттілікке де жетпейтін болады. Отбасының бюджетін жоспарлап, оны кішкентай балаға дейінгі отбасының барлық мүшелері сақтауы тиіс.

Отбасының әрбір мүшесі өзінің жеке кірісі мен шығысын анықтап алуы қажет және өзінің құрған бюджетінің орындалу жауапкершілігін өз мойнына алуы тиіс. Мектеп жасындағы оқушының да, студенттің де “өз” ақшасы болуы мүмкін, егер бірінші айдың өзінде олардың жұмсаған шығыны өзінің қаржы шегінен асып кетсе, онда екінші айда оған тәбетін азайтып, шығын жұмсау ісіне салмақтырақ қарауға тура келеді.

Біз әркез ақшаның жетіспеушілігіне шағымданамыз. Ақшаны біз, әрине, табамыз, бірақ ол құм сияқты қолдан сусып кете береді. Балалар еркелікпен қажеті шамалы заттарды сатып алуды талап етулерін азайтса, үлкендер жағы сәнділік пен бос шығынға әкеп соқтыратын жаман әдеттеріне ақшаны аз жұмсайтын болса, бұл – отбасы бюджетіне нұқсан келтірмей, әр отбасының өз қаржылық мақсаттарына жетуіне мүмкіндік берері сөзсіз.

Үнемделген ақшаның тапқан ақшадан еш өзгешелігі жоқ. Еңбекпен келген 1000 теңге мен үнемделген 1000 теңгенің құны бірдей. Ең бастысы, жеке қаржы есебі мен отбасылық бюджетті жоспарлау ғана отбасының жарқын болашағына үміт беретінін отбасының әрбір мүшесі терең

түсінуді керек. Ірі бірлестіктерге қараңызшы, олардың сондай ірі әрі танымал болуларының негізгі себебі – олардың қатаң тәртіптегі қаржылық жоспармен жұмыс істеулерінде.

*«Отбасылық бюджетті басқару негіздері» кітабынан.*

### **Тапсырма:**

1. Мәтінді бірнеше рет тыңдаңдар.
2. Диктордың сөйлеу мәнеріне назар аударыңдар.
3. Мәтіндегі қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс айтылуына назар аудара отырып, мәтінді өздерің бірнеше рет оқыңдар.

**4. Жазылым.** Мәтіннің әр азат жолындағы негізгі ойды білдіретін сөз тіркесі немесе сөйлемді теріп жазыңдар.

**5. Айтылым.** Жазғандарыңа сүйеніп мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып шығыңдар.

**6. Тыңдалым.** Кейіпкерлердің әңгімесін тыңдаңдар.

- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметпін.
- Сіз отбасы бюджеті дегенді қалай түсінесіз?
- Отбасы бюджеті дегеніміз – отбасының ақшалай табыстары мен шығындарын реттеу жоспары.
- Отбасының бюджеті неге байланысты?
- Отбасының бюджеті еңбекақыға байланысты.
- Отбасының бюджетіне кім жауапты?
- Отбасының бюджетіне барлық отбасы мүшелері жауапты.
- Отбасында өздік есеп болу керек пе?
- Әрине, отбасы қаражаты есеппен жұмсалуды керек.
- Отбасы мүшелері тапқан еңбекақыларын үнемдеуді керек пе?
- Иә, тапқан еңбекақыларын ысырап қылмай, келесі еңбекақыларына дейін үнемдеп жеткізу керек.
- Сіз отбасы бюджетін қалай жоспарлайсыз?
- Мен отбасы бюджетін бір айға жоспарлаймын.

– Отбасы бюджетіне түскен қаражатты қандай қажеттіліктерге жұмсайсыз?

– Отбасы бюджетіне түскен қаражатты азық-түлікке, киім-кешекке, коммуналдық төлемдерге жұмсаймын.

– Отбасы бюджетін үнемдей аласыз ба?

– Иә, отбасы бюджетін үнемдей аламын.

– Сұхбатыңызға рақмет. Сау болыңыз.

– Сау болыңыз.

### Тапсырма:

1. Кейіпкерлердің әңгімесін бірнеше рет тыңдаңдар.

2. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне назар аударыңдар.

3. Кейіпкерлердің орнына өздерің сөйлеңдер.

### 7. Тілдесім. Сұрақтарға жауап беріңдер:

1. Сұхбат не туралы?

2. Сұхбатқа қанша адам қатысып тұр?

3. Отбасының бюджеті неге байланысты?

4. Отбасы мүшелері тапқан еңбекақыларын қалай үнемдейді?

5. Отбасы бюджеті қандай мерзімге жоспарланады?

6. Отбасы бюджетіне түскен қаражат қандай қажеттіліктерге жұмсалады?

7. Отбасы бюджетін үнемдеу не үшін керек деп ойлайсың?

**8. Айтылым. Жағдаят.** iPod – қазіргі заман балалары үшін ең керемет сыйлық. Сен де Apple-дың планшетін сатып алғың келеді. Бірақ отбасы бюджетінде саған мұндай қымбат сыйлық әперу жоспарланбаған. Планшетті өз ақшаңа сатып алу жолдарын қарастыр, оған ақшаны қалай жинар едің?

1) Ата-анам берген қалта ақшамды үнемдеймін.

2) ... және тағы басқалары.

**Грамматика.** Сөзжасам. Туынды сын есімді қайталау.

**Жұрнақтар  
(суффиксы)**

**Прилагательные,  
образованные от именных  
частей речи**

1. *-лы, -лі, -ды, -ді,  
-ты, -ті*

*далалы, орманды, күшті*

2.	-сыз, -сіз	кінәсіз, баласыз
3.	-ғы, -гі, -қы, -кі	жазғы, кешкі, сыртқы
4.	-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	қалалық, аудандық, отбасылық
5.	-шыл, -шіл	кекшіл, ойшыл
6.	-шаң, -шең	бойшаң, сөзшең
7.	-дай, -дей, -тай, -тей	тастай, судай
8.	-қой, -қор	сәнқой, әуесқой, еңбекқор
9.	-и, -ы, -і	тарихи, қазақы

### Жұрнақтар

### Прилагательные, образованные от глагола

1.	-зак, -гек, -зақ, -кек, -ақ, -ек	жабысзақ, үркек
2.	-ақ, -ік, -қ, -к	ақсақ, ашық
3.	-ғыш, -гіш, -қыш, -кіш	білгіш, айтқыш
4.	-ғыр, -гір, -қыр, -кір	тапқыр, алғыр
5.	-шақ, -шек	ұялшақ, мақтаншақ
6.	-ынды, -інді, -нды, -нді	асыранды, үйінді
7.	-малы, -мелі, -палы, -пелі, -балы, -белі	ауыспалы, созбалы, аспалы
8.	-ымды, -імді, -мды, -мді	шыдамды, төзімді
9.	-аған, -еген	қабаған
10.	-улы, -улі	ілулі, асулы
11.	-ыңқы, -іңкі, -ңқы, -ңкі	басыңқы, бағыныңқы, көтеріңкі

## 9. Оқылым. Мәтінді оқындар.

Коммуналдық шығыстарды басқару.

Тегін әрі шектеусіз қордың болу заманы баяғыда өткен. Бұл күні суды, электр қуатын, жылу беру жүйесін және газды пайдалану төлемі күн өткен сайын қымбаттай түсуде. Ай сайын отбасы бюджетінен коммуналдық шығыстарды өтеуге қомақты қаржы кетіп жатады. Шығыстың бұл бөлімін қысқартудың ең қарапайым тәсілдеріне тоқталып өтейік.

**Ыстық және суық суды** пайдаланғанда суды есептеп тұратын құралдың болмауы үлкен қаржы шығысына апарып

соқтырады. Суды үнемді пайдаланған кезде оған орнатылған есептегіш – ақшаны үнемдеудің жақсы тәсілі екенін естен шығарма.

**Электр қуаты.** Бүгінгі таңда үкімет тарапынан электр қуатын үнемдеу үшін барлық жағдай жасалған. Үйде қолданылып жүрген әдеттегі қыздырғыш шамдарды электр қуатын үнемдейтін түрлеріне ауыстыруға болады. Қуатты үнемдеумен қатар, ондай шамдар тұтынушыға 8-10 жыл бойы қызмет етеді. Жаңа тұрмыстық техниканы сатып аларда электр қуатын үнемдейтіндігіне қарап таңдау керек. Әдетте, олардың бетінде «А тобы» деген белгі тұрады. Егер таңдау жасауға қиналсаң, кеңес беруші-сатушымен ақылдас. Ол саған электр қуатын үнемдейтін үлгіні таңдап бере алады.

*«Отбасылық бюджетті басқару негіздері» кітабынан.*

### **10. Тілдесім. Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Мәтін не туралы?
2. Өз отбасыңда коммуналдық шығыстарды өтеуге қанша қаржы кететінін білесің бе?
3. Коммуналдық шығыстардың көлемін қалай азайтуға болады деп ойлайсың?
4. Сенің пәтерінде ыстық және суық суға есептеуіш құрал орнатылған ба?
5. Жаңа тұрмыстық техниканы сатып аларда қалай таңдау керек?
6. Таңдауға қиналсаң, кіммен ақылдасу керек?

### **11. Жазылым. Мәтіннен сын есімдерді тауып, үлгі бойынша бөліп жазыңдар.**

*Үлгі:* негізгі сын есімдер: *тегін*, ... туынды сын есімдер: *өлішеусіз*, ...

### **12. Жазылым. Мәтіннің бірінші азатжолын көшіріп жазып, сөйлем мүшелеріне талдаңдар.**

### **13. Жазылым. Үй төлемінің түбіртегін толтырып үйренеміз.**



услуги

дербес шот	– лицевой счет
төлеуші	– плательщик
жалпы аудан	– общая площадь
сумен жабдықтау	– водоснабжение
суды бұру	– водоотведение
эксплуатациялық шығындар	– эксплуатационные

расходы

есептелген	– начислено
қайта есептеу	– перерасчет
өсімақы	– пеня
қарыз	– долг
артық төлем	– переплата
төлемге	– к оплате
төлеу мерзімі	– срок оплаты

**IV. Сабақты бекіту және қорытындылау (4 минут)**

- Балалар, сендер бүгін қандай ақпарат алдыңдар?
- Қандай қосымша ақпарат алғыларың келеді?
- Бүгінгі сабақта қанша сөз үйрендіңдер?
- Бүгінгі сабақта қандай мәселе көтерілді?

**V. Бағалау (2 минут)**

**VI. Үйге тапсырма (2 минут)**

1. Тақырып бойынша сұхбаттасуға дайындалу.
2. Отбасының коммуналдық төлемдерге кеткен қаражаты жөнінде жазғанын ауызша баяндау.

3. Мәтін мазмұны бойынша аннотация жазу.

Жалпы «Отбасы бюджеті» тарауындағы материалдарды меңгеру оқушы үшін аздап қиындық туғызуы мүмкін. Өйткені осы уақытқа дейінгі қолданыстағы оқулықтарда бұл тақырып мүлдем оқытылмағандықтан, оқушылардың тақырып төңірегінде сөздік қорлары жинақталмаған. Сондықтан да оқушыға бұл тарауды меңгерту мұғалімнен

үлкен дайындықты қажет етеді.

«Отбасы бюджеті» тарауы арқылы оқушылар экономика, отбасылық бюджет, қаржы саласындағы жиі қолданылатын лексика мен грамматиканы меңгереді. Тақырып бойынша өзіндік көзқарасы қалыптасып, экономикалық ой-өрісі дамиды, қаржылық сауаттылығы артады.

«Отбасылық бюджетті басқару» тақырыбы «Отбасы бюджеті» тарауының 2-сабағы. Жаңа сабақты бастамас бұрын үй тапсырмасын сұрау барысында алдыңғы «Отбасылық бюджет дегеніміз не?» тақырыбы бойынша барлық тапсырмаларға шолу жасап өту керек. Мұның жаңа тақырыпты меңгертуде тигізер пайдасы зор. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарда бұл тақырыпқа 3 сағат беріледі. Сондықтан қай жұмыс түрін қай сабақта қолданатынын, қандай әдіс-тәсілдерді пайдаланатынын мұғалім өзі жоспарлай алады.

Жаңа сабақ сөздікпен жұмыстан басталады. Жаңа тақырып бойынша меңгерілетін сөздер мен сөз тіркестері мыналар: *отбасы мүшелері, басқару, жоспарлау, анықтау, кіріс, шығыс, төлем, жарату, қаржылық мақсат, қаржылық жоспар, нұқсан келтірмеу, құн, қатаң тәртіп, қаражат, сұраныс, еңбекақы, қажеттіліктерге жұмсау*. Бұл сөздердің бәрі жаңа сабақтағы тапсырмаларда жиі кездеседі. Енді осы сөздерді есінде ұзақ сақтауы үшін оқушылар оқулықтағы мына тапсырмаларды орындайды:

1. Бұл тапсырма жаңа сөздерді фонетикалық тұрғыдан дұрыс айтуға арналған. Егер оқушы сабақтың басында жаңа сөздерді дұрыс айтып жаттықпаса, сол айтып үйренгені бойынша қалыптасып кетуі мүмкін. Сондықтан бұл тапсырмада дыбыстар мен жаңа сөздердің дұрыс айтылуына ерекше мән берген жөн. Тапсырма бойынша оқушылар басым сөздерді оқиды, сөздіктен қарап аудармасын табады. Осылайша жаңа сөздерді бірнеше рет оқып, қайталау арқылы

оқушының тіліжаттығады әрі есінде қалады. Оқушы жаңа сөздерді дұрыс айта білсе, оның сауатты жазылуына да мән береді.

2. Оқушының назарын жаңа сабаққа аудару мақсатында сабаққа қатысты сөз тіркестерімен сөйлем құрастыруға тапсырма беріледі. Мәтінге дейінгі бұл тапсырмалар мәтінді меңгерту барысында пайдасын тигізеді.

3. Мәтінді тыңдалым арқылы меңгерту. Тыңдалым, яғни, аудирование – соңғы жылдары оқу үдерісінде кеңінен орын алып жүрген маңызды салалардың бірі. «Аудирование» деген термин «есту арқылы түсіну» деген мағына береді. Тіл үйренуде тыңдалымның маңызы мен ерекшелігін белгілейтін ең басты көрсеткіш – тыңдалымға арналған мәтін, яғни, аудиомәтін. Аудиомәтінмен жұмыс істеудің тиімділігі мынада: біріншіден, қажетті ақпаратты күшті әсерлілікпен жеткізеді; екіншіден, оқушының бақылаушылығы мен талдау дағдыларын жетілдіреді; үшіншіден, өз пікірін, ойын тұжырымдап айтуға үйретеді. Таспа арқылы тыңдалатын мәтін оқушының тілін дамытады. Тіл үйренудегі тыңдау сөйлеумен тығыз байланысты. Оқушыға таспадан естігенін қазақ тілінде пайдалану қажеттігі туады. Таспадан тыңдалған мәтін бойынша сұрақ қою – ең тиімді жол, өйткені оқушы сұраққа дұрыс жауап беру үшін мәтінді ынтамен тыңдап, мәнін түсінуге тырысады.

4. Оқушының мәтінді қай деңгейде түсінгенін тексеруге арналған тапсырма. Мәтіннің әр азатжолындағы негізгі ойды білдіретін сөз тіркесі немесе сөйлемді теріп жазады.

5. Жазғандарына сүйеніп мәтіннің қысқаша мазмұнын айтып шығады.

6. Сұхбат жаңа лексикалық минимумды қамтитындықтан, сұхбат бойынша тапсырмаларды орындау барысында оқушының отбасы бюджетіне байланысты сөйлеу дағдысы қалыптасады. Әуелі сұхбатты мұқият тыңдап, кейіпкерлердің

сөйлеу мәнеріне оқушылардың назарын аудару қажет. Сұхбат мәтіні арқылы оқушы тағы да жаңа сөздерді тыңдайды, оқып жаттығады. Сұхбатпен жұмыс жүргізгенде рөлге бөліп оқу, дауыс ырғағын жөндеу, берілген тақырыпта өз бетінше сұхбаттасу жұмыстарын жүргізуге болады.

7. Сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың жоғарыда берілген мәтінді қалай түсінгендерін тексеру әрбір оқушыларды сөйлеуге жетелеу көзделген.

8. Жағдаят. Жағдаяттық тапсырмалар оқушылардың қызығушылығын тудырып, өздігінен шешім жасауға ынталандырды, қазақ тілінде белгілі бір өмірлік жағдаяттар төңірегінде сөйлесім дағдылары дамиды. Бұл жағдаяттық тапсырманы орындау барысында мынадай нәтижеге қол жеткізуге болады: тапсырма мазмұны оқушы өміріне етене жақын болғандықтан, шынайы орындалады, оқушылардың шынайы коммуникативтік қажеттілігіне дәл келіп, белгілі ортада өз ойын жеткізуге көмектеседі, сондықтан ол оқушылар үшін қызықты болды.

9. Тапсырмаларда оқушыларға коммуналды шығыстарды басқару жөнінде пайдалы кеңестер беріледі. Бұл тапсырмалардың мақсаты – коммуналдық төлемдерді төлеу кезінде жиі кездесетін лексикалық минимумды меңгерту, оқушыны өз бетінше сөйлеуге дайындау.

10. Оқушылардың мәтінді қалай түсінгендерін тексеру мақсатында сұрақ-жауап әдісі қолданылады.

11. Тапсырма сын есімді қайталауға берілген. Оқушылар туынды сын есімдер тудырушы жұрнақтарды алдында берілген кесте арқылы қайталайды, негізгі және туынды сын есімдердің айырмашылықтарын тапсырманы орындау арқылы естерінде сақтайды.

12. Сөйлем мүшелерін қайталауға берілген тапсырма.

13. Тапсырма қазақ тілінде қысқаша мәтін жаза білуге үйрету мақсатында берілді. Оқушы отбасы бюджетінің

коммуналды шығыстарға кететін қаражатын нақты жаза отырып, пәтерақы түбіртегінде кездесетін қазақша атауларды сауатты жазып үйренеді. Жаңа сөздерді әдейі жаттамай, жұмыс барысында есте сақтайды. Бұл тапсырмада сауатты жазуға және сөйлемдердің стильдік жағынан дұрыс құралуына мән беру қажет.

Үй тапсырмасын бергенде, жаңа сөздерді әдейі жаттау емес, жұмыс барысында есте сақтау керек екендігін ескерген жөн. Сондықтан да, үй тапсырмасына оқулықтағы тапсырмалардан басқа тақырыпқа қатысты жоба, эссе, конспект, аннотация сияқты оқушы қызығушылығын тудыратын өздік жұмыстар беруге болады. Ал бұл тапсырмаларды мұғалім оқушының білім, білік деңгейлерін, психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып береді. Мысалы, орыс сыныптарында қазақ тілін еркін меңгерген қазақ балалары кездеседі, оларға жоба, эссе сияқты шығармашылық ізденістерге жетелейтін тапсырмалар берілсе, тілді орта деңгейде меңгерген балалар үшін өлеңнен үзінді жаттау, сұхбат түрлерін оқып жаттығу сияқты жеңілдірек тапсырмалар беруге болады. Сондай-ақ, алдыңғы сабақта үйге берілген тапсырмаларды уақытында ұмытпай тексеріп отырған жөн. Ол – оқушыларды сабаққа жауапкершілікпен, ұқыптылықпен қарауға жетелейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Ф.Оразбаева. Қазақ тілін деңгейлік меңгеруге арналған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені. А., «Жазушы», 2007. Авторлық құрамда;
2. Д.Шардарбеков. Қазіргі заман сабағы: құрылымы, талдау әдістері. А., 2008;
3. Қ.Қадашева. Оқу орыс тілінде жүретін жалпы білім беретін мектептердің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешені. Астана: «Ел-Пун», 2010. Авторлық құрамда.



**Айнұр ЕРДЕНОВА,**  
**Ақмола облысының**  
**Щучинск қаласындағы**  
**Жоғары техникалық мектебінің**  
**қазақ тілі мен әдебиеті**  
**пәнінің оқытушысы.**

## **ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВТЫҢ «ДАРАБОЗ» РОМАНЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ**

Тарихи романдар – өткен тарихтың маңызды оқиғала-рын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын туындылар. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі.

Тарихи шығарма сол өткен заманның әлеуметтік-эстетикалық қайта құрылымы ғана емес, онда бүгінгі уақыттың да философиялық тұжырымдамасы жатады. Тарихи шығармалардың өмір танытқыштық мәнін айтқан кезде, онда бүгінгі рухани тіршілігімізге қатысты көп мәселелер қамтылатынын ескеру керек.

Ел бірлігі, ұлт бірлігі 70-80 жылдардағы қазақ тарихи романдарының басты тақырыбына айналды және таптық, революцияшылдық ағымдағы әдебиеттен өзгеше аңғар танытты. Қазақ елінің сан ғасырлық тарихын байлар мен кедей таптардың қырқысуында көрсет деген тоталитарлық саясаттан бұра тартып, басқаша сарында бағыт алды. Бүкіл қазақ даласы көркем шығарманың негізгі эпикалық өрісі болғанда, сол даланың ұлт-азаттық идеясын ту етіп көтерген

қазақ тарихы қаһармандары оның бас кейіпкеріне айналды. Тәуелсіздік жылдары Жұмаділов қаламының қарымы тіптен асқақ естілді. Тәуелсіздіктен бергі кезеңде жазушы қаламынан «Дарабоз» роман-дилогия, «Прометей алауы», «Қыл көпір» романдары мен тағы қанша әңгіме, повестер туды. Қазіргі кезде біреулер жарапазан айтқандай жалаулатып жүрген ұлттық идеология туралы алғашқы болып айтқан да, жазған да Жұмаділов болатын.

90-жылдары қазақ елі ежелгі арманы тәуелсіздікке қол артқанда тарихи роман тың серпін танытып, бұның алдындағы туындыларда жеріне жеткізе қазылмаған, аршылмаған көп-көп жаңалық ақиқаттарды бүкпелемей, сыздықтатпай бар дауыспен, ашық айтып берді. Бұл ретте алдымен ауызға алынатын шығарма – жазушы Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз» роман-дилогиясы.

Шығармаға «Қаракерей Қабанбай батыр туралы тарихи роман» деген қосалқы ат қойылған. Роман екі кітаптан тұрады. Бірінші кітабының аталымы – «Толас». Екіншісі – «Шүршіт шапқан», «Алаш туы астында» және «Ақырғы айқас» дейтін үш бөлімнен бас құрайды. Қаракерей Қабанбай батыр – XVIII ғасырдың маңдай алды тұлғаларының бірі. Абылай хан үкілеуінде – дарабозы. Оның есімі фольклор, қазақ ауызекі эпосында және талай тарихи көркем туындыларда ерекше бейнеленіп отыратыны белгілі. Мұның бәрін «Дарабоз» романының авторы мұқият есепке алған.

Жазушы шығармасы құпталып та, қай тұсы сыналып та үлгерді. Өз тарапымыздан айтсақ, құпталатын тұстары әлдеқайда басым. Роман-дилогияның ұзына бойына әдемі әуенімен баурайтын ән қайырмасындай кредосы бүгінгі ары тарт пен бері тартқа салынып дау-дамайлатып жүрген ұлттық идея түсінігінде жүрегіңнің ең төрінен орын алады. Ол кредо Төле би сөзімен былайша тұжырымдалады: «...

Халқымыздың қазақ деген есімі – азат деген сөзбен төркіндес. Азаттықтан айырылғаны – қазақтың құрып біткені...». Қазақ ұлттық есіміміз үш жүз боп бөлшектенуден емес, үш жүздің ажырамас тұтастығынан тұрады дейді роман. Шығарма соңғы нүктесіне дейін сол мәселелі жауапты ойға толы. Халық боп бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығармай, төре, сұлтандардың бір қазақты үшке жарып, ру-руға бөлшектеуінің салдары Ақтабан шұбырындыға әкеліп соқтырды. Біртұтастығы бұзылғанда небары үш түмен жоңғардан қынадай қырылды. Қазақтану мектебінде бұдан ауыр сын болмаса, Қабдеш романы сол тарихи сынның әр түрлі сабақ салдарын тексереді.

Жоңғар халқы - бір әскер, бір жұдырық. Ал үш жүзге бөлшектенген қазақ рулары, тіпті, Аңырақай, Алакөл жеңістерінен кейін де етек-жеңін жия алмай, жан-жаққа сауын айтып, жасақ жинаумен әлек. Бас кедергі – төрелердің, ру басыларының бақталастығы. Шығарманың бастапқы жолдарынан-ақ оқырман бас қатырып мәңгірткен сол кінәраттың тамырын ұстағандай болады. Әбілмәмбет хан өткізіп отырған кеңесте ру, тайпа қошқарларының арасында ұйымшылдық аз, күдікшілдік көп. Қақтығыс қай тұста ұрыс-керіске соға жаздап барып, әзер басылады. Өйтпеске амалдары жоқ. «Мұндайда өкпелеген ағайын өзі ғана кетпейді, қазақ үшін қасқалдақтың қанындай бірер мың сарбазды соңынан ерте кетеді. Береке-бірлігі жоқ, бәтуасыз елге хан болған адамның да маңдайының соры – бес елі».

Роман бас кейіпкерінің атқаратын міндетін бірден алдына жайып салады. Қазақ жерін жаудан біржолата аластау идеясы күн тәртібіне қойылады. Қандай да идеяның ұйытқысы – адам. Шығарма сол ұйыстырғыш образ рөлін талай қанды шайқастарда үздік қолбасылық қабілетін көрсеткен, қазақтың шынайы тарихының шын дарабозы –



Қаракерей Қабанбай батырға «жүктейді». Кей шығарманың бас кейіпкері сюжет шиеленісінде біртіндеп қалыптасады. Ал, роман-дилогияның бас кейіпкері Қабанбай жоңғарға қарсы соғыстарда қырық жыл аттан түспеген атақты батыр, ысылған оқырман көзінде қалыптасқан кейіпкер. Сондықтан автор бас кейіпкерінің бейнесіндегі белгілі сипаттарға қосымша және бір елеулі қасиеттер қосады. Солардың ең көрнектісі және татымы мықтысы - Дарабоздың ұлттық идея ұйытқысы бола білгендігі. Бұл қасиет оты образдың барша тірлік-тынысынан ұшқындап тұрады. Аты-жөні найман руының белгілі тармағымен қосақтала аталғанымен, бас кейіпкер өзін Алаш ұлымын, Қазақ перзентімін деп сезінетіндігімен сүйсіндіреді. Қабанбайдың қолбасылық, батырлық үлгілері, үлкен саясаткерлігі осы ұлттық рухтан туындайды. 1748 жылғы ұлы хан Әбілмәмбеттің ордасында Түркістанды, Ташкентті, ұлы жүздің Жетісудай жаннат жерін, Алтай, Тарбағатайдың сулы, нулы өңірін жаудан тазарту ісін жүзеге асыру дәл осы бас кейіпкердің – Қабанбай батыр басқарған сарбаздардың үлесіне тиеді.

Романның жақсы аталуының да, оны сынап-мінелуінің де себептерін қазақтың азаттығы, ұлттық арман-тілегі жөніндегі авторлық ұстанымның жүзеге асуы деңгейінен іздеу керек.

Біріншіден, әр автордың өзіне ғана тән дүниетанымдық мұнарасы болады. Ұлттық мінез, бейне жасаудың жолдары қилы-қилы. Кей көркем сурет тарихи фактілермен санасса, кей тұста санаспайды. Іріктелген, жинақталған тарихи шындықпен бірге ойдан қосу аралас жүреді. Кейде тарихи шындық пен көркем шындықтың қарама-қайшы келетін жағдайы да болады. Бір кезде белгілі тарихшы Лев Гумилев Ресейді Батыстан төнген қауіптен Батый хан құтқарды, Чуд көлі мұз айдынындағы тевтондардың көзін жойған соғыста татар атты әскері шешуші рөл атқарды деп жазды. Ал,

«Александр Невский» фильмінде татар-монғол ханы әжуа, сайқымазақ қалыпта сықақталады. Ұлы Отан соғысының қарсаңында туған, халықты елжандылық рухта тәрбиелеу ісінде бағалы орны бар фильмді қойған өнер иелерін сол үшін тарихты бұрмаладың деп сөгуге бола ма?

«Дарабоз» – көркем туынды. Әбілқайыр ханның рөлін оң бағалайтын тарихи ғылымның өлшем-таразысына Қабдеш Жұмаділов романының сурет бағамы сәйкесе бермеуінде еш оғаштық жоқ. Тәуелсіздік пен демократия жағдайында әркім өз көзқарасын іркілмей, ашық айтуға құқылы екенін есепке алмағанның өзінде де...

Екіншіден, «Дарабоз» романы Әбілқайыр ханның Аңырақай соғысындағы ерлігін жоққа шығармайды. Жоққа шығармағанымен, іле-шала Болат ханның орнына сайламадыңдар деп өкпелеп, ұрыс даласынан Кіші жүз қолын бөліп әкеткендігін жақсы мінезге жатқызбайды. Жеңістің жемісін толық тере алмай, қапыда қалғанымызға Әбілқайырды айыпты санайды.

Үшіншіден, Әбілқайыр образы тақырыбының астарына Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу мәселесі қабылданғанын ұмытпау керек. Қазақ қай елге де құл болмау керек дейтін ұстанымды басшылыққа алған жазушы: жолбарыстан қашып, арыстанның аузына түсу қалай болады? Арыстан асамайды деп кім айтты? - дейді.

Романда Ресейдің сол кезде қазаққа оң көзімен қарамаған фактілері көптеп келтіріледі. Орыс патшасының Әбілқайырды алдап соққанын айта келе, Әбіш Кекілбаевтың романында көрсетілмеген бір фактіні еске салады. Әбілқайыр хан Еділ-Жайық арасынан қоныс сұраған екен. Патша қоныс бермек түгіл, бұл екі өзеннің маңына бұратана атаулыны жуытпауды шығарған. Жайықтың екі қапталынан әлденеше шақырымға дейін от қойып өртеп жіберген соң, ол өзеніңе енді қазақ

малын да суара алмайтын болған. Сауда істеп, қару алып жырғап жатыр дегені де – құр қауесет. Патша, тіпті, бұратана халыққа күрек, орақ, балта сияқты темір бұйымдарды суық қару жасауға пайдаланады деп сатуға да тыйым салған. Жай қара темірін қимай отырған патшалық бізге от қару беруші ме еді? - дейді романның орталық кейіпкерлерінің бірі – Абылай хан.

Төртіншіден, Ресей өзге жұртты «өз еркімен қосып алуында» қазақтың бірқатар бетке шығарының дүниеқоңыздығын кеңінен пайдаланған. Орыс отаршыларының лорд Керзон мақтаған зымиян тәсілінің қазаққа да қолданыла бастағанын роман Әбілқайыр ханның күйеу баласы Шақшақ Жәнібектің мысалында есте қаларлықтай етіп суреттейді. Орыс патшасынан тархан шенін алғаннан бері «сән-салтанаты ат тарта алмайтын дәрежеге жетіпті» деп шенейді. Оның хан кеңесінде ақ патшаға арқа сүйемейінше, жоңғар алдыра қояр ма екен деп тәлімсігенін Төле би қатты түйіліп сөгеді. Жасағың не күйде? «Бәлкім, Әбілқайыр екеуің етегінің астына барып тығылған қатын патшаның рақымы түсіп, жерінді жаудан тазартып беретін шығар? Орыс – өнерлі жұрт қой. Бірақ аузыңды ошақ, мұрныңды мұржа етіп, түтін жұтқаннан өзге үйренген өнерің бар ма сол елден? Тархандығың ел қорғайтын қалқан болмай, мойныңа салған арқан болып жүрмесін!» деп келекелейді.

«Дарабоз» роман-дилогиясының «Түйінінде» автор «ұзақ жыл архивтің шаңын қаққандағы» алға қойған «міндетіміз тарих жасаушылардың бұрмалаған фактілерін орын орнына қойып, белгілі бір жүйемен баяндап беру ғана..» дейді. Бұндағы жүйе – қай жүйе? Біздіңше, кейіпкерлер қатынасынан туындайтын сюжеттің айтпағы – елдің елдігін, ұлттың ұлттығын сақтау идеясының күні бүгінге дейінгі зәрулігі. Ол жағын автор романында толық, жан-жақты,

терең ашып көрсетсе де, авторлық түйін сөзінде, не себепті екені белгісіз бұл пікірін шегіне жеткізбей іркіп қалған. «Абылайдан соң арада тура екі жүз он жыл өткенде, қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып, жасыл туы көк жүзінде қайта желбіреді» деген қорытындысын романның идеялық-эстетикалық тұрғысымен байланыстырып, жалғай түспей, қарапайым қысыр кеңеске бұрылып кеткен.

«Дарабоз» роман-дилогиясының дүниеге келуі тағы да сол тәуелсіздік тауқыметінен туып отыр. Бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдарын оқыған кісіге тәуелсіздікке қол жеткізгенімізден оны қорғау одан да қиын екен ғой дегізеді. Сол алаңдаушылық «Дарабоз» романының өнбойынан, өткір, өтімді сөз, ақ жүрек жүйесінен айқын сезіліп отырады.

Әдебиет құдіреттілігі – көркем сөздің, оның иесінің жаны мен қаны ұлт рухынан жаратылғанында. Не заман тусын, айтқан сөзі халық сұранысына, халық тілегіне сәйкес келеді.

Жоғарыда талданған ірі тарихи шығарма, Қабдеш Жұмаділовтің «Дарабоз» роман-дилогиясы - тәуелсіздігіміздің кешелі-бүгінгі тауқыметінен туған дүниелер.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Н.Т.Жұмаділова. Қабдеш Жұмаділов романдарының поэтикасы. А., 2009, 129-б.
2. Б.С.Рақымов.Тарихи жырлардың поэтикасы. А., 2000, 63-б.
3. Ш.Елеукенов. Тоқсаныншы жылдардың романдарын қайта парақтағанда. Мақала. «Жұлдыз» журналы №4. А., 2010.
4. Мұқаш Қожахметұлы. «Дәуіріміздің дарабоз жазушысы». Мақала. «Қазақ әдебиеті», №11, 2010.

Сәуле ӘУЕСБАЕВА,  
Қарағанды қаласындағы  
№88 жалпы орта білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

# КӨКТЕМГЕ ҚАТЫСТЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

(3-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталап, фонетикалық талдау жасай білу, өтілген сөздерді, сөз тіркестерін қайталап толықтыру. Сөздерді дұрыс айтып, сурет бойынша сөз тіркестерін, сөйлемдер мен сұрақтарды дұрыс құрастырып, жауап бере алу; **дамытушылық** – тақырып бойынша сөздік қорын байыта отырып, өз ойын жеткізе алуға, диалогтік сөйлеуге дағдыландыру, танымдық қабілетін арттыру, шығармашылық іске жұмылдыру; **тәрбиелік:** ұлттық дәстүрімізді танып-білуге баулу, тілге құрмет көрсету, қоршаған ортаны аялауға баулу.

**Көрнекілік:** көктемге байланысты суреттелген кадрлер, қазан суреті, наурыз көжеге керекті жеті заттың жеке-жеке жазылған аттары, Н.Тілендиевтің күйлері.

**Сабақ барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Оқушылардың бір-бірімен сәлемдесу көрінісі.**

- Наурыз құтты болсын!

- Өмір жасың ұзақ болсын!
- Ұлыс күні құтты болсын!
- Төрт түлік ақты болсын!
- Ұлыс береке берсін!
- Пәле-жала жерге енсін!- деп құттықтап, ұлдар қолда-сып, төс соғыстырады. Қыздар болса құшақтасады.

**Мұғалім:** - Сәлемдесу «Өмір тірегім – төсім, тіршілік көзім – екі қолым аман-сау болсын!» - дегенді білдіреді.

- Жарайсыңдар, балалар! Отырыңдар.

### **III. Жүппен жұмыс.**

**Тапсырма:** «Көктем» тақырыбына диалог құрастырып жүргізу.

Оқушылардың құрастырған диалогтарынан үзінділер:

- Қазір жылдың қандай мезгілі?
- Қазір - көктем айы.
- Көктем айларын атаңдар.
- Көктемнің айлары: наурыз, сәуір, мамыр.
- Қазір қандай ай?
- Қазір - наурыз айы.
- Саған көктем айы ұнай ма?
- Иә, маған көктем ұнайды.
- Көктем айы несімен ұнайды?
- Күн жылынады, құстар ұшып келеді.
- Көктем айында тағы қандай өзгерістер болады?
- Жер беті жылынып, көгеріп шөп шығады, өзендерде мұз бұзылады, мейрамдар болады.
- Көктемде қандай мерекелер болады?
- Сегізінші наурыз – халықаралық әйелдер күні, наурыз мерекесі - Ұлыстың ұлы күні, 1 мамыр – Халықаралық ынтымақтастық күні, тоғызыншы мамыр – Жеңіс күні тойланады.
- Бүгін – наурыздың қай күні?

- Бүгін – наурыздың он төрті.

**Мұғалім:** - Балалар, дәптерлеріңді ашыңдар, бүгінгі күнді жазыңдар. Сабақтың тақырыбы қандай деп ойлайсыңдар?

**Оқушылар:**

- Наурыз.

- Көктем келді.

- Көктем.

**IV. Ойын – «Жүзден – жүйрік...»**

Мақсаты: әр қатардан үш оқушы тақтаға шығып, көктемге байланысты сөздер жазады. Кім көп, дұрыс жазса, сол жеңімпаз болады. Қалған оқушылар орындарында осы жұмысты орындайды.

**V. Фонетикалық талдау.** *Көктем, құстар, наурыз* сөздерін талдау.

**VI. Суретті диафильмді көрсету.**

Мақсаты: тақтадағы сөздерді пайдаланып, әрбір кадрге (суретке) сөйлем құрастыру. Оқушылар сөйлемдерді ауызша құрастырып, жазбаша тақтаға, дәптерге жазады. Құрастырылған мәтінді оқып, ат қою.

**Көктем келді**

Көктем келді. Күн жылынды. Құстар ұшып келді. Қар еріп жатыр. Сайлар суға толды. Өзендерде сең бұзылды. Мал төлдеді. Көктемде егін егеді. Бәйшешектер гүлдейді. Көктем – жақсы жыл мезгілі.

**VII. Сергіту сәті.**

- Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

- Қыз қуу, асық ату, бәйге, ұшты-ұшты, ...

«Ұшты-ұшты» ойыны және «Жорға биі» оқушылардың жақсы сергітті.

**VII. Диалог жүргізу.**

- Мұғалім, Дархан қайда бара жатыр?

- Дархан, сен қайда кеттің?

- Мен бұлақ басына барамын.
- Бұлақтың басына не үшін барасың?
- Атам «Бұлақ көрсең, көзін аш», - деп айтатын. Мен бұлақтың көзін ашуға барамын.
- Токта, Дархан, бірге барамыз.
- Мұғалім, бұлақтың жанына ағаштар егу керек.
- Дұрыс, балалар.
- Қазақта «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын», «Бір тал кессең, он тал ек» деген мәтел бар. Қоршаған ортамызды аялап, қорғауымыз керек.

### **IX. Шығармашылық жұмыс.**

Мақсаты: тақтадағы сөздердің ішінен наурыз көжеге керекті жеті тағамды тауып алу. Суреттелген қазанның үстіне сөздерді қыстырып, наурыз көже әзірлеу.

### **X. Үй жұмысы.**

Көктем тақырыбына сурет салу, сөйлемдер құрастыру.

### **XI. Рефлексия.**

- Балалар, бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болды?
- Сабақтан нені білдіңдер, не алдыңдар?
- Сабақ ұнады ма?

### **Бағалау.**

**Мұғалім:** - Балалар, бүгін біздің сабағымызға қатысып отырған Дарханның атасы, құрметті зейнеткер, еңбек ардагері Жұмағұл атаға сөз берейік.

**Жұмағұл ата:** - Балалар, сабақтарыңа қатысып, риза болдым. Қазақ тілін жақсы меңгеріп келе жатқандарыңды көріп, қуанып отырмын. Сендердің болашақта біздің тәуелсіз мемлекетіміздің өркендеуіне үлкен үлес қосатындарыңа сенімдімін. Сендерге батамды берейін:

Талаптарың таудай боп, өнерлерің өрлей берсін!  
 Жолдарың құтты болсын! Денсаулықтарың мықты болсын!  
 Аумин!



# МЕКТЕП ТАҚЫРЫБЫНЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ

(1-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – оқушылардың сөздік қорын молайту. Өткен сабақтардағы алған білімдерін бекіту бойынша сауатты жазуға үйрету. Шағын өлеңдерді жатқарып айту арқылы сөйлеу тілін жаттықтыру; **дамытушылық** – қазақ халық педагогикасының элементін сабақта қолдану арқылы оқушылардың ой-өрістерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың өз мектебіне деген сүйіспеншілігін арттырып, патриоттық сезімдерін ояту, өз ортасын, өз Отанын сүйуге тәрбиелеу.

**Сабақтың міндеті:** оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі әдіс-тәсілдер қолдану арқылы оқушылардың қазақ тіліндегі сөздік қорын молайту, мәнерлеп оқу, ауызекі сөйлеу тіліне үйрету.

**Типі:** бекіту сабағы. **Пәнаралық байланыс:** қазақ халық ауыз әдебиеті, бейнелеу өнері. **Әдісі:** оқу, жазу, баяндау, ойын, сұрақ-жауап. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, суреттер.

## 1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Қазір қандай сабақ?
- Қазақ тілі нешінші сабақ?
- Қай жыл мезгілі?

- Қай ай?

- Аптаның қай күні?

**2. Үй тапсырмасын пысықтау:** Көптік жалғаулар. Сұраулық шылаулар. Сұрақ-жауап арқылы.

Кітап кітап+тар

Дәптер дәптер+лер

Қалам қалам+дар

(Оқушылар көрнекі құрал арқылы көрсетіп түсіндіреді. Мынау – кітап. Ол – бір кітап. Мынау – кітаптар. Олар көп, сондықтан кітаптар дейміз: кітап+тар, тар - көптік жалғау, т.б)

Кітап па? Қалам ба? Оқушы ма? Мұғалім бе?

(Бұл мысалдар да сол тәсілде талданады. Өздерің білетін сөздерге сұраулық шылау қосылып айтылады).

Енді өздерің білетін сөздерді көп етіп айтыңдаршы. Оқушылар өздері білетін сөздерге көптік жалғауын қосып айтады. Мысалы: бала+лар, оқушы+лар, т.б

### **3. Жаңа сабақ.**

- Енді, балалар, жаңа сабақ бастаймыз. Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Мектеп тақырыбының сөздік қоры». Мектепке байланысты үйренген сөздерімізді бекітеміз, сөйлем құрап, әңгіме айтамыз.

**Дәптермен жұмыс.** Алдымен дәптерлеріңді ашып, бүгінгі күнді, мақалды көркем етіп жазыңдар.

Дәптерімізді ашайық,

Қолға қалам алайық,

Түп - түзу отырып,

Көркем етіп жазайық.

Желтоқсанның он бесі


Сынып жұмысы. «Оқу – инемен құдық қазғандай».

Мақалды мәнерлеп оқытамын, оқушылар мақалға байланысты өз шамаларынша пікірлерін айтады, соңында

өзім тереңірек түсіндіремін. (Қазақ халық педагогикасына оқушыларды бейімдеу.)

#### 4. Өздік жұмыс.

Оқушыларға ортасына мектеп, жан-жағына түрлі суреттер салынған бір парақ қағаздар таратылады. (№1 сурет)



Мына суретке мұқият қараңыздаршы. Ортада мектептің суреті салынған. Жан-жағында түрлі суреттер бар. Сіздер мектептің суретіне мектепке қатысы бар суреттермен қарындаш арқылы сызып байланыстырасыздар және олардың атауларын естеріңізге түсіріңіздер, мен сұраған кезде атап айтасыздар (ойланып, жұмыс істеуге уақыт беріледі). Ойланып, суреттің атын атау арқылы білетін сөздерін еске түсіру. Бірнеше оқушы орындарынан тұрып суреттердің қазақша атауын айтып шығады.

#### Тақтамен жұмыс (№2 сурет).

Интерактивті тақтадан мектептің суретін шығарамын, енді оқушылар мектепке байланысты сөздерді айтады, мен тірек-сызба арқылы көрсетіп тұрамын.

Тілдерін жаттықтыру үшін суреттердің атауларын жеке-

жеке және хормен оқыту керек.

## **Шығармашылық жұмыс.**

Алдымен өз мектебіміз туралы түсірілген шағын бейнефильм көрсетіледі. Мұғалімнің сөзі: «Мынау – біздің мектебіміз. Мектеп үш қабаттан тұрады. Бірінші қабатта асхана, дәрігер бөлмесі, ән-күй бөлмесі, би бөлмесі, екінші қабатта акті залы, үшінші қабатта спорт залы, кітапхана бар. Мектебіміз кең, жарық, таза, әдемі». Осылай қысқаша түсіндіріп кетемін. «Балалар, жаңа сіздер мектепке байланысты көптеген сөздер білетіндеріңізді көрсеттіңіздер, енді мына бейнефильмді көргеннен кейін өз мектептеріңіз туралы жеке сөйлем құрастырып айтыңыздаршы (Біздің мектеп үш қабатты. Мектебіміз әдемі, т.б.). Балалар, енді өз мектебі туралы кім шағын әңгіме құрастырады?» Әңгіме құрастырған оқушыларды тыңдау, мадақтау.

## **5. Поэзиялық кідіріс.**

Алдын ала тапсырма беру әдісі бойынша оқушылар «Мектеп» туралы шағын тақпақтарды жатқа мәнерлеп оқиды (Сарарқа күйі ойнап тұрады).

Сәлем, мектебім!

Сәлем саған, мектебім,

Алғыстарым көп менің.

Оқу, білім, тәрбие –

Ой-санама еккенің. (Ә.Табылдиев).

Гүл толы қала, далада,

Гүл толы бүгін омырау.

Шақырып мектеп – анаға,

Соғылды тұңғыш қоңырау. (Ә.Дүйсенбиев).

Сарғыш тартып күллі алап,

Жеміс пісті –

Күз келді.

Шақырады мұндалап

Мектебіміз біздерді. (Н.Айтов).

Көзінен нұр төгілер,

Балалық шақ – алтын күн.

Өз үйімдей көрінер,

Өз мектебі әркімнің. (Н.Айтов).

Кітаппен жұмыс.

96-бет, 1-тапсырма (Мәтін).

### **Біздің сынып**

Мынау - сынып. Сыныпта оқушылар отыр. Сыныпта тақта, үстел, парталар бар. Терезеде гүлдер тұр. Сынып жарық және таза.

1. Дауыстап оқу әдісі. Мәтінді барлық оқушы бір уақытта дауыстарын шығарып оқып шығады.

2. Мәнерлеп жеке оқу. Әрбір дыбысқа мән беру.

3. Сұрақ-жауап арқылы мәтіннің мазмұнын сұрау.

**7. Сабақты бекіту:** Мақтау, мадақтау. «Білекті – бірді жығар, Білімді – мыңды жығар» деген мақалмен сабақты бекітіп, «Мектеп сіздерге білім береді, жақсы оқып, білімді болсаңыздар қандай қиындық болса да жеңіп, ойлаған армандарыңызға жетесіздер, мыңды жығар деген сол», -деп сабақты аяқтаймын.

**8. Үйге тапсырма:** Мектепке байланысты суреттері бар жеке қағаздар таратылады, оң жағында тұрған атауларын суреттердің астына дұрыс тауып жазып, жатқа оқу және дәптерлеріне жазған мақалды жаттау. Ақ қағазға түрлі-түсті қарындашпен қиялдағы мектептің суретін салып келу. Салған суреттерін үш, төрт сөйлем арқылы жеткізе білуге талпындыру.

**9. Бағалау.**

Айжан АБДРАСИЛОВА,  
Ғ.Мұстафин атындағы  
№83 орта мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.  
Қарағанды қаласы.

# ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ТАҒЫЛЫМЫ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – желтоқсан оқиғасы арқылы жылдар бойы бабаларымыздың армандаған егемендігіне қол жеткізгендігімізді ұғындыру; Т.Рысқұлов жайында тың мағлұмат бере отырып, осы тәуелсіздікке жету жолында талай боздақтарымыздың шейт болғандығын көрсету; **дамытушылық** – оқушылардың танымдық-шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту; **тәрбиелік:** Отанды сүйеге, ел мен жердің қадір-қасиетін ұғынуға тәрбиелеу. **Технологиясы:** Қ.О.Бітібаеваның «Жаңа білімді меңгерту» технологиясы. **Әдістері:** СТО стратегияларының элементтері. Интерактивтік оқу әдісі. **Пәнаралық байланыс:** тарих, халықтық педагогика, орыс тілі, ән-күй.

**Сабақтың эпиграфы:** *«Анадан ешкім батыр болып тумайды».*

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру: 1) сәлемдесу; 2) тіл дамыту.

- Сенің Отаның **қандай?** (Қазақстан)
- Қазақстан **қандай** мемлекет? (Тәуелсіз мемлекет)
- Қазақстан **қашан** тәуелсіз ел болды? (1991 жылы)
- Қазақстанның Президенті **кім?** (Н.Ә.Назарбаев)
- Үйге **не** берілді?

## II. Үй тапсырмасын тексеру.

### III. Жаңа сабақ. 1. «Ой шақыру» стратегиясы.

«Туған жер, Отан туралы мақал-мәтелдер».

- Балалар, сендер туған жер, Отан туралы қандай мақал-мәтелдер білесіңдер?

1. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

2. Отан үшін отқа түс – күймейсің.

3. Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.

- Балалар, «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деген кімнің сөзі?

- **Бауыржан Момышұлының сөзі.**

- Балалар, сабақтың эпиграфына назар аударайықшы.

- **Сабақтың эпиграфы қандай? «Анадан ешкім батыр болып тумайды».**

- Орысшаға қалай аударылады?

- **Никто не рождается героем**

- «Батыр» сөзінің синонимі қандай?

- **Қаһарман, ер, ержүрек, батыл.**

- «Батыр» сөзінің антонимі қандай?

- **Қорқақ.**

- Енді, батыр сөзіне антонимін қойып сабақтың эпиграфын қайталаңдаршы, қалай болады?

- **«Анадан ешкім қорқақ болып тумайды».**

- Балалар, биыл біздің тәуелсіздігімізге қанша жыл толды?

- **20 жыл.**

**1. Мұғалімнің кіріспе сөзі:** - Иә, тәуелсіздік бізге оңай жолмен келмеді. Еліміздің сан мыңдаған жылдар бойы армандаған, сол жолда ғасырлар бойы найзаның ұшымен, ерлеріміздің ерен ісімен, кешегі дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында өз өмірлерін сарп еткен Қайрат, Ләззат, Ербол, Сәбира сынды ұл-қыздарымыздың арқасында бабалар аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Кешегі үш жүзді бір тудың астына жинаған Абылай хан да,

қара бала, қара қазан қамы үшін сөз саптаған төбе билеріміз – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің аңсағаны да осы Тәуелсіздік болатын.

- Ендеше, бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы: **«Тәуелсіздік жолындағы Тұрар Рысқұлов тағылымы»** деп аталады.

**Сабақтың мақсаты:** ойымызды жүйелеп айту, сабаққа белсене қатысы отырып, тәуелсіздік туралы ұғымымызды бекіту.

**1. Жоба қорғау. Бірінші топтың жобасы тыңдалады.**

**I топ. «Тәуелсіздік жаршысы – Т.Рысқұлов».**

Т.Рысқұлов 1894 жылы 26 желтоқсанда Алматы облысының Талғар ауданында туған.

Т.Рысқұлов – революционер, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері. Ол 1918 жылдан 1937 жылдарға дейін әр түрлі мемлекеттік басшылық қызметте болды. Республикамыздың экономикасын, мәдениетін, тұрмысын дамыту үшін үлкен жұмыстар атқарды.

Т.Рысқұлов – халқын шексіз сүйген патриот. Ол – Мәскеуде басшы қызметте он жылдан астам жұмыс атқарған тұңғыш қазақ. Алаш арысы, үлкен қайраткер Мұстафа Шоқай Тұрарды «Сталиннің фавориті» деп атаған.

Т.Рысқұловтың түркі идеясы мен Түркісіб теміржолын салдыруы, аштықпен күресуі қазақ тарихындағы үлкен оқиғалар болып табылады.

Шығыс киносын дамыту барысында Т.Рысқұлов «Шығыскино» бірлестігін ашты.

Алайда 1937-1938 жылдары Т.Рысқұлов қуғын-сүргінге ұшырады. 1937 жылы мамыр айында Кисловодскіде әйелі Әзизамен демалып жатқан жерінде «Халық жауы» деген жаламен қамалады. 1938 жылы 10 ақпанда Т.Рысқұлов атылды.

**2. Т.Рысқұловтың отбасы жайындағы жоба.**



Тұрардың бұрынғы жұбайы Надежда Константиновнадан 2 қыз қалған. **Үлкені – София, кішісі – Майя.**

**София Тұрарқызы** 1923 жылы туған. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. София апамыз 1998 жылы қайтыс болған.

**Майя Тұрарқызы** 1929 жылы туған. Мәскеудің көркемсурет көрмесі дирекциясында машинистка болып, «Центросоюз» хатшылығында және «Роспотребсоюзда» әртүрлі қызмет атқарған. Қазір жасы 81-де.

**Владимир** – Тұрар Рысқұловтың екінші қызы Майяның ұлы. 1957 жылы Мәскеуде туған. Мәскеу мемлекеттік университеті, Азия-Африка елдері институтының тарих-филология факультетін бітірген. Араб, ағылшын, француз тілдерінің маманы. Оның үш қызы бар. Александрина мен Анастасия – жоғары білімді биотехнологтар, Анна-суретші.

Т.Рысқұловтың Әзизадан туған Ескендір атты жалғыз ұлы 10 жылға сотталып, Архангельск түрмесінде өкпе ауруынан қайтыс болады.

Ал аяғы ауыр әйелі Әзиза Түбекқызы Бутырка түрмесінде босанып, Риданы балалар үйіне жібереді.

Әзизаның анасы Әрипа Атауылқызы «Халық жауының» енесі ретінде Қарағанды лагеріне қамалады. Әрипа сол лагерде қайтыс болады.

Қазір Сәуле Алматыда, биология ғылымының докторы, Рида Москвада тұрады.

Ал, Әзиза апамыз 1988 жылы маусым айында Алматыда қайтыс болады.

**II топ. «Желтоқсан қаһарманы – Қайрат Рысқұлбеков».**

- Дүниені дүр сілкіндірген 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы естен ұмытылар ма?! Талай тағдыр талапайға түсіп, тәуелсіздік жолында талай азамат шейіт болды. Олар: Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев,

Сәбира Мұқамеджанова сынды апаларымыз бен ағаларымыз еді. Олар өмірден қандай қызық көрді?

Ал, Қайрат Рысқұлбеков ше? Ол 1965 жылы Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, Қазақстан ауылында туған. Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы сәулет және құрылыс институтында оқыған. Қ.Рысқұлбековке телецентрдің инженерін өлтірдің деген жала жабылып, ату жазасына үкім шығарылды. Ол артынан 20 жыл бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды. 1988 жылы 21 мамырда Семей түрмесінің 21-камерасында 21 жаста белгісіз жағдайда өмірмен қоштасты. Мүмкін ол тірі болса нағыз ақын болар ма еді?! Оған «Ақтық сөзің не»? деген уақытта:

«Күнәдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар.  
Алам десең, алыңдар.  
Қайрат деген атым бар,  
Қазақ деген затым бар.  
Еркек тоқты-құрбандық,  
Атам десең, атыңдар.  
Мен не етермін, не етермін,  
Мен келмеске кетермін.  
Көрмеген қош бол, таңдарым,  
Көре алмай мен өтермін.  
Қош аман бол артымда,  
Ағайын-туған, азамат,  
Артымда қалған ата-анам,  
Ел-жұртым саған аманат» деген болатын.

Бұл пешенесіне жазылған аз ғана ғұмырдың соңғы сағатына дейінгі мынау алдамшы дүниеден рақым күтіп, күдер үзбеген балаң жігіттің жан сыры еді. ҚР-сы Президентінің жарлығымен Қ.Рысқұлбековке Халық

Қаһарманы атағы берілді.

**Мұғалім:** - Тәуелсіздік бізге ата тарихымызды, ана тілімізді қайтарғаны үшін өте бағалы.

XXI ғасырдағы жаңа Қазақстанның алға қойған қазіргі мақсаты – өткенімізді білетін, бүгінгіні түсінетін, ертеңге сеніммен қарайтын азамат тәрбиелеу. Соған мүмкіндік жасалып отырғанын мақтан тұта отырып, ең басты бақытымыз – Тәуелсіздігіміздің шежіресіне көз жіберейік.

## **2-жоба: «Тәуелсіздік шежіресі».**

1991 жылы 16 желтоқсанда ҚР-ның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң қабылданды.

1992 жылы 4 маусымда ҚР мемлекеттік рәміздері қабылданды.

1993 жылы 15 қазанда ұлттық валюта-теңгеміз дүниеге келді.

1994 жылы Қазақстанның жаңа ордендері мен медальдары дүниеге келді.

1995 жылы 30 тамызда ҚР Ата Заңы қабылданды.

1996 жылы Республика тәуелсіздігінің 5 жылдығы атап өтілді.

1997 жылы Репрессия құрбандарының жылы.

1998 жылы Еліміздің астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілді.

1999 жылы Қазақ жерінде тұңғыш санақ жүргізілді.

2000 жыл – Мәдениетті қолдау жылы.

2001 жыл – Тәуелсіз ҚР 10 жылдығы.

2002 жыл – Білім жылы.

2003 жыл – Денсаулық жылы.

2004 жыл – Ауыл жылы.

2005 жылы Қазақстан білім беру жүйесінде 12 жылдық білім жүйесіне көшу негіздері қабылданды.

2006 жылы Қазақстанның ең үздік 50 елдің қатарына енудің жолдары ұсынылды.


2005-2015 жылдар индустриялды-инновациялық даму бағдарламасы қабылданды.

**Мұғалім:** - Балалар, бұл аталған шаралардың барлығы еліміздің тәуелсіздігін нығайтуға және болашаққа нық қадам басуға негіз қалады.

### 3. Вени диаграммасы. Салыстыру.

– Енді қазір Т.Рысқұлов пен Қ.Рысқұлбековты салыстырайықшы. Бұлардың арасында қандай ұқсастық, қандай айырмашылықтар бар? (Салыстыру стратегиясы)

Ұқсастығы                      Айырмашылығы



- |                                    |  |
|------------------------------------|--|
| 1. Екеуі де Оңтүстік Қазақстаннан. | 1. Тұрар – қоғам қайраткері, Қайрат – студент.   |
| 2. Тәуелсіздік жаршысы.            | 2. Тұрар 44 жаста, Қайрат 21 жаста еді.          |
| 3. Қазақтың адал ұлдары.           | 3. Тұрар Кисловодскіде, Қайрат Алматыда ұсталды. |
| 4. Екеуі де түрмеге қамалды.       | 5. Тұрар үйленген, Қайрат үйленбеген.            |

**4. Жаңа сөздер:** *Күрес – сражение; босқа – зря; бостандық – свобода; өмірін – жизнь.*

**5. Мәтінмен жұмыс.** Оқу, аудару.

#### Тәуелсіздік жолында

Қазақ жерінің тәуелсіздігі өте ертеден басталады. Қазақ жерінде халық қамын ойлаған хандар аз болған жоқ. Қасым, Тәуке, Абылай хандар елін, жерін қорғап, шайқаста мерт болды. Демек, олар болашақ ұрпақтың бақыты, бостандығы үшін өз өмірлерін халқына арнады. Мұстафа, Тұрар, Әлихан халқының тәуелсіздігі жолында өз өмірлерін қиды.

1986 жылғы желтоқсан айында Орталық алаңға шыққан жастардың жан айқайы да елдің тәуелсіздігі үшін болған еді. Бұл елдің соңғы тәуелсіздігі үшін болған соңғы қантөгісі еді... Иә, қазақ халқы тәуелсіздігіне осындай елі үшін жанын қиятын ұлдарының арқасында жетті. Біздің міндетіміз – сол тәуелсіздікті берік қолда ұстап тұру.

**6. Деңгейлік тапсырмалар.**

**1-топ. 1. Синонимдер қатарын толықтыру, сөз тіркесін құру.** Ежелден, соғыс, шейіт болды, тәуелсіздік, өмір, соңғы.

**Зат есімнің 5 тәуелденген формаларын теріп жазыңдар.**

Жерінің, жандарын, өмірін, халқына, жолында.

**2-топ. 1. Антонимдік қатарын толықтырыңдар.**

Аз, жау, өмір, соңғы, жастар, айтпаған.


**2. Етістіктің құрамын анықтаңдар.**

Айтпаған, шайқасты, күресіп, ұстап тұру.

**7. Топтастыру.**

- Ал, енді, балалар, ойымызды жинақтап қорытайықшы.

- **Т.Рысқұлов кім?**

**Т.Рысқұлов**  революционер  
мемлекет басшысы  
қоғам қайраткері  
жалынды патриот  
саясаткер  
қазақ халқының ұлы перзенті

- Балалар, ертеден-ақ қазақ халқы өзінің қонақжайлылығымен белгілі болған. Келген қонақтарды дәмді тағамдармен қарсы алып, өлеңмен шығарып салған. Енді қазір біз Бекболат Тілеуханның орындауында «Атамекен» әнін тыңдаймыз.

**IV. Ұнтаспа. Б.Тілеухан. «Атамекен».**

**V. Халық кешпейтін бір-ақ нәрсе бар: елдің қолына зарықтырып қонған бақыт құсынан – Тәуелсіздіктен айырылуды кешпейді. Сабағымызды қорытындылай келе, балалар, «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаның ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың ұлттық жалғыз мемлекетінің нығайып-көркеюі жолында жан теріңді сығып жүріп еңбек ет. Жеріңнің де, еліңнің де иесі өзін екенін ұмытпа!» – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзімен аяқтағым келеді.**

**VI. Бағалау.**

**VII. Үйге тапсырма.** Ойтолғау: «Тәуелсіздік жолында».

## КҮЗ АЙЛАРЫНДАҒЫ ЖАҢА СӨЗДЕР

**Сабақтың мақсаты:** 1) күз айлары туралы толық мағлұмат беру, жаңа сөздерді түсіндіру арқылы тақырыпты меңгерту; 2) күз айларына қатысты сөздерден сөйлем, сөз тіркестерін құрастыру арқылы оқушылардың есте сақтау дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорларын байыту және ойлау, ойтолғау қабілеттерін дамыту; 3) оқушылардың еңбекқорлыққа баулу, табиғатымызды қорғауға тәрбиелеу және елге, жерге деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, сұрақ-жауап, әңгімелесу, тіл дамыту. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, слайдтар, суреттер.

### Сабақтың барысы.

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Қазақстан Республикасының әнұранын орындау.
2. Сыныптағы оқушыларды түгелдеу.

#### II. Өзектілігі:

1. Үй тапсырмасын тексеру, сұрау.

А) «Алтын күз» тақырыбындағы суреттер бойынша сөйлем құрастырту.

Ә) Сұрақ қою арқылы күз мезгілін суреттеу.

Б) Өздері салған суреттері бойынша әңгімелеу.

#### III. Жаңа түсінікті қалыптастыру:

1. Жыл мезгілдерін атап көріндер (Көктем, жаз, күз, қыс).
2. - Балалар, біз сендермен бүгінгі сабақта «Күз

айларындағы жаңа сөздер»» деген тақырыбын өтеміз.

3. Күз айлары туралы кіріспе сөз.

4. Жаңа сөздерді тақтаға жазып қою, таныстыру, айтқызу.

Есте сақтауларын қадағалау.

### **Сөздікпен жұмыс:**

*Ерте күз – ранняя осень; ену – входит;*

*Мағына – значение; сылбыр – вялый;*

*Шық – роса; қоңыр күз – поздняя осень;*

*Көбею – умножаться, увеличение; күшею – усиливаться;*

*Теңелу – равняться; қырау – иней;*

*Алтын күз – золотая осень; тоңазыту – застывать;*

*Толассыз – беспрерывно.*

1. Сөздікті мұғалім оқиды. 2. Оқушыларға оқытқызу.

### **IV. Біліктілік дағдыны қалыптастыру:**

#### **Оқулықпен жұмыс.**

1. Жаңа сөздерден сөз тіркесін, сөйлем құрастырындар.

**1-тапсырма.** 1. Мәтінді оқу, аудару, сұрақ-жауап құрастыру.

#### **Қыркүйек**

Қыркүйек (ерте күз) – күздің бірінші айы. Бұл суық түсті, жайлаудағы мал келді деген мағынада айтылады. Ауа салқындай бастайды. Шық түседі. Қайтқан құстардың тобы көбейеді. Қыркүйектің жиырма екісінде күн мен түннің ұзақтығы теңеледі.

2. Мәтінді оқып, диалог құрастыру.

#### **Қазан**

Қазан (алтын күз) – күздің екінші айы. Бұл кезде қара суық басталады. Кешегі жасыл жапырақтар қызыл, сары, қоңыр түске еніп, жерге төгіледі. Күздің сылбыр жаңбыры толассыз жауады. Үйрек пен қаз жылы жаққа ұшып кетеді.

3. Мәтінді оқып, сөйлемнің тұрлаулы мүшелерін анықтау.

#### **Қараша**

Қарашада (қоңыр күз) күн қысқарады. Қазақстанның

солтүстігінде қара суық басталады. Шөпті қырау басады. Суық аспан жер бетін тоңазытады. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.

**3-тапсырма.** Сөз тіркестерімен сөйлем құрастырту.

Қыркүйек айында, жаңбырлы мезгіл, аспан бұлтты, күн қысқа, жылы жаққа, суық жел, адамдар дайындалады, жылы киім, жерге түседі, түрлі-түсті жапырақтар, қоңыр күз.

**4-тапсырма.** Сөйлемдерді аяқтаңдар.

Күзде күн
Суық жел
Ағаштардың жапырақтары
Құстар жылы жаққа
Күзде жемістер,көкөністер
Диқаншылар егін
Күз – молшылық
Күзгі табиғат

**5-тапсырма.** Мына сызбаны толықтырыңдар.

Кімдер? нелер?	Қашан?	Қайда?	Нені?	Не істеді? Не істейді?
Егіншілер	күзде	егістікте	егінді	орады
Оқушылар	қыркүйекте	мектепте	тіл мерекесін	тойлайды
Адамдар	қарашада	бау-бақшада	көкөністерін, жеміс-жидектерін	жинайды

#### IV. Жаңа сабақты бекіту:

Жаңа сабақ бойынша оқушыларға сұрақтар қою:

1. Күзде ауа райы қандай болады?
2. Күз айларын ата.
3. Неліктен «алтын күз» деп атайды?
4. Ағаш жапырақтарының түсі қандай?
5. Құстар күзде қайда ұшып кетеді?
6. Күзде нелер піседі?

#### V. Сабақты қорытындылау:

1. – Балалар, күз туралы кім сурет салып келді?



2. Күз мезгілін салыстыра отырып, қалай атауға болады?

**VI. Үй тапсырмасын беру:** 2-тапсырма. Мәтінді оқып, қазақ тіліне аударту және мазмұндау.

**VII. Бағалау.** Әр оқушының алған бағасын талдай отыра, кім не себепті қанша алды, қалай алғанын түсіндіру. Оқушының күдігін сейілту, мүмкіндігін айту.

**VIII. Рефлексия:**

А) Бүгін сабақта қандай сөздермен таныстық?

Ә) Күзде ауа райы салқын болады, жел соғады, жаңбыр жауады.

Б) Ал, балалар, сабақ аяқталды. Тілге құрметімізді көрсетейік:

Әр тілде сөйле әлемді таң қылып,  
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?  
Өсер бабаң, байтақ далаң тұрғанда  
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!



**Индира САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ,**  
Алматы қаласындағы  
№19 жалпы білім  
беретін мектептің мұғалімі.

# **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТАНЫТҚАН ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЛАРЫ**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** 1) Қазақстан Республикасы туралы білімдерін одан әрі кеңейту, тәуелдік жалғаулары туралы

ұғымдарын нығайту. Жаңа сөздерді меңгерте отырып олармен сөз тіркестерін, сөйлемдер құрастыруға үйрету;

**2) Тіл байлықтарын, сөздік қорларын, қазақша ойлау қабілеттерін дамыту;** **3) Тілді құрметтеуге, Отанды сүйеге, жауапкершілікке, сауаттылыққа тәрбиелеу.**

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдіс-тәсілі:** сұрақ-жауап, аударма, әңгімелеу, түсіндіру, сын тұрғысынан ойлау. **Көрнекілігі:** Қазақстан Республикасының картасы, электронды оқулық, слайдтар.

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Оқушылардың зейіндерін сабаққа аудару. Оқу құралдарын әзірлету.

## **II. Өзектендіру.**

1. Жалғаулардың түрлерін атату.
  2. Тәуелдік жалғауы дегеніміз не?
  3. Тәуелдік жалғауы қандай екі түрге бөлінеді?
  4. Тәуелдік жалғауының неше жағы бар?
  5. Жекеше тәуелдік жалғауларын атату.
  6. Көпше тәуелдік жалғауларын атату.
- Үйге берілген 4-тапсырманы тексеру.

**Менің отаным, оның жолдасы, сенің міндетің, оның үйі, менің білімім, оның қаласы, сенің ауылың.**

**III. Жаңа түсінік-ұғымдар мен іс-әрекет әдістерін қалыптастыру.**

### **1. Оқушыларға «Отан» деген сөзді екі жақта тәуелдету.**

Менің Отаным	Біздің Отанымыз
Сенің Отаның	Сендердің Отандарың
Сіздің Отаныңыз	Сіздердің Отандарыңыз
Оның Отаны	Олардың Отандары

- 2. – Балалар, біз қай Республикада тұрамыз?**
- Қазақстан Республикасында тұрамыз.
  - Қазақстан Республикасы – біздің Отанымыз.

Біздің бүгінгі өтетін тақырыбымыз – «Қазақстан Республикасы танытқан тәуелдік жалғаулары».

Қазақстан өзінің жер көлемі жөніне әлемдегі ең ірі мемлекеттер қатарында тұр. Бұл көрсеткіш бойынша ол тоғызыншы орынды алады.

Қазақстан Батысы мен Солтүстігінде Ресей Федерациясымен, Оңтүстігінде Түркіменстан, Өзбекстанмен және Қырғызстанмен, ал Шығысында Қытаймен шекараласады.

Еліміздің мемлекеттік тәуелсіздігі 1991 жылы 16 желтоқсанда жарияланған.

Биыл тәуелсіздігімізге 20 жыл толып отыр.

Қазақстан өте бай мемлекеттердің қатарында тұр. Қазақстанда мұнай, алтын, мыс, көмір, мақта, т.б заттар өндіріледі.

Қазақстанда 14 облыс орталығы бар. Еліміздің табиғаты тамаша.

Қазақстанда әлемге әйгілі «Медеу» мұз айдыны бар.

**3. Электронды оқулықтан ҚР-ның астанасы Астана қаласы туралы фильм көрсету.**

**4. «Интервью әдісі» арқылы оқушыларға мына сұрақтарды қою:**

1. ҚР-ның астанасы қай қала?
2. ҚР-ның рәміздерін ата.
3. ҚР-ның Президенті кім?
4. ҚР-ның мемлекеттік тілі қай тіл?
5. ҚР-ның қандай ұлт өкілдері тұрады?
6. ҚР тәуелсіздікті қай жылы алды?
7. Біз қай қалада тұрамыз?
8. Алматы қаласы әлемге несімен әйгілі?
9. ҚР-да неше облыс орталығы бар?
10. Биыл тәуелсіздікке неше жыл толып отыр?

**Оқулықпен жұмыс.**

**1. Сөздікпен жұмыс жүргізу:** *Көмір – уголь; Мұнай – нефть; Темір – железо; Мыс – медь;*

*Кендері – ископаемые;*

*Ерекше – особенный;*

*Мақта – хлопок;*

*Мақтан етемін – горжусь;*

*Биіктеген сайын – чем выше; Мөлдір – прозрачный.*

2. Сөздіктегі сөздерді пайдаланып сөйлемдер құрастырту.

**1-тапсырма.** Өлеңді мәнерлеп оқыту, орыс тіліне аударту.

Өлеңнен тәуелдік жалғауы бар сөздерді тапқызу.

Елім-І жақ жекеше түрі, анам-І жақ жекеше түрі, атам- І жақ жекеше түрі.

**2-тапсырма.** Мәтінді оқып беру, оқушыларға оқыту.

Оқушылармен бірлесе отырып, «**Қарама-қарсы элементтер**» әдісін пайдаланып орыс тіліне аударту.

Мәтіннен тәуелдік жалғауы бар сөздерді теріп жазу.

Мысалы: Отанымыз, Республикамыз, елімді.

**IV. Сабақты бекіту мақсатында семантикалық картаны толтырту.**

Мысалдар	Көптік жалғау	Септік жалғау	Тәуелдік жалғау	Жіктік жалғау
Мектебім Оқушылар Отаның Көшелер Барады Досы Сыныбы Көйлегі Ананы Биледім Дәптерім Көшелер Көліктеріңіз Мұражайдың Мұғалімдер Келдің Қаладан Қаламым Күлді				

**V. Сабақты қорытындылау мақсатында, «Авторға сұрақ қою» әдісін пайдалана отырып, оқушыларды екі топқа бөлу. Бірінші топ екінші топқа сұрақ қояды.**

1. ҚР-да ең үлкен тау қалай аталады?
  2. Отан сөзін жекеше түрде тәуелдеп бер.
  3. Қала сөзін көпше түрде тәуелдеп бер.
  4. Қазақстанда қандай кендер өндіріледі?
  5. Отан туралы мақал-мәтел айтып беріңдер.
  6. Биыл еліміздің тәуелсіздік алғанына қанша жыл толды?
- Сабақты мына мақал-мәтелмен аяқтау.

– «Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас»

демекші, балалар, сендер әрқашанда өз Отандарыңды қадірлеп, қастерлеулерің керек.

**VI. Үйге тапсырма:** алма сөзін жекеше, көпше түрде тәуелдеп келу. Отан туралы 5 мақал-мәтел жаттау.

**VII. Бағалау.** Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды мадақтау, бағалау.



**Әлия ТӨЛЕГЕНҚЫЗЫ,**  
Батыс Қазақстан облысының  
Орал қаласындағы  
№32 жалпы білім  
беретін мектептің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## **КЕЛЕР ШАҚТА – КӨНЕ ҚАЛАЛАР**

**Сабақтың мақсаты:** а) көне қалалар туралы оқушылардың білімдерін кеңейту, тереңдету; ә) оқушыларды өз бетінше ізденіп, өз ойын жүйелі түрде жеткізуге, оқып-үйренуге дағдыландыру, сөздік қорын молайту; б) туған

жеріне деген сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, қазақ елінің тарихын, мәдениетін құрметтеуге баулу.

**Түрі:** интеграциялық сабақ (қазақ тілі, тарих, география).

**Әдісі:** сөздікпен жұмыс, сұрақ-жауап, түсіндіру, баяндау.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, үлестірмелі топшамалар (тест сұрақтары). **Пәнаралық байланыс:** география, әдебиет, тарих, орыс тілі.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Оқушылар өздеріне бұрыннан таныс материалдарға, өткен сабақтардан алған мәліметтерге сүйене отырып, мынадай сұрақтарға жауап береді:

1. Қазақстанда ең алғашқы қалалар қашан пайда болған?
2. Ежелгі қалалар қалай пайда болған?
3. Қалалардың көбі қандай жерлерге салынған?
4. Ертедегі қалалардың сыр-сипатын кімдер ашып береді?
5. Көне қалаларымыз қазір бар ма?

III. **Үй тапсырмасын сұрау.** Өткен сабағымызда үйге тапсырма ретінде көне қалалар бойынша деректер жинап, шағын зерттеу жұмысын жүргізуді тапсырғанбыз. Енді соны тыңдап алайық.

1-оқушы: Тараз қаласы (слайд көмегімен)

2-оқушы: Отырар қаласы (слайд көмегімен)

3-оқушы: М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін жатқа оқиды.

Түркістан – екі дүние есігі ғой,

Түркістан – ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша Түркістандай жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібі ғой.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?

Түрікке адамзатта ел жеткен бе?

Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял

Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Мағжан ақын еліне, жеріне деген нағыз шынайы

перзенттік сезімін осы жолдар арқылы жеткізді. Ол Алашын алаламай, Түркістан, Тұран – тұтас түндік, бәрі – түрік жері, қазақ жері деп есептеген. Мұнда мекендеген халықтар бір кіндіктен таралды деп таныған.

Бүгінгі сабақта Қазақстан Республикасының тарихи, туристік қаласы – Түркістан қаласымен жақынырақ танысамыз.

Түркістан – Қазақстанның көне қалаларының бірі. Жібек жолындағы – Иассы, кейіннен Түркістан атанған, 1500 жылдық тарихы бар қала. Түркістан қаласы қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты.

(Тарих пәнінің мұғалімі қаланың пайда болу тарихы, осы жерден шыққан ұлы адамдар, мәдениеттің дамуы мен өркендеуі туралы ақпарат береді).

(География пәнінің мұғалімі қаланың орналасу аймағы, климаты, табиғаты, халық саны, т.с.с. мәліметтер береді).

**Қазақ тілі пәнінің мұғалімі:** - Түркістан – еліміздің рухани астанасы, ежелден мұсылман атаулы тәу етіп барып, зиярат қылатын құтты, қасиетті мекені. Түркістан – қала, Түркістан қалалық әкімдігінің орталығы, темір жол стансасы. Облыс орталығы – Шымкент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 225 км жерде, Сырдария өзенінің оң жағын ала, Қаратаудың оңтүстік беткейінде орналасқан. Іргесі б.з. 500 жылы қаланып, Түркі халықтарының орталығы болып келеді. Қалада білім беру, мәдени мекемелерінен Қожа Ахмет Иассауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан-Ресей гуманитарлық университетінің филиалы. Арыстан баб кесенесі, Укаш ана бейіті, Гаухар ана бейіті, Тайқазан фонтаны бар. Түркістан қаласымен халықаралық маңызы бар Орынбор – Ташкент темір жолы өтеді (слайд арқылы көрсетіледі).

**Жаңа сөздер:** *Қасиетті жер – священная земля;*

*Рухани орталық – духовный центр;*

*Саяси орталық – политический центр;*

*Кесене – мавзолей;*

*Көне – древний.*

(Оқушылар хормен қазақшасын оқиды).

**Сергіту сәті:** Сөздік қорымызды дамыту мақсатында осы жаңа сөздерді пайдалана отырып диалог құрастырамыз.

- Әр халықтың қандай жері, мекені бар?

- Әр халықтың қадір тұтар қасиетті жері, бас иер мекені бар.

- Түркістан, Тараз, Отырар қандай қалалар?

- Бұлар – көне қалалар.

- Түркістан қай халықтың рухани орталығы?

- Түркістан – бүкіл түркі халықтарының рухани орталығы.

- Қандай әлемге әйгілі ескерткіштерді білесің?

- Түркістанда Қожа Ахмет Иассауи кесенесі, Таразда Айша бибі кесенесі бар.

### **Грамматикалық тақырып:**

Етістік дегеніміз не?

Етістіктің түрлері?

Етістіктің неше шағы бар?

Келер шақ – қимылдың, іс-әрекеттің сөйлеп тұрған кезден кейін болатынын білдіреді. Келер шақтың 3 түрі бар:

Болжалды келер шақ	Мақсатты келер шақ	Ауыспалы келер шақ
Іс-қимылдың келешекте болатынын дәл көрсетпей, болжай ғана білдіреді.	Іс-қимылдың келешекте мақсат етіле орындалатынын білдіреді.	Алдағы уақытта болатын іс-қимылды білдіреді.
Етістік + (-ар, -ер, -р)+ жіктік жалғауы.	Етістік+ (-мақ, -мек, -пақ, -пек, -бақ, -бек)+ (-шы, -ші) + жіктік жалғауы.	Етістік+ (-а, -е, -й) + жіктік жалғауы.

Ежелгі Отырар қаласының орнын көруге барармыз.

Жазғы демалыста достарыммен Түркістан қаласына бармақшымын.





## ТӨЛ СӨЗ БЕН ТӨЛЕУ СӨЗ

**Сабақтың мақсаты:** 1) Төл сөз бен төлеу сөзді бекіту;  
2) оқушылардың ән өнеріне деген қызығушылығын арттыру;  
3) қазақ халқының өнерін дәріптей білуге тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** суреттер, әуендер, портреттер, бейне-  
көріністер, деңгейлік тапсырмалар.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.**

**II. Үй тапсырмасын тексеру.** «Өнер сайысы» мәтіні  
бойынша сұрақтарға жауап беру:

1. «Азия дауысы» фестивалі қашан, қайда өтті? 2. Оның  
ұйымдастырушылары кімдер еді? 3. Бұл фестивальда қан-  
дай жүлде берілген? 4. «Алтын домбыра» жүлдегері кім?  
5. 1996 жылы «Азия дауысы» фестивалінің бас жүлдегері  
кім болды? 6. 2001 жылы және 2003 жылы осы фестивальдің  
жүлделі ІІІ орын иегерлері кімдер болды? 7. «Азия дауысы»  
фестивалі елімізде неше жыл бойы өтті? 8. Қазіргі уақытта  
Қазақстанда қандай өнер сайыстары өтіп тұрады?

**III. Төл сөз және төлеу сөз ережесін сұрақ-жауап  
арқылы ауызша қайталау**

**IV. Деңгейлік тапсырмаларды тақтада орындау.**

ІІІ деңгей. Сөйлемдердің тыныс белгілерін қойыңыз.

ІІ деңгей. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

І деңгей. Төл сөздерді төлеу сөздерге айналдырыңыз.

1) Өнер зерттеушісі А.В.Затаевич ... қазақ әншілерінен  
шетелде өнер көрсеткен тұңғыш адам деген болатын.

2) ... Мен Әміредей әншіні сирек кездестірдім деген

сөздері дәл айтылған.

3) ... Әміре әншіліктің ақыны деп жазды.

4) ... Әміре дауысы сұлу да көркем, күшті тенор еді деп жазды.

**V. Интерактивті тақтамен жұмыс.** Ауызша сынақ – «Өнер адамдарының сауалдары».

**Құлақтан кіріп, көңілді алсын. Бойды билеп, ойды алсын. Слайд**

«Ән – көңілдің ажары» тыңдалым слайды арқылы оқушылар әуен авторын, орындаушысын анықтайды.

**VI. Әндердің шығу тарихы туралы «Таныстырылым рәсімін» қорғау** (защита презентации).

**«Менің Қазақстаным» әнінің шығу тарихы** (жеке шығармашылық жұмыс). Слайд – көрсетілім – бейнекөрініс.

«Менің Қазақстаным» әні туралы Шәмші Қалдаяқов былай деген: «Ақмоланы «Целиноград» атап, сол жақтағы 5 облысты 1 өлке етіп, оны Ресей жаққа бермекші болып жүрген кез еді. Қазақ жері осылайша бөлшектеніп жатқанда, оның асқақтығын жырлайтын ән қажеттігін сездім. Содан Жұмекен Нәжімеденовтың сөзіне жазылған осы ән жарық көрді». 1986 жылы 17 желтоқсанда Алматыдағы Республика алаңында бостандық аңсаған жастар осы әнді орындау арқылы өз арманын білдірген еді.

Қазақстан Республикасының Әнұранын орындау.

**VII. «Құстар» әнінің шығу тарихы** (жеке шығармашылық жұмыс) Слайд – көрсетілім – бейнекөрініс.

**VIII. «Жақсыгүл» әнінің шығу тарихы туралы** (жеке шығармашылық жұмыс).

**IX. Бекіту. Көрсетілімдер бойынша сұрақтарға жауап беру. Топтық жазба жұмыс.**

I топ.

1. Бұл таныстыру рәсімі не туралы? 2. Әннің сөзін жазған және әуенін шығарған кім? 3. Әннің шығуына себепкер

болған қай қала? 4. Қай жылы халқымыз бұл әнді Алматыда  
Республика алаңында шырқады? 5. Қазір бұл ән қандай  
мәртебеге ие болды?

II топ.

1. Бұл таныстыру рәсімі не туралы? 2. Әннің сөзін жазған  
және әуенін шығарған кім? 3. Әннің шығуына себепкер  
болған кім? 4. Шәмші Қалдаяқовтың достарын атаңыз.  
5. Шәмші өз қолтаңбасын қандай кітапқа қалдырды?

III топ.

1. Бұл таныстыру рәсімі не туралы? 2. Әннің сөзін жазған  
және әуенін шығарған кім? 3. Әннің шығуына себепкер  
болған не? 4. Сазгер бұл әннің әуенін қайда отырғанда  
ойлайды? 5. Бейне көріністе әннің шығу тарихы туралы кім  
баяндады?

**X. Бағалау.**

**XI. Үйге тапсырма:** «Жақсыгүл» әнінің тарихы туралы  
мәтіннен төл сөздерді төлеу сөздерге айналдыру, әнді жаттау.



Райхан ДӘУЛЕТҚАЛИЕВА,  
Павлодар қаласындағы  
«Дарынды балаларға арналған  
№8 лицей-мектебінің  
қазақ тілі мен әдебиеті  
пәнінің мұғалімі.

## СЕПТЕУЛІК ШЫЛАУЛАР СӨЙЛЕТЕДІ

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** септеулік шылаулардың  
семантикалық және функционалдық қызметін ашып,  
түсіндіру. Сөздік қорды дамыту, дұрыс, сауатты сөйлей

білуге үйрету. Уақыттың қадірін біліп, оны дұрыс пайдалана білуге тәрбиелеу. **Көрнекілігі:** кеспе қағаздар, оқулық, Абай аудармалары. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, іздену, қайталау.

**Сабақтың жүрісі:** Ұйымдастыру.

1. Сұрақ-жауап әдісі бойынша ой қозғау.

- Сендердің бос уақыттарың көп пе? Аз ба?

- Адамның күнделікті бос уақыты болу керек пе?

2. Оқушылардың ой-пікірлерін қорыта келіп, назарларын тақтада жазылған сөйлемдерге аудару.

**Уақыт алтыннан да қымбат. Сондықтан уақытыңды босқа өткізбей, ең қажетті нәрселер үшін қолдан.**

3. Грамматикалық тақырыпқа көшу. Сөйлемдердегі асты-сызылған шылау сөздерге назар аударту.

4. Шылау сөздер дегеніміз не? Түрлері қандай?

5. Септеулік шылаулар туралы не білетіндерін сұрау.

6. Бүгін септеуліктер туралы толығырақ қарастырамыз.

7. Топтарға тапсырмалар беру.

**1-тапсырма.** Бос орынға керекті қосымшаны қойыңыз.

1. Таң атқан... кейін ұйықтамау керек. 2. Шоқан Уәлиханов жиырма... жуық кітап жазған. 3. Мектепке барған... бері не үйрендің? 4. Ол кеш.. қарай үй тапсырмасын орындады. 5. Сабақты түнде оқыған... гөрі таңертең оқыған пайдалы.

**2-тапсырма.** Бос орынға керекті септеулікті қойыңыз.

1. Менің ағам Абай .... үлкен ақын болғысы келеді. 2. Мен түске .... бұл кітапты оқып бітіремін. 3. Мен үш жылдан ... қазақ тілін үйреніп жүрмін. 4. Мен Ұлы Отан соғысы ... шығарма жаздым. 5. Мен сабақтан ... кітапханаға барамын.

**3-тапсырма.** Төмендегі аралас сөздерден сөйлем құраңыз.

1. Мен Абай туралы көп нәрсе үйрендім.

сияқты кітаптан оқып білдім.

арқылы ғұлама болғым келеді.

2. Мен әкем туралы бәріне дайынмын.  
сияқты кітап жазсам деймін.  
арқылы жазушы боламын.  
үшін өмір сүруді үйрендім.

3. Мен сабақтан кейін тамақ ішемін.  
бұрын демаламын.  
соң футбол ойнаймын.

4. Мен төртке таман кітапханада отырамын.  
дейін сенің үйіңе барамын.  
шейін үйде демаламын.  
жақын серуендеуге шығамын

### **8. Әр тапсырма бойынша қорытынды шығару.**

- Септеуліктің алдындағы сөз 4 септікте тұрады.
- Септеуліктер сөзге қосымша мағына береді.
- Септеуліктер әр түрлі тұлғадағы сөзді байланыстырады.
- Септеуліктер түрленбейді.

### **9. Мәтінмен жұмыс.**

Уақытқа байланысты екі топқа мәтіндер таратылады.

Бір философ қайыққа мінеді. Қайыққа орналасқаннан кейін қайықшыдан сұрайды:

- Философия ғылымын білесің бе?
- Жоқ, білмеймін,- дейді қайықшы.
- Қап, өміріңнің жартысы босқа кеткен екен,- деп философ

күлді.

Қайықшы философтың күлгеніне ашуланды, бірақ ештеңе демеді. Бірақ оған жауап бергені үшін өкінді. Біраз уақыт өткеннен кейін дауыл басталды. Қайық үлкен-үлкен толқындардың арасында қалды. Философ қорыққаны үшін қайықтан мықтап ұстайды. Қайық суға батқан кезде қайықшы философқа айқайлайды:

- Жүзуді білесің бе?
- Жоқ, білмеймін,- дейді философ. Сонда қайықшы

айтады:

- Қандай өкінішті! Бүкіл өмірің босқа кетті.
- мәтінді оқып, мазмұнын айту;
- септеулік шылауларды табу;
- қорытынды жасау.

**10. Сабакты қорытындылау.** Абайдың «Шегіртке мен құмырсқа» аудармасынан үзінді оқу (Оқушылар өздері кімнің шығармасы екенін еске түсіріп, айтады).

Тапсырма: I топ – септеулік шылауларды пайдаланып, шегірткенің уақытты қалай өткізгенін әңгімелейді.

II топ – септеулік шылауларды пайдаланып, құмырсқаның уақытты қалай өткізгенін айтып береді.

### 11. Бағалау.

Қазақ әдебиетінен 7-сыныпқа арналған жылдық тесті:

**1. Халық ауыз әдебиетінің тарихи оқиғаларды, адамдардың ерлік істерін бейнелейтін түрі.** а) өлеңдер; ә) батырлар жыры; б) ертегілер.

**2. Тайбурыл кімнің аты?** а) Алпамыс батырдың; ә) Қамбар батырдың; б) Қобыланды батырдың.

**3. Жыраулар поэзиясы қай ғасырларды қамтиды?** а) XV-XVIII ғ.; ә) V-VI ғ.; б) IX-X ғ.

**4. Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі кім туралы?**

а) байдың баласы; ә) кедейдің баласы; б) жетім бала.

**5. Ірі жырау әрі жыршы Сүйінбай Аронұлы кімнің ұстазы болған?**

а) Жамбылдың; ә) Абайдың; б) Шалкиіздің.

**6. Абай өзінің өмірден түйген тұжырымдарын өлеңнен басқа қандай үлгіде жазған?** а) өлең; ә) қара сөз; б) роман.

**7. «Шығамын тірі болсам адам болып» өлеңінде С.Торайғыров не туралы жазған?**

а) денсаулық; ә) білімсіздік; б) оқып, білім алу.

**8. Ерлікті жырлайтын «Ленинградтық өренім» өлеңін кім жазған?** а) Жамбыл Жабаев; ә) Мағжан Жұмабаев;

б) Сұлтанмахмұт Торайғыров.

9. «Бидайдың кеудесін көтергені – дақылы жоқтығы, Жігіттің кеудесін көтергені – ақылы жоқтығы», - деген мақал Ахмет Байтұрсыновтың қандай өлеңінің мазмұнына сәйкес келеді.

а) «Оқуға шақыру»; ә) «Егіннің бастары»; б) «Маса».

10. Жүсіпбек Аймауытовтың «Әнші» әңгімесінің басты кейіпкері кім? а) Әмірқан; ә) Жәлен; б) Шәкет.

11. «Айт күндері» әңгімесінің авторы?

а) М.Жұмабаев; ә) Б.Майлин; б) С.Сейфуллин.

12. С.Сейфуллин кім?

а) саясаткер; ә) қобызшы; б) ақын, қоғам қайраткері.

13. «Көксерек» кімнің әңгімесі?

а) С.Мұқанов; ә) М.Әуезов; б) С.Сейфуллин.

14. Ғ.Мүсіреповтің өзі туралы жазған әңгімесі?

а) «Қос шалқар»; ә) «Оянған өлке»;

б) «Автобиографиялық әңгіме».

15. Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары» повесінің тақырыбы не?

а) табиғатты суреттеу; ә) қазақ халқының мейірімділігі;

б) екі жастың махаббаты.

16. Әңгімеде неміс баласын асырап алған кім?

а) Дәуренбек; ә) Берден; б) Ахмет.

17. Әңгімедегі асықжілік ұстар тойы деген не?

а) бала есейген кезде өткізілетін той;

ә) бала өмірге келген кезде өткізілетін той;

б) тілашар той.

18. Мақалды жалғастыр. Балалы үй – базар, баласыз үй – ..... а) мола; ә) мазар; б) зират.

19. Қадыр Мырза Әли кім?

а) жазушы; ә) ақын; б) публицист.

20. 1979 жылы ақынның қандай өлеңдер жинағы шықты?

а) «Домбыра»; ә) «Мәңгі майдан»; б) «Көктем».



## ЕЖЕЛГІ ҚАЛАЛАР ҚОНАҒЫ – ҚАРСЫЛЫҚТЫ САЛАЛАС

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – қазақтың тарихи қалаларын қайталау. Түркістан, Отырар, Тараз қалаларына шолу жасау. Иассаuidiң кесенесі жайлы әңгімелесу; **дамытушылық** – берілген мәтінді түсініп, сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру; жаңа сөздерді меңгерту, сауатты жазуға төселдіру; өз беттерімен сөйлем құрастыру, қарсылықты салалас құрмаласты қайталау, мысалдар келтіру; **тәрбиелік** – қазақ тілін үйрету арқылы оқушылардың патриоттық сезімін арттыру, оларды өз Отанын сүйеге тәрбиелеу.

### **Сабақтың барысы.**

I. Психологиялық кезең.

II. Сөздікпен жұмыс.

### **Жаңа сөздер:**

*саяхат жасаймыз – отправимся в путешествие;*

*сөзжұмбақ – кроссворд;*

*пойыз – поезд;*

*Көкшетау стансасы – станция Кокшетау;*

*сергіту сәті – физминутка;*


*жасырылған – спрятан, скрыто.*

III. **Сабақты бастау. Мұғалімнің сөзі:** - Құрметті оқушылар, бүгін біз қазақ елінің тарихи көне қалаларына саяхат жасаймыз. Саяхатымыз жақсы болу үшін бізге сөзжұмбақтар көмектеседі. Пойыз орнынан қозғалды.



- Пойыз орнынан қозғалды. Келесі станса қалай аталады?  
Мына сөзжұмбақта екінші станцияның атауы жасырылған.  
Берілген тапсырманы орындап, станцияның атауын шешеміз.

Сөзжұмбақ «Қазақ хандығы».



1. Ұлы жүздің биі.
2. «Төбе би» атанған, шешендік сөздің майталманы кім?
3. Қабанбайдың шын аты - ... .
4. 1680 жылы дүниеге келіп, 1775 жылы қайтыс болған батыр кім?

5. Бөгенбай қандай мектепте оқыған?

– Екінші стансаның атауы – Тараз. Жақсы. Енді Тараз қаласына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

**2-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жазамыз.

**1 сұрақ:** Қай ғасырдан бастап **Тараз** қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналған?

**2 сұрақ:** Тараз қаласында қандай ұлы адамдардың кесенелері бар?

**3 сұрақ:** Қай ғасырдан бастап бірте-бірте халқы азайып, шағын елді мекенге айналады?


ТАРАЗ

VII ғасырдан бастап **Тараз** қаласы Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалалардың біріне айналған. Осында Айша бибі кесенесі мен Бабажы қатын кесенесі, әйгілі ең алғашқы Тараз моншасы бар. X-XII ғасырлар – қаланың ең гүлденген кезі. XVII ғасырдан бастап бірте-бірте халқы азайып, шағын

елді мекенге айналады.

*Пойыз орнынан қозғалды. Келесі станса қалай аталады? Мына сөзжұмбақта үшінші станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап, станцияның атауын шешеміз.*

**Сөзжұмбақ «Қазақ тілін зерттеген ғалымдар».**



1. «Жетісу тарихының шежіресі» еңбегін жазған ғалым кім?
2. «Тюрколог» сөзінің қазақша аудармасы қалай?
3. Қандай ғалым 1884 жылы Орыс академиясына мүше болды?
4. В.В.Радлов түрік тілінде төрт томдық не құрастырды?
5. Сауранбаевтың әкесінің аты - ...
6. Сауранбаев жоғары оқу орындарында не берді?
7. Радлов кіммен бірге Орхон-Енисей жазуын оқиды?
8. Айдаровтың аты - ...
9. Айдаров 10 не жазған?

Үшінші стансаның атауы – Түркістан. Жақсы. Енді Түркістан қаласына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

*Түркістан тарихы:*

*IV – X ғасырларда –*

*IX–X ғасырларда –*

*XII ғасырда –*

*XV ғасырдан бастап –*

IV–X ғасырларда бұл қаланың орнында Шабғар деген үлкен қала болған. IX–X ғасырларда ол жақсы қалалар қатарына қосылып, гүлденеді және осы кезден бастап Иаса (Иассы) деп аталады. Ал XV ғасырдан бастап Түркістан деп аталады. «Түркістан» деген сөз «түріктер мекені, елі» дегенді білдіреді.

**IV. Сергіту сәті.** Мағжан Жұмабаевтың «*Түркістан*» өлеңінен үзіндіні мәнерлеп оқу.

*Түркістан – екі дүние есігі зой,*

*Түркістан – ер түріктің бесігі зой.*

*Тамаша Түркістандай жерде туған*

*Түріктің Тәңір берген несібі зой.*

**V. Мұғалім сөзі:** - *Пойыз ең соңғы рет орнынан қозғалды.*

*Соңғы станса қалай аталады? Мына сөзжұмбақта соңғы станцияның атауы жасырылған. Берілген тапсырманы орындап станцияның атауын шешеміз.*

**Сөзжұмбақ «Кесене».**

				т	ү	р	к	і	с	т	а	н							
ұ	л	ы		ж	і	б	е	к											
				м	е	д	р	е	с	е									
						ө	з	е	н										
						м	о	н	ш	а									
т	ү	р	к	і	л	е	р			е	л	д	е	р	і				

Ең соңғы станция «Кесене» деп аталады. Жақсы. Енді «Кесене» тақырыбына байланысты тапсырмалар орындаймыз.

*Сұрақтар:*

1. Айша бибі кесенесі қай қалада?
2. Ахмет Иассауи кесенесі қай жерде орналасқан?
3. Бабажы қатын кесенесі қай қалада?

**VI.** Ахмет Иассауи кесенесіне тоқталып өтейік.

- *Түркістан дегенде Қожа Ахмет Иассауи еске түседі.*

*Яғни, Түркістан қаласы Қожа Ахмет Иассауи атымен әйгілі болды. Балалар, Қожа Ахмет Иассауи кім болған?*

Ахмет Иассауи – XII ғасырда өмір сүрген ақын, философ.

Білімді, ақын – халық құрметіне ие болған «әулие» атанған.

Оның туған және қайтыс болған жылдары әлі анық емес.

Әлемге әйгілі шығармасы – «Диуани Хикмет».

1397 жылы қаһарлы Ақсақ Темір (әмір Темір, Тимур – завоеватель, полководец Темирлан) А.Иассауидің құлайын деп тұрған күмбесінің орнына кесене салуға бұйрық берді.

Ахмет Иассауи кесенесінде әлемге әйгілі Абылай хан, Қазыбек би, Бөгенбай батыр, Жәнібек батыр, Есім хан, Жолбарыс хан, Ақсақ Темірдің шөбересі Бабыр хан, т.б. жерленген.

**VII.** Күні бұрын берілген Нұраш Жиенғалиұлының «*Армысың, Түркістан*» өлеңін оқушылар жатқа оқиды.

1-оқушы: - Армысың, Түркістандай қаламыз,  
Атың шалқып сілкінгендей санамыз.  
Ұлан-ғайыр он бес ғасыр өткізген  
Кәрі жүрек соғып тұрған данамыз.

2-оқушы: - Халқың сенің қуанады мақтанып,  
Аруақты Түркістанды бақ танып.  
Талай ғасыр дақ түспеген даңқына,  
Кім де болса қайран қалар шаттанып.

3-оқушы: - «Кіші Мекке» – мұсылманның тірегі,  
Түркістанның иесі – қазақ күйеді.  
Әмір Темір өзі бас боп салдырған  
Нұр сәулетті сағанасы киелі.

4-оқушы: - Бұл өлкенің табиғаты тамаша,  
Дария-сулар толқын атқан жараса.  
Имандылық нұрын шашқан осында  
Қожа Ахмет Иассауидей дана ата.

5-оқушы: - Ұлы баба, сөйле бүгін барыңды,  
Көңіліңнен шығар отты жалынды.  
Түркістанның тойлап жатыр дүрілдеп,  
Ұрпағыңмен қарсы ал бірге таңынды.

**IX. Қорытынды. Бағалау.**

- Балалар, бүгін біз қазақ елінің тарихи ежелгі қалаларының толық қайталадық. Ежелгі қалалар туралы білімдеріңді пысықтадыңдар.

**X. Үй тапсырмасы:** М.Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңінен үзінді жаттау.



**Нұржамал ЖАЛМАҒАМБЕТОВА,**

Астана қаласындағы

№31 мектеп-гимназиясының

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## **МЕКТЕП ӨМІРІ – ТІЛДІК ОРТА**

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – мектеп өмірі туралы мәлімет беру, оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру, алған білімдерін өмір жағдаятында қолдана білу; **дамытушылық** – құзыреттілік әрекеттерін ойлау, белсенділіктерін дамыту; **тәрбиелік** – мектепке, ұстазға деген құрмет сезіміне тәрбиелеу.

**Көрнекілік:** интерактивті тақта, слайдтар, бейнесюжет.  
**Түрі:** жаңа сабақ. **Әдісі:** түсіндіру, сөйлесу, әңгімелесу, сұрақ-жауап.

## **Сабақтың барысы:**

### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

Сабаққа дайындықты және оқушының жұмыс жүргізетін орнын тексеру.

Сәлемдесу. Кезекші жұмысымен танысу.

- Бүгін кім кезекші?
- Сыныпта кім жоқ?
- Бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні?
- Жылдың қай мезгілі?
- Қазір қай сабақ?
- Нешінші сабақ?
- Үйге не берілді?

### **II. Баланың білімін тексеру.**

Үй жұмысын сұрау:

а) 3тапсырма; ә) енді тақтаға қарап, оқу құралдары туралы жұмбақтарды шешіп жіберейік.

1. Оқуыма төреші,  
Тоқуыма төреші,  
Парақтасам байқалар,  
Білімімнің өресі,  
Онда және жазылған  
Кестем де бар келесі. (Күнделік)
2. Ата тегі ағаштан болды,  
Ақылын тауып, әсем жанды.  
Теңіз беті шимайланды,  
Бірақ ойым симай қалды. (Дәптер)
3. Білімі берген – сыйасы,  
Балғындардың ұясы (Мектеп)
4. Ілулі тұр кең алаң  
Керегімді мен одан  
Жазып алам көшіріп,  
Сүртем сосын өшіріп. (Тақта)



5. Бір нәрсе білмегенімді білгізеді,

Өзіңді тұрсаң қарап күлгізеді.

Жалғанда әңгімесі сондай қызық,

Жаныңды тыңдай берсең кіргізеді. (Кітап)

6. Білімнің дәнін тереді,

Балаға тәлім береді. (Ұстаз)

**III. Бейнефильм көру** (Әр көріністен соң сұрақтарға жауап беру).

1. №31 мектеп-гимназиясы бойынша көрініс.

– Балалар, таныдық па, бұл қай мектеп? Осы мектепте кімдердің мектеп өмірі өтеді? Мектеп қандай, ауласы қандай? Балалар мектеп ауласында не істейді?

2. 1-қабат.

– Балалар 1-қабатта кім отыр? Күзетшінің қызметі қандай? 1-қабатта кім кезекшілік етеді? Мынау кімнің кабинеті? (Асхана, спорт залы)

3. 2-қабат.

2-қабатта не бар? Біз мұнда не істейміз? Балалар 2-қабатта кім отырады? Кітапханада кім жұмыс істейді? Оның есімі кім? Кітапханада не бар?

Мәжіліс залы.

Мәжіліс залында біз не істейміз?

**IV. Жаңа сабақ: «Мектеп өмірі».**

Алдымен жаңа сөздермен танысайық!

*Шақ – время;*

*Үйрену – учиться;*

*Сыныптас – одноклассник;*

*Құрбы-құрдас – ровесник;*

*Ықыласпен – с вниманием;*

*Балалық шақ – детство;*

*Ұмытылмас – незабываемый.*

1. Сөз тіркесін жасату.

2. Сөйлемдер құрастыру.

3. Сөз таптарына ажырату.

4. Синоним, антонимін табу.

**V. Мәтінмен жұмыс.**

Мәтінді оқып беру. Не туралы айтылған?

Балаларға оқыту.

Мәтін бойынша бір-біріне сұрақ қойдыру.

Түсінігін әңгімелету.

*Ербол – сенің құрдасың. Ол мектепте оқиды. Ербол оқитын мектеп – үш қабатты, жаңа мектеп. Мектеп үлкен әрі жарық. Ол Жеңіс даңғылында орналасқан. Ербол мектепке үлкен ықыласпен барады. Ербол үшін мектеп өмірі – балалық шақтың есте қаларлық кезі. Ол мектепте сыныптастарымен, құрбы-құрдастарымен кездеседі. Олармен бірге оқып-үйреніп, көп білуге ұмтылады.*

*Ербол үшін мектеп өмірі – ұмытылмас шақ.*

**VI. Дәптермен жұмыс.** Бос орынға керек сөзді қой.

1. Кітап ... қазына. 2. Кітап – ғылым, тілсіз ... . 3. Қына тасқа бітеді, ... басқа бітеді. 4. Білімдінің алды ... , Білімсіздің түбі ... . 5. Біліп тұрсаң да, ... .

**VII. Сергіту сәті.** Сөздік ойын – «Жалғасын тап»

1. Есть – бар, (Узкий – тар.) 2. Дорожка – алаша, (Как ребенок – балаша.) 3. Развиваться – даму (Гореть – жану.) 4. Молоко – сүт (Жди – күт.) 5. Работа – іс, (Зубы – тіс.) 6. Бить – ұру, (Установить – құру)

**VIII. Үй тапсырмасы:** 1) мәтінді әңгімелеу; 2) сөздерді жаттау; 3) құрдас, мектеп сөздеріне фонетикалық талдау жасау.

**IX. Сабақты бекіту, қорытындылау.**

Лотерея сұрақтары: 1. «Мектеп» деген сөз қай тілден шыққан? 2. «Мектеп» сөзі қандай ұғымды білдіреді? 3. Алғашқы қоңырау қашан соғылады? 4. Оқушының басты міндеті не? 5. Біздің мектебіміз қай көшеде орналасқан? 6. Сенің мектебің қандай? 7. Өз мектебіңнің тарихы туралы не білесің? 8. Мектебіңнің директоры кім?

**X. Бағалау.**

**XI. «Мектеп өмірі» әнін тыңдау.**

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – СӨЙЛЕУ ШЕБЕРЛІГІНЕН БАЙҚАЛАДЫ

**Мақсаты:** алдыңғы өткен материалдар негізіне сүйене отырып, жоспар құру, оқушылардың білімдерін тереңдету мақсатында қолданатын әдебиеттер көлемін көбейту. Оқушылардың тіл байлығын және шығармашылық деңгейін арттыру. Орыс тілді мектептердегі мемлекеттік тілде сөйлейтін, басқаға үлгі болатын ортаны құру.

**Міндеттері:** а) жас ұрпақтың бойынан ұлттық сана-сезімді оятып, ұлттық дүние танымын байыту, халық тағылымдарын бойына сіңгізу; ә) оқыту мен тәрбие берудегі танымдық материалдарды орынды пайдалану; б) танымдық материалдар арқылы оқушылардың халқымыздың салт-дәстүріне, ұлттық дүниетанымына, мәдениетіне, тарихына деген сүйіспеншілігін арттыру; в) оқушылардың қоғамда тіл мәдениеті мен сөйлеу шеберлігін қалыптастыру.

**3. Өзектілігі:** ата-дәстүрімізді, әдеби мұраларымызды үлгі етіп, ортаға тарату.

**4. Күтілетін нәтиже:** оқушылар аталған тарихи тұлғалардың ерекшелігін, олардың еңбектерін, әдеби шығармаларды жан-жақты оқып, танып біледі, мемлекеттік тілдің деңгейін көтеруге, терең игеруге ұмтылады, әр түрлі іс-шараларға атсалысады.

**5. Жүзеге асырудың түрі:** а) берілген шығармаларды еркін түсініп, өз ойларын жеткізе білетін оқушыларға танымдық материалдардың көлемін ұлғайту; ә) электрондық

оқулықтарды пайдалану; б) аудио-бейне жазбаларын қолдану; в) Қазақфильм үзінділерін мүмкіндік болса көру; г) қазақ драмалық театр қойылымдарына бару; е) қазақ тілі грамматикасын тереңдете беру; д) оқушылардың сөйлеу стилін қалыптастыру.

### **6. Тиімді жақтары:**

а) Оқушылар қазақ тілінің грамматикасын тереңдете білгендері және практикада қолдану мақсатында мазмұндама, шығарма жазады. Әдеби шығармалардан үзінділер, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жан-жақты қамти отырып, оқушылар танысады, өзіндік ерекшелігін біледі, ойлау мен сөйлеу қабілеттерін көркем жеткізуге үйренеді.

ә) Мұғалім жан-жақты ізденеді, құрылған жоспар бойынша материалдар жинақтайды, шығармашылық жұмыспен айналысады, жұмысының қорытындысын оқушылардан көреді.

б) Ата-аналар балаларына көмекке келеді, сол арқылы өздері де ізденеді, мемлекеттік тілдің дамуына атсалысады.

### **Факультативтің міндеті:**

Оқушыларға тіл мен әдебиеттен тереңдете білім беру; Курстың мақсатымен таныстырып, оқушыларды шығармашылыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

Әдеби мұралардан нәр алып, салт-дәстүрді, мақал-мәтелді, көркем сөзді меңгерген, адамгершілік қасиеті бар, отбасын, отанын сүйетін тұлғаны әкелу.

Берілген материалдардың тақырыбын түсіну, тіл байлығымызды күнделікті өмірде қолдана білу, сауатты жазу, жобаларға, байқауларға қатысып, нәтижесін көру.

**2011-2012** оқу жылына жоспарды мына модульді негіз ете отырып құрастырдым. Сабақ жоспары 10 модульден тұрады. Жалпы сағат саны - 68. Олар;

- «Тіл жоқ жерде- халық жоқ».

- Нағыз адамның белгісі – кісілік.
- Өмір-тіршілік және уақыт.
- Халқымыз – қонақшыл.
- Өнер жүйріктері.
- Бұл далада өскен жанда жоқ арман!
- «Жалғасады дәстүрім...»
- Наурыз – шығыс халықтарының мейрамы.
- Ердің анасы - елдің анасы.
- Татулық – табылмас бақыт.

Әр модульға керекті материалдар әр түрлі оқулықтан, әдеби шығармалардың жиынтығынан топтастырылды. Шығармаларды тақырыпқа байланысты таңдап алдым. Сонымен қатар оқушылардың сауаттылығын дамыту мақсатында грамматиканы да өткізіп отырамын.

**II. «Тілге құрмет - елге қызмет»** жобасы бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен факультатив курсына арналған күнтізбелік жоспар.

1	«Тіл жоқ жерде – халық жоқ»	Тіл туралы мақал-мәтелдерге тоқталу. Қазақ тілі туралы мәлімет беру. Грамматика: сингармонизм заңы.	3	1. Мақал – сөздің мәйегі. 2. Қазақ тілі туралы қысқаша мәлімет. 3. Прогрессивті, регрессивті ассимиляция.
2	Нағыз адамның белгісі – кісілік.	Адамгершілік туралы ойтолғау. Әл Фараби еңбектеріне тоқталу. Абайдың кара сөзі. Грамматика: сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.	5	1. Көне дәуір әдебиеті. 2. Ғұлама тұлға. 3. Абайды тыңдасақ. 4. Сөйлем мүшелерінің орын тәртібі.

3	Өмір-тіршілік және уақыт.	Поэзияға тоқталу.	12	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Зар заман ақындары.</li> <li>2. Дулат Бабатайұлы.</li> <li>«Өскен-өнген жеріңіз».</li> <li>3. Сал-серілер поэзиясы.</li> <li>«Ақбұлақ».</li> <li>4. «Замана».</li> <li>5. Ән айтайық: «Гауһар тас», «Ақбақай».</li> <li>6. «Гауһар тас», «Ақбақай».</li> <li>7. Біржан сал.</li> <li>8. «Жамбас сипар».</li> <li>9. Ақан сері.</li> <li>10. Сабақтас сөйлемнің түрлері.</li> <li>11. Сабақтас сөйлемнің түрлері.</li> <li>12. Нәтиже сабақ.</li> </ol>
4	Халқымыз – қонақшыл	Қазақ халқының қонақжайлылығын, туыс атауларының ерекшеліктерін білу, қонақ күту дәстүріне көңіл аудару		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақ – қонақжай халық.</li> <li>2. Туыс атаулары.</li> <li>Болжалды келер шақ.</li> <li>3. Табақ тарту.</li> <li>4. Қонақ үй.</li> <li>5. Төлеген Айбергенов «Бір тойым бар».</li> <li>6. Нәтиже сабақ.</li> </ol>
5	Өнер жүйріктері.	Қоғам қайраткерлері, ақын-жазушыларының өмірбаянымен, шығармаларымен танысу.		<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әбділда Тәжібаев.</li> <li>2. Әбділда Тәжібаев.</li> <li>3. Ғали Орманов.</li> <li>4. Ғали Орманов.</li> <li>5. Жұбан Молдағалиев.</li> <li>6. Жұбан Молдағалиев.</li> <li>7. Мұзафар Әлімбаев.</li> <li>8. Мұзафар Әлімбаев.</li> <li>9. Әбдіжәміл Нұрпейісов.</li> <li>10. Әбдіжәміл Нұрпейісов.</li> <li>11. Шерхан Мұртаза.</li> <li>12. Шерхан Мұртаза.</li> <li>13. Төл сөз бен автор сөзі.</li> <li>14. Нәтиже сабақ.</li> <li>15. Нәтиже сабақ.</li> </ol>

6	Бұл далада өскен жанда жоқ арман!	Табиғат туралы жазылған шығармаларға тоқталу. «Абай жолы», «Көкшетау», тағы басқа шығармалардың үзінділерін оқып, мәнерлеп жатқа оқу.	1. Ш.Уәлиханов. «Ыстықкөл күнделіктері». 2. Мұхтар Әуезов-суреткер. 3. Мұхтар Әуезов-суреткер. 4. С.Сейфуллин. «Көкшетау». 5. І.Жансүгіров. «Гималай». 6. Нәтиже сабақ.
7	«Жалғасады дәстүрім»	«Абай жолы» романынан дәстүрді көрсететін үзіндіге тоқталу, сахналық көрініс жасау.	1. М.Әуезов. «Абай жолы». 2. М.Әуезов. «Абай жолы». 3. Сахналық көрініс. 4. Сахналық көрініс.
8	Наурыз – шығыс халықтарының ұлы мейрамы.	Оқушыларды шығармашылыққа баулу, өз өлеңдері, өнерлері болса, ортаға салу.	1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. «Наурыз» 2. Жүрегімнен жыр жазамын.
9	Ердің анасы – елдің анасы.	Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Шахановтың ана тақырыбына жазылған шығармаларына тоқталу.	1. Ғ.Мүсірепов. «Ананың арашасы» 2. Ғ.Мүсірепов. «Ананың арашасы» 3. М.Шаханов. «Төрт ана» 4. М. Шаханов. «Төрт ана» 5. Ән үйренейік 6. Нәтиже сабақ
10	Татулықтабылмас бақыт.	Шығармалар жазу, әндерді жатқа білу.	1. Қасым Аманжолов. «Дариға, сол қыз». 2. Б.Момышұлы. «Баукеңнің накыл сөздерінен». 3. Ж.Молдағалиев. «Тек қана туған жерден айырмағай». 4. М.Шаханов. 5. Нәтиже сабақ. 6. Нәтиже сабақ. 7. Нәтиже сабақ. 8. Қорытынды. 9. Қорытынды.
			68

### III. I жарты жылдықта жүргізілген жұмыстарға шолу.

2011 жылғы оқу жылына «Тілге құрмет-елге қызмет» тәжірибелік алаңға 10 оқушы келді. Алдыңғы оқу жылынан Сериков Ерғанат басқа қалаға кетсе, екінші тоқсанда Естай Бинұра басқа мектепке ауысып кетті. Сонымен оқушы саны – 9, бір оқушы – Байменов Темірлан қосылды. Оқу жылының басында жаңадан күнтізбелік жоспар құрылды. I тоқсанда 18 сағат жүргізілді. Салыстыру ретінде 10 «г» сыныбы алынды. Балалармен сөздік, диктант жұмыстары жүргізілді. Сабақ жоспары бойынша Абайдың қара сөзінен алып, оқушылармен пікірталас жүргіздік. Жиырма бірінші, жиырма үшінші қара сөзін талдай отырып, қазіргі өмірмен байланыстырып, қорытындыға келдік. «Зар заман», «Сазгер-әншілер» шығармаларымен таныстық. Оларға әдеби талдау жүргіздік. Сабақта Төлеген Бибінұр, Естай Бинұр, Өтенияз Жеңіс жақсы жұмыс істесе, ұлты басқа оқушылардан Ткачева Дина өте жоғары білімін көрсетті. Төмендегі суретте сабақ үстіндегі оқушы жұмыстары көрсетілуде.

2-тоқсан бойынша 21 сабақ өтті. Бұл «Қазақ халқы – қонақшыл» модулі бойынша өткен сабақтар. Сабақ бойынша оқушылар жаңа сөздерді игерді. «Қонақ» сөзіне байланысты сөз тіркестерін білді. **«Қырықтың бірі – қыдыр»**, **«қонақты қусаң құт, ырыс қашады»**, **«қонақпен еріп құт, ырыс келеді»**, **«арнайы қонақ»**, **«құдайы қонақ»**, **«қыдырма қонақ»**, **«қылғыма қонақ»** сөз тіркестерінің мән-мағынасын ашты. Қонақ сөзіне байланысты мақал-мәтелдермен таныс болды. **«Қонақ бір қонса-құт, екі қонса-жұт»**, **«Құтты қонақ келсе, қой егіз табады»**, т.б. мақалдарды тақырып етіп, өз ойларын жазды. Сонымен қатар туыс атауларын толық қамтыдық, онда бұрынғы білетін туыс атауларына жаңа туыс атауларын қоса біліп, ерекшеліктеріне тоқталдық. Мысалы: жиеншар, күшік күйеу, ілік, жекжат, кіндік шеше. Мақал-мәтелдерді тиісті орнында қолданып, жатқа білуді міндеттедік.



«Өз жұртың – күншіл, нағашы жұртың – сыншыл, қайын жұртың – міншіл келеді», «Туысы бірдің – уысы бір», «Құданды құдайдай сыйла», «Жиен назары жаман». Сонымен қатар грамматикаға да тоқталдық. Қазақ халқының бір ерекшелігі кісіні күткенде табақ тарту рәсімінің ерекшелігіне көңіл бөлдік.

**2-тоқсанда ата-аналар жиналысында** Ткачева Дина өзінің жобасы бойынша сөйледі. «Тыйым сөздердің тәрбиелік ерекшелігі» туралы айтты. Дина қажетті материалды жинақтап, өз ойын толық жеткізді. 1-тоқсанның есебі бойынша өткен педагогикалық кеңесте өзім эксперимент бойынша есеп бердім. Мынандай ұсыныс жасалды:

- *Оқушыларды мемлекеттік тілде барлық іс-шараға тарту;*

- *Оқушылар отырған сыныпта басқа пәндерде мемлекеттік тілде кейбір сабақ кезеңдерін енгізу.*

Сонымен қатар кездесетін қиындықтар туралы айтылды. Мұнда сабақ кестесінің қолайсыздығы, сабақ өткізу үшін жоспарланған жоспардың, істің толық іске аспауы, толығырақ айтса, электронды оқулықтарды қолдануда техникалық жабдықтың жоқтығы туралы айтып өттім.

Тәуелсіздіктің 20 жылдығына байланысты мектепте «Тәуелсіздіктің белестері» атты ашық тәрбие сабақтарын өткіздік. Ашық тәрбие сағатына 10-11-сынып оқушылары қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Сабақты өткізуде мынандай оқулықтарды негізге ала отырып, сабақ өткіземін.

Ш.Г.Бектұров, А.Ш.Бектұрова, «Қазақ тілі», А., 2002 жыл, Қазақ әдебиетіне арналған хрестоматия (1,2,3) томдары, Қазақ әдебиеті энциклопедиясы. Сабаққа материалдарды өзім дайындаймын немесе оқушылар интернеттен іздеп, тауып әкеледі. Сабақ мұғалімнің ізденісін қажет етеді.

#### **IV. Эксперименттің болашағы және күтілетін нәтиже:**

- Қазақ тілінің салаларына жекелей тоқталып, тереңдете игереді;

- Теория мен практиканы байланыстыра отырып, өз ойын айтуға, сөйлемді сауатты құруға машықтанады;
- Жан-жақты іздене отырып, өз ойларын ортаға салуға үйренеді;

Қазақ әдебиетінен:

- Бағдарламадан тыс әдеби шығармалармен танысады;
- Әдеби шығармаларды мәнерлеп оқу және түсініп оқиды;
- Авторлардың шығармалардағы айтатын ойын ашады;
- Әдеби көркем сөздерді игеріп, тіл байлығын дамытады;
- Алған білімдерін шығармашылықпен байланыстырады;
- Әдеби мұралардан нәр алып, салт-дәстүрді, мақал-мәтелді, көркем сөзді меңгерген, адамгершілік қасиеті бар, от басын, отанын сүйетін тұлғаны әкелу.
- Берілген материалдардың тақырыбын түсіну, тіл байлығымызды күнделікті өмірде қолдана білу, сауатты жазу, жобаларға, байқауларға қатысып, нәтижесін көру.

Қорыта келе, орыс тілді мектептерде тілді тереңдете оқытудың тиімділігі өте зор. Бұл 2017 жылғы бағдарламаның талабына да сай келеді. Өйткені сол ортада басқаға үлгі болып, әдеби мұрамызды насихаттайтын жастарды тәрбиелесек, бұл біздің де үлесіміз болар еді.



Айгүл БЕКҚҰЛИЕВА,

Алматы қаласындағы

№113 мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті

пәнінің мұғалімі.

## ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ОБЪЕКТІСІ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

**Сабақтың мақсаты:** оқушыларды еліміздің тәуелсіздік алғалы 21 жыл ішіндегі жетістіктерімен таныстыру; **білімділік** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік

рәміздері туралы мағлұмат беру. Қазақстан туралы білімдерін кеңейту; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту. Тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – оқушылардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін арттыру, адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу. Отанын сүйуге, елжандылық қасиеттерін тәрбиелеу.

**Көрнекіліктер:** мультимедия.

**Сабақтың барысы:** Кіріспе.

1) Қанатты сөздер Тәуелсіз ел – Қазақстан,

Жарқыратқан нұрлы өмір шырағым

Көк байрағым еркінділік паш етіп,

Қыран қанат – көкке самғар жыр әнім. Ә.Ысқақбай.

**1-жүргізуші:** - Армысыздар, Құрметті ұстаздар! Мереке-леріңіз құтты болсын!

**2-жүргізуші:** - Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Бұл күнге сан ғасыр бойы армандап жеттік. 21 жыл ішінде тәуелсіз Қазақстан елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелдерінен аман өтіп келеміз.

**1-жүргізуші:** - Барша қазақстандықтар үшін Тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айырықша. Өйткені біз Тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгелдеп, тілімізді, дінімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық.

**2-жүргізуші:** - Тәуелсіздіктің 21 жылдық тарихы да өз ерекшеліктерімен қалды. Біз бүгін атаулы жылдарға тоқталмақпыз.

**1-жүргізуші:** - Міне, бүгін осы мереке құрметіне 7 «Б» сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан» атты сыныптан тыс сабағымызды өткіземіз.

**2-жүргізуші:** - «Тәуелсіз Қазақстан» тақырыбындағы сыныптан тыс сабағымызды ашық деп жариялаймыз.

**1-оқушы:** - Қазақстан Жоғарғы кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанды тәуелсіз мемлекет деп жариялады. Бұл күн – Қазақстан тарихына «Тәуелсіз Қазақстан Републикасының туған күні» деп алтын әріптермен жазылды. Сондықтан да 16 желтоқсан – бүкіл халықтық мереке. Бұл республиканың барлық халықтар үшін маңызды тарихи оқиға болды. Тәуелсіздік республиканың барлық халықтарына еркіндік, бостандық әкелді.

**2-оқушы:** - 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні,

Елдің ұлы мейрамы.

Жаңа шыққан көктемдей,

Жаз күніндей жайдары.

Арымыздай тап-таза,

Жанымыздай шуақты.

Көтерілді биікке

Қазақстан байрағы. *Т.Молдағалиев.*

**3-оқушы:** - Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан. Мемлекеттік тәуелсіздігімізді жариялағаннан бері Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды. Біздің еліміз бір қатар аса беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды.

**4-оқушы:** - «Тәуелсіздік»

Өзіңдікі – Елің де,

Өзіңдікі – Жерің де,

Өзіңді өзің еткен Бақ –

Тәуелсіздік – төрінде.

Орыс, ұйғыр, неміс те

Үміт қосып жеңіске.

Жұдырықтай жұмылды

Келешегі кең іске.

Асқар тау да сенікі,

Бақша, бау да сенікі,

Қалтықсыз жау да сенікі,  
Қатал жау да сенікі,  
Өзіңдікі – Туың да,  
От пен ауа, суың да,  
Жаса, Қазақстаным,  
Белді бекем буын да!

**2-жүргізуші:** - Тәуелсіздігімізді алғаннан бері елімізде көптеген өзгерістер болды.

**5-оқушы:** - Егеменді ел болып, халқымыз өз еркімен тұңғыш Президентін сайлады. Елтаңбамызды, Туымызды белгіледік. Қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. 1991 жылы қазақ жігіті Тоқтар Әубәкіров Ғарышқа ұшып, ұлттың мерейін көтерді. Туған жерімізде талай-талай өзгерістер, жақсы жаңалықтар болып жатыр. Ең Бастысы тату-тәтті ынтымағы мол халқымыз бар.

**6-оқушы:** - «Туған өлкем».

Көгінде күн нұрын төккен,  
Жерінде гүл жұпар сепкен.  
Неткен сұлу, неткен көркем  
Осы менің туған өлкем!

Алтын дәнді даласы бар,  
Ақ күмістей қаласы бар.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туған өлкем!

Ел еңбегі шалқып, тасқан.  
Ел еркіндей бақыт тапқан.  
Неткен сұлу, неткен көркем,  
Осы менің туған өлкем!

**7-оқушы:** - Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1992 жылы Мемлекеттік Туды бекітті. Тудың авторы – Шәкен Ниязбеков. Ту көк түсті. Оның себебі, бүкіл дүниеге көк жүзі, аспан әлемі ортақ. Күн де бәрімізге ортақ. Қыран болса, киелі құс. Ою-өрнек, қазақ елінің танымын білдіреді.

**8-оқушы:** - «Біздің ту».

Айнымайды аспаннан

Біздің ту бояуы.

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Жанатындай өзі отша

Жалын шарпып бетіңді.

Туымыз да қазақша

Сөйлеп тұрған секілді.

**9-оқушы:** - Қазақстан Республикасының елтаңбасы.  
(әңгімелеу)

**10-оқушы:** - «Елтаңба».

Елтаңбасы елімнің

Неткен әйбат, әдемі.

Тұнығындай көңілдің,

Ортада-аспан әлемі.

Құт, береке-шаңырақ

Орын алған ол төрден.

Қанаты қос арғымақ

Екі жақтан көмкерген.

Тәуелсіздік жолында

Талай-талай тер тамған.

Билігі өз қолында,

Еркіндігі – Елтаңбам.

**11-оқушы:** - Қазақстан Республикасының Әнұраны.

**12-оқушы:** - Әнұраны – жан ұраным,

Айтар әнім, сөйлер сөзім.

Ол әні ғой жүрегімнің,

Мың қайталап айтам мұны.

Бүкіл халық қосылып айтқан,

Әннен күшті немене бар.

Бақыт – бірлік – күн талабы,

Тоқтамайды бір әні.

Мәңгі-бақи шырқалады

Республика Әнұраны!

**13-оқушы:** - «Қазақстан картасы».

Оңтүстікке – Алатау

Биіктерін қар басқан.

Алатауда – ақ отау

Алматыға жалғасқан

Жерің түгел бақша-бау,

Соны сүйіп өс, ұлым!

Бір жағыңда – Есілің,

Осы жердің барлығы –

Қазақ жері, ай-күнім!

**1-жүргізуші:** - Қазақстанның жетістіктері.

**14-оқушы:** - Қазақстанның ең үлкен жетістігі – Ұлттаралық келісім мен бейбіт өмірі. Оны біздің елге келген Рим Папасы да атап айтқан болатын. Қазақстан мемлекеті – Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше. Қазақстанның өз армиясы бар. Біздің елімізде жер шарында кездесетін кең байлықтардың бәрі бар. Қазақстан дамыған елдердің қатарына жатады. Біздің республикамызды дүние жүзінің көптеген мемлекеттері біледі.

**1-жүргізуші:** - 1991 жылы тамыздың 29-ындағы «Семей полигонын жабу туралы» жарлық шықты.

**2-жүргізуші:** - 1992 жылғы 2 наурыздан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі.

**1-жүргізуші:** - 1993 жылы 15 қарашасында төл теңгеміз айналымға түсті.

**2-жүргізуші:** - 1993 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелге жастарды оқыту басталды.

**1-жүргізуші:** - 1995 жылғы 24 наурызда Қазақстан халықтары ассамблеясының сессиясы ашылды.

**2-жүргізуші:** - 1994 жылы 6 шілдеде Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады.

**1-жүргізуші:** - 1995 жылы 30 тамызда еліміздің жаңа Конституциясы қабылданды.

**15-оқушы:** - 1995 жылы тамыздың 30-ында өткізілген

бүкіл халықтық референдум Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдады. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, демократиялық құқықтық және әлеуметтік ел ретінде жариялады.

**1-жүргізіші:** - 1998 жылы 10 маусымда жаңа Астананың ресми тұсаукесері болып өтті. 1998 жылы 6 мамырда Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға Жарлық шығарды.

**2-жүргізуші:** - Астана қаласы (әңгімелеу)

**16-оқушы:** - Астана – бас қала (тақпақ айту)

**1-жүргізуші:** - Балалар, Отан деген не? (сұрақ-жауап)

**16-оқушы:** - Көп аузынан түспейтін

Отан деген немене?

Отан деген – Ұлы сөз

Басталады кішіден.

Отан – сенің, ата – анаң,

Отан – досың, бауырың,

Отан - өлкең, астанаң,

Отан – аудан, ауылың.

**2-жүргізуші:** - Мақал-мәтел айту.

Отан отбасынан басталады.	Әркімнің өз жері – жұмақ.
Абыройлы анаң да – Отан, Асқар таудай Әкең де – Отан.	Туған жердің күні де ыстық, Түні де ыстық.
Ағаштың тамыры – өскен жерінде, Адамның жаны – туған елінде.	Туған жердей жер болмас, Туған елдей ел болмас.
Туған жердің жері де көрікті, Елі де сүйікті.	Отан үшін отқа түс – күймейсің.
Отан оттан да ыстық	Отанды сүю отбасынан басталады.
Ел-елдің бәрі жақсы, Өз елің бәрінен жақсы.	Туған жердің қадірін Шетте жүрсең білерсің.

**1-жүргізуші:** - Бұл дүниеде не қымбат?

**2-жүргізуші:** - Бәрінен де Отан қымбат.

**18-оқушы:** - Бәрінен, Отан, сен қымбат!

Алтын бесік секілді

Туып-өскен жер қымбат.

Ақыл, сезім, ой-сана,

Адалдық, достық, ар қымбат.



Өзің егіп, өсіріп,

Орып, татқан нәр қымбат.

Ұлтарақтай болса да,

Ата қоныс жер қымбат.

Адамзатқа дүниеге

Өмір-ау десем ең қымбат,

Дархан тірлік мекенім,

Бәрінен, Отан, сен қымбат!

Викториналық сұрақтар: 1. «Семей полигонын жабу туралы» жарлық қай жылы шықты? (1991 жылы тамыздың 29-ында «Семей полигонын жабу туралы» жарлық шықты.) 2. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толық мүшесі қай жылы болды? (1992 жылғы 2 наурыздан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі). 3. Еліміздің ішкі әскері қай жылы құрылды? (1992 жылы қаңтар). 4. Дүние жүзінің 1 құрылтайы қай жылы, қай қалада өтті? (1992 жылы Алматы қаласында). 5. Төл теңгеміз қай жылы айналымға түсті? (1995 жылы 15 қарашада). 6. «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастарды шетелде оқыту қай жылы басталды? (1993 жылы). 7. Қазақстан Халықтары Ассемблеясының сессиясы қай жылы ашылды? (1995 жылы 6 шілде). 8. Астананы Ақмола қаласына көшіру туралы шешім қай жылы қабылданды? (1994 жылы 24 наурыз). 9. Жаңа Конституция қай жылы қабылданды? (1995 жылы 30 тамыз). 10. Астананың тұсаукесері қай жылы, қай айда өтті? (1998 жылы 10 маусым)

**1-жүргізуші:** - Біздің туымыз – тәуелсіздік, тілегіміз – бейбітшілік, тыныштық.

**2-жүргізуші:** - Еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың бейбітшілігін аман сақтау – әрбір азаматтың борышы.

**1-жүргізуші:** - Осымен «Тәуелсіз Қазақстан» атты сыныптан тыс ашық сабағымыз аяқталды.

**2-жүргізуші:** - Құрметті ұстаздар! Сіздерді тағы да мерекелеріңізбен құттықтаймыз.

# КУЛЬТУРА И БЫТ КАЗАХСКОГО НАРОДА

(Продолжение. Начало в №10 номере)

## Посмотри на посуду – узнаешь хозяйку

Казахи говорят, что посуда в доме многое может рассказать о своей хозяйке. Какое у нее отношение к посуде, такое же к еде и многому другому. У хорошей хозяйки, прежде всего, посуда безукоризненно чистая.

Народные умельцы изготавливали посуду из природного материала: из древесины дуба и березы, из чугуна, золота, серебра, из шкур животных. Ниже описаны некоторые виды посуды, используемой казахским народом.

**Казан** – в народе его называют не просто казан, а кара казан (здесь: *кара* - священный).

Казан отливают из чугуна в виде полушария с четырьмя ушками разной величины для удобства захвата.

**Саба** – сосуд (большой бурдюк) для кумыса, изготовленный из специально обработанных, окрашенных краской из коры тальника цельных лошадиных шкур (примерная емкость – 100 литров). Дно сосуда широкое, а верхняя часть более узкая. Сшивали *саба* нитками из верблюжьей шерсти. К горловине пришивали шнурки для подвешивания.

**Мес** – бурдюк из цельной козлиной шкуры, использовали для хранения и перевозки жидкой пищи: кумыса, шубата, айрана. Для изготовления *меса* шкуру обрабатывали, вычищали, красили краской из коры тальника и коптили. *Мес* был очень удобен в дороге.

**Ожау** – черпак с длинной ручкой из цельного куска дерева, украшенный узорами.

**Табак** – большое круглое блюдо для вареного мяса. Изготавливается из высушенной древесины дуба, березы, которую вначале кипятят в воде, а затем выстругивают *табаки* разного размера.

**Күбі** – высокий деревянный сосуд с мутовкой для взбивания кумыса, айрана, шубата, масла.

**Піспек** – мутовка для взбивания, взбалтывания напитков в *куби*. Длинная ручка выступает наружу через высверленное в крышке отверстие, нижняя часть плоская (по объему *куби*) и круглая. Ручку украшают серебряными пластинами.

**Қарын** – сосуд для хранения масла, топленого сала из выделанного желудка коровы или овцы.

**Қауға** – бадья.

Каждое важное событие у казахского народа связано с той или иной традицией, зародившейся в глубокой древности. Исторически сохранный народом целый комплекс обычаев наполняет смыслом жизненный путь человека, не дает ему сбиться с этого пути. Если бы родители, учителя, аксакалы сумели пробудить в молодежи стремление следовать народным традициям, наше общество стало бы намного нравственнее.

Однако обычаи и традиции оказывают воспитательное воздействие только в тех случаях, если наставники сами неукоснительно придерживаются их.

### Ас қайыру

**Ас қайыру** – благопожелание дастархану. Каждую трапезу казахи начинают со слова «*бисмилла*», а завершают благопожеланиями. Этот обычай не утратил своего значения и по сей день. В устном народном творчестве существует множество вариантов *ас қайыру*. Обычно его произносит почетный гость или самый старший среди присутствующих.

Домочадцы со словом «аумин» проводят ладонями по лицу.

Без благопожелания дастархану вставать из-за стола нельзя.

В повседневной жизни встречаются производные от слова *жол*: *жолын алу* (взять на себя что-либо), *жолын беру* (передать свои права), *жоралгы жасау* (сделать что-либо по обычаю).

Изречение «*Орамал тон болмаса да, жол болады*» («Платок не послужит как шуба, однако указывает на порядок») сродни пословице «Дорог не подарок, дорого внимание», т.е. нет причин не оказать должного внимания кому бы то ни было. «*Е, Құдайым, тіземнен сүріндірсең де тілімнен сүріндірме*» (букв. «Бог мой, пусть споткнусь и упаду на колени, но не дай споткнуться словесно»), «*Аттан құласам да, жолдан құлатпа*» («Пусть упаду с лошади, но не дай упасть в грязь лицом»). Эти выражения говорят сами за себя. Казахи считали величайшим позором прослыть непочтительными и никогда не пренебрегали *жол*.

Известна такая история. Знаменитый *сал* (человек, наделенный даром петь, сочинять, играть на музыкальных инструментах) Шарке из Арки был в натянутых отношениях с *торе* (знатный человек) Чингисом. В одной из поездок Чингис зная о бедности Шарке, дабы унижить его, прибыл в аул Шарке со своими нукерами (свита, личная охрана). Чтобы уважить гостей, сал Шарке пошел резать своего единственного коня. Потрясенный Чингис бросился к Шарке, умоляя не забивать коня. Но сал Шарке со словами «Если зарежу - конь умрет, если не зарежу - то умрет сам Шарке» перерезал горло своему коню.

Как справедливо отметил Шарке, для казахов считалось равносильным смерти нарушить традицию *жол-жоралгы*, ибо соблюсти ее было делом чести не только для отдельно взятого человека, но и для всего народа.

## Келін қолынан шэй ішу

**Келін қолынан шэй ішу** (чай из рук снохи). На второй день после завершения свадебной церемонии домочадцы и близкие собираются на чай, который собственноручно готовит молодая сноха. Она ставит самовар, жарит румяные баурсаки, накрывает дастархан. Она же разливает чай.

В этом обычае заложен двойной смысл. Во-первых, испытываются домовитость и сноровка молодой снохи. Сноха должна все делать бесшумно, не стучать посудой. Во-вторых, для свекра и свекрови выпить чаю, приготовленного снохой, не только большая радость, но и повод порадоваться за сына, которого они вырастили, за его избранницу-помощницу по хозяйству.

Молодая же сноха после этого чаепития считается полноправным членом семьи.

## Қыз алып қашу

**Қыз алып қашу** (украсть девушку). По традиции молодым людям подбирали пару родители. Однако некоторые жигиты, вопреки родительской воле, выкрадывали своих возлюбленных. Кража невесты обычно заканчивалась распрями, так как в то время практически не было «свободных» девушек: их засватывали с раннего возраста.

Калкаман выкрал красавицу Мамыр и женился на ней, как и Кебек воссоединился с любимой Енлик, однако эти истории имели печальный исход. Младший брат Абая, образованный сын Кунанбая Халиолла Оскенбаев (1849-1870), в свое время выкрал свою возлюбленную, однако суровые законы того времени их разлучили.

Иногда *қыз алып қашу* совершался по обоюдному согласию любящих сердец, иногда - против воли девушки.

## Обычаи и традиции, связанные с едой, трапезой

**Ас** – поминки по знаменитым людям, батырам, биям, баям, устраиваемые ровно через год после их кончины. Для

угощения забивают несколько сот голов скота, заготовливают несколько тысяч ведер кумыса. Устраивают состязания борцов, конные скачки. На ас приглашают уважаемых людей издалека.

**Ауыз тию** – традиция, согласно которой человека, внезапно прибывшего к трапезе, обязательно угощают.

**Ауызашар** – вечернее угощение постящихся соседей, за что хозяева получают благопожелание.

**Жолаяқ** – угощение по поводу отъезда гостя.

**Ерулік** – угощение в честь новоселов.

**Ет қайтар** – древняя традиция казахов приглашать на последнее мясо *согыма*. Его также называют *қан қағар*.

**Күзем шэй** – приглашение на чай. Каждое начинание и благополучное завершение любого дела казахи не оставляли без внимания, например, после стрижки овец каждый дом по очереди приглашал друг друга на чай.

**Ораза** – пост, одна из пяти заповедей мусульман. Постящийся в течение 30 дней не употребляет пищу в течение светового дня. Утром, до восхода солнца, он завтракает, а вечером, после заката солнца, выполняет обряд *ауыз ашу* (принимает пищу).

**Сарқыт** – гостинцы для детей и внуков (с праздничного дастархана).

**Тоқымқағар** – угощение по случаю отъезда кого-либо из членов семьи или первого выезда мальчика на коне.

**Шашу** – осыпание. Во время большого события, свадьбы, сватовства на виновников торжества бросают сладости или монеты.

### **Теплое слово – опора для души**

При встрече с кем-то человек говорит: «*Ассалаумағалейкум!*» («Да осветит вас свет!»), а тот отвечает: «*Уағалейкумассалам!*» («И вас осветит свет!»). Утром встретившиеся люди желают друг другу: «*Қайырлы*

*таң болсын!» («Желаю доброго утра!»).*

В праздничные дни Наурыза не следует забывать говорить: «*Ұлыс құтты болсын!»*, «*Төрт түлік ақты болсын»*, что означает: «Величественный день Наурыза принесет удачу!», «Пусть домашние животные будут молочными».

На Новый год обычно говорят: «*Жыл құтты болсын!»*, «*Бақыт, табыс жылы болсын!»* («Да будет год благодатным!», «Пусть будет годом счастья и успехов во всем!»).

При входе в дом человек обязательно приветствует *шаңырақ*. Хозяин дома принимает приветствие (если он младше по возрасту) и сам приветствует гостя словами: «*Қош келдіңіз!»* («Добро пожаловать!») и «*Төрге шығыңыз»* (здесь: *төр* - почетное место для гостя, *шығыңыз* - проходите).

В вечернее время, входя в дом, говорят: «*Кеш жарық»* - «Добрый вечер».

Собравшиеся на той желают друг другу, чтобы празднество продолжалось: «*Той тойға ұлассын!»*. Принимающие поздравления отвечают: «*Айтсын!»*, «*Айтқаның келсін!»* — «Да будет так», «*Бірге болсын»* - «Взаимно».

Присоединяясь к собравшимся, вновь прибывший входит со словами: «*Орта толсын!»* («Да пополнятся ваши ряды!») Домочадцы отвечают: «*Кемісі сізбен толсын!»* («Да восполнится вами!») и предлагают гостю почетное место.

Прибывший во время работы или какого-либо дела говорит: «*Іске сәт!»* («Желаю удачи!»), ему отвечают: «*Айтсын!»* («Да сбудется!»).

Новобрачным желают: «*Кұсың құтты болсын»* («Пусть птица удачи принесет счастье!»), «*Отау берік болсын!»* («Да будет крепким ваш очаг!»).

Прибывшие во время трапезы говорят: «*Ас дәмді болсын»* («Да будет вкусной ваша трапеза»).

*(Продолжение следует).*

**Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –  
Казахский язык и литература в русской школе” –**  
ай сайын шығатын республикалық  
ғылыми-педагогикалық журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:**

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларын-  
дағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.  
**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№1402-Ж** Куәлігі берілген.

Басуға 06.11.2012 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 1400. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

**Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,**

**Гайдар көшесі, 123-үй.**

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

**Электрондық пошта: KazUlagat@mail.ru**

**Басылатын жері – «Хай Текнолджи» полиграфиялық  
кешені. Алматы қ., Мыңбаев көшесі, 43.**

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ  
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -  
Казахский язык и литература в русской школе»,  
№11, 2012 ж., 144 бет, Алматы.